Сыр бойы

9 қараша сенбі 2013 жыл №167-168 (18666-18667)

Қызылорда облыстық газеті

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП

**Бұл жөнінде ҚР Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешов мәлімдеді. Атап өту керек, 11 қазан күні Ақордада өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысы барысында Мемлекет басшысы Н.Назарбаев индустрияландыру жобасына қатысты Үкімет мүшелеріне нақты тапсырма жүктеген болатын.**

# ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 7 ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Әсет Исекешов БАҚ өкілдеріне Елбасы тапсырмасына байланысты атқарылып жатқан жұмыстардың бір парасын таныстырып өтті. Оның айтуынша, 2013 жылы Индустрияландыру картасына шамамен 500 млрд. теңгені құрайтын 140 жобаны енгізу жоспарланған. Жобалар толық жүзеге асқанда 13 мың тұрақты жұмыс орны пайда болады. Осы жылдың желтоқсан айында Индустрияландыру картасының 7 ірі жобасы іске қосылады. Сондай-ақ, биыл 6 жобаның құрылысы басталады.

– Олардың қатарында Атырау облысындағы газ-химия кешені, Жамбыл облысындағы еурохимиялық тыңайтқыш зауыты, Өскемендегі көлік зауыты бар. Барлық жобалар бойынша осы жылы 1,5 трлн. теңгені құрайтын инвестиция тартылады деп күтудеміз,– деп атап өтті Әсет Исекешев.

Әсет Исекешев Индустрияландыру картасына жобаларды іріктеудің жаңа шарттары туралы айтып берді.

– Индустрияландыру картасының бірінші кезегіндегі бірқатар жобалар проблемалық болып табылады,– деді ол.

Ақтаудағы планшет өндіру, Қарағанды қаласындағы ұшақ жасау жобалары осылардың қатарына жатады. Осыдан да Индустрияландыру картасына жоба іріктеу тәсілдері қайта қаралып, шарттары өзгертілді. Алдағы уақытта жобаның экспортқа бейімділігі, еңбек өнімділігі, қосылған құнның жоғарылығы сияқты өлшемдерге баса назар аударылады. 2012-2015 жылдары түскен жобалар жан-жақты сараптаудан өткізіліп, олардың қатары едәуір азаяды.

Баспасөз мәслихатында Әсет Исекешов ҮИИД бағдарламасының жобаларын іске асыру жауапкершілігі өңірлер мен орталықтың арасында жүктелгендігін де атап өтті.

– 2011 жылдың аяғында біз жобалар үшін жауапкершілікті өңірлер мен Үкіметтің арасында бөлістік. Үкімет 43 жобаны іске асыру бойынша жауапкершілікті өз мойнына алды, олар – Балқаш стансасы, мұнай-химия кешені, тыңайтқыштар өндірісі, яғни, Үкіметтің шешімін талап ететін ірі жобалар мен ірі өндірістер. Қалған жобалар, негізінен шағын және орта бизнеске қатысты жобалар, өңірлік Карталардың қарамағына берілді және олар үшін өңірлік билік жауапты,– деді ол.

– Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңінде 50 заңнамалық акт, 23 салалық бағдарлама, 16 өңірлік бағдарлама әзірленді және мүлдем жаңа индикаторлар енгізілді, олар– еңбек өнімділігі, шикізат емес өнімдер экспорты, энергия тиімділігі және көрсеткіштер. Бұл жүйелі мәселелерді біз өте маңызды санаймыз,– деді ол. Сонымен қатар, ол бағдарламаны жүзеге асыру барысында шешімін тапппаған мәселелер барын да жасырмады.

Бәсекелестікті, шағын және орта бизнесті, инфрақұрылым, кадрларды даярлау бағытында әлі де толық шешілмеген мәселелер бар. Үкімет бағытындағы осы олқылықты Мемлекет басшысы дөп басып, жағдайды тез арада түзеуді қатаң тапсырды. Енді бір айдан кейін ҮИИД бағдарламасының 2013 жылғы қорытындысы шығарылады.

Ә.Исекешов мемлекет дамуында маңызы зор бағдарламаның жүзеге асуы жайлы толық есеп беруге дайын екендіктерін мәлімдеді.

2-бет

● II «БАЙҚОҢЫР» ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМЫ ҚАРСАҢЫНДА

# ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯ ТҮРЛЕНЕ ТҮСЕДІ

## ванадий өндірісінде бірнеше жобалар жүзеге асады

**Сыр өңірінде қазына қазанына құйылып жатқан қаржы негізінен тау-кен саласынан түсіп тұр. Өнім өндіруде агроөнеркәсіптің үлесі болмашы ғана. Дәлірек айтқанда, қара жердің қойнықонышын ақтарған мұнайшы қауым облыстың қаржы қазанының 95 пайыздан астамын толықтырып отырған жағдайы бар. Қалған бөлігі өзге салалар үлесіне тиеді. Әрине, Қызылорда топырағында өндірісті өркендетуге басқа да мүмкіндіктер жетеді. Әлі кәдеге аса қоймаған тың жобалар да баршылық. Бұл игіліктер өңірдің өнеркәсіп саласының өрге басуына өз әсерін тигізетіні анық.**





Бүгінгі күнге дейін облыста өңдеу өнеркәсібі баяу дамып келеді. Болашақта шикізатқа тәуелділіктен арылу негізгі мақсаттың біріне айналып отыр. Бұл мақсатта Сыр өңіріндегі пайдалы қазбалардың қорын таразыға тарта отырып, нақты іс-шараларды жүзеге асыруға мән беруіміз қажет. Сыр жерінде қазба байлық қоры жетеді. Мамандар минералдық шикізаттың мол екендігін тілге тиек етеді. Тіпті, әлі де түрен тие қоймаған аймақтар да аз емес. Әлемде ванадий элементі жоғары бағаланады. Сол байлықтың 60 пайыздан астамы осы өңірдің еншісіне тиеді. Бүгінгі күні Қаратаудың қойнауында жатқан ванадийді игеру ісі қолға алына бастады. Алайда, бұл іс әлі күнге дейін өз деңгейіне жете қойған жоқ.

Шиелі ауданындағы «Баласауысқандық» кен орнындағы ванадий өндірісіне үлкен үмітпен қарап отырған жайымыз бар. Өйткені, сол өндіріс ошағы аумағында көптеген кәсіпорындар іске қосылады деп күтілуде. Жоба шеңберінде жалпы қоры 800 мың тоннаға жуықтайтын ванадий өндірісінің төңірегінде қосалқы өндіріс көздерін ұйымдастыру ойластырылған. Атап айтқанда, олардың қатарында қуаттылығы 150 мың тонналық ферроқорытпа өндірісі, қуаттылығы 12 мың тоннаға жететін кремний карбиді өндірісіне мән беріледі. Сондай-ақ, күн мен жел стансаларына арналған ванадий аккумуляторларын жасау, күкірт-бетон өндірісі, тыңайтқыштар өндіруді ұйымдастыру, қатты тұздалған жерлерді тұзсыздандыру үшін қолданылатын сорбент өндірісін ұйымдастыру ойластырылуда. Аталмыш өндіріс көздерін ашу үшін тиісті қаржы институттары және жеке инвесторлар арқылы инвестиция тарту және болашақта аталмыш кен орнында арнайы экономикалық аймақ құру жоспарланып отыр.

Мамандардың айтуынша, облыста моноэкономика қалыптасқан. Дегенмен, олардың барлығы дерлік шикізат күйінде ғана өндіріледі. Алдағы уақытта өндіріс саласының өндірісін кеңейтуге басымдық көрсету негізгі талаптың біріне айналып отыр. Бүгінгі таңда өңірдегі өндіріс пен өңдеу саласы төменгі деңгейде екені жасырын емес. Сондай-ақ, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі де басқа аймақтармен салыстырғанда аз болып тұр. Бір ғана деректің өзі көп нәрсені аңғартады. Мәселен, жан басына шаққандағы шығарылған өнім көлемі Қарағанды облысымен таразыға тартқанда 10 еседей төмен.

Шындығын айтқанда, қалың қауым ванадий жайында мардымды ештеңе біле бермейді. Оны 1801 жылы алғаш рет Мексика минерологы А.М. дель Рио ашқан. Швед химигі Н.Г.Сефстрем 1830 жылы темір рудаларынан жаңа элемент алып, оны Скандинавия мифологиясындағы сұлулық құдайы Ванадистің құрметіне ванадий деп атаған. Уақыт өте келе оны өңдеуге де мән берілді. 1869 жылы ағылшын химигі Г.Роско хлорлы ванадийді (VCL2 ) сутекпен әрекеттестіріп, таза 95 пайыздық ванадий бөліп алды. Ол ашық сұр түсті металл саналады, қалыпты жағдайда химиялық активтігі өте нашар. Ал жоғары температурада ұнтақ күйіндегі ванадий оттегі, азот, хлор, күкірт және өзге де элементтермен оңай әрекеттеседі. Болатқа қосқанда оның мықтылығы артады. Ол көбіне автокөліктер өндірісінде мотор, цилиндр, білік және басқа да дүниелерді жасауға жұмсалады. Ванадийдің темірмен қоспасы феррованадий түрінде өндіріледі.

Өндірісте оның қосылыстарының маңыздысы ванадий ангидриті қызғылт түсті болып келеді, суда, сілтілерде қатты зат жақсы ериді. Бұл күкірт қышқылын понтан әдісімен өндіргенде катализатор ретінде кең түрде пайдаланылады. Ванадий Қазақстанда Қаратау аймағында көптеп кездеседі. Ванадийдің басқа қосылыстары мұнайдан бензин алуда, спиртті тотықтырып, сірке қышқылын және резина, шыны, керамика бояу, сурет материалдарын өндіруде, медицинада қолданылады.

2-бет

# КЕЛІСІМ КӨКЖИЕГІ



Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен “Өңірлердегі этноәлеуметтік және этноконфессиялық үдерістерді тиімді басқару” тақырыбындағы семинар өз жұмысын қорытындылады. Семинардан түйген ойларын ортаға салуға жиналған тыңдаушылар дәрістер мен пікірталастардың маңыздылығын атап өтті. Қорытынды шараға облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова қатысып, елдің саяси тұрақтылығын сақтау ұдайы бақылауда болатынын айтты.

Семинар-тренинг бағдарламасын әзірлеуші, Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығының жетекшісі Айгүл Сәдуақасова мемлекеттік басқару ұйымдарына қоса, қоғамдық бірлестіктердің атқаратын жұмысының маңызына тоқталды. Үш күндік дәріске қатысқандар өз пікірлерін ортаға салды. Тілдерді үйретуші мамандардың тапшылығы туралы мәселе көтеріліп, оны шешу жолдары ұсынылды.

Шара соңында семинарға қатысушыларға сертификат табысталды.

**М.МЕРЕЙ.**

Сыр бойы

газетіне 2014 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

**Басылымның алты айға жазылу бағасы**: жекелер үшін – 2750, мекемелер үшін – 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін – 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.

**Бейсенбі күні облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаевтің төрағалығымен облыстық құрылыс жөніндегі комиссияның кеңейтілген отырысы өтті. Селекторлық режимде өткен мәжіліске тиісті сала басшылары, жобалаушы ұйымдар өкілдері мен құрылыс компанияларының жетекшілері қатысты.**

# АРАЛДА АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫСТАР НЕГЕ КӨП?

Мәжіліс күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Атап айтқанда, Қызылорда облысы бойынша республикалық және жергілікті бюджет есебінен құрылысы жүргізіліп жатқан нысандардың барысы және 2013 жылы пайдалануға берілетін нысандардың уақытылы тапсырылуын қамтамасыз ету, екінші мәселе, облыста тұрғын үй құрылысын дамыту туралы, соңғысы, құрылыс саласы бойынша нормативтік-құқықтық актілер талаптарының сақталуы. Алғашқы мәселе бойынша облыстық құрылыс басқармасының басшысы Сержан Нәметшаның баяндамасы тыңдалды. Оның мәлімдеуінше, ағымдағы жылы республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 29 миллиард теңге бөлініп, ол бойынша 72 нысанды пайдалануға беру жоспарланған. Қазіргі таңда 35 нысан қолданысқа берілген. Білім беру саласы бойынша 40 нысанның құрылысы жүргізілуде, оның 30-ы мектеп болса, 10-ы балабақша. Жыл басынан бері сегіз мектеп пен бес балабақша ел игілігіне берілген. Дәл қазіргі уақытта 27 нысанның құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін тағы 15 нысанды қолданысқа беру көзделуде. Үстіміздегі жылы білім саласы құрылыстарын жүргізуге 10,6 миллиард теңге шамасында қаржы бөлінген. Бүгінгі таңда 7,4 миллиарды игерілген.

Денсаулық сақтау саласы бойынша 25 нысанның құрылысы жүргізілуде. Жыл басынан бері 11 нысан пайдалануға берілсе, 14-нің құрылысы жүргізілуде, оның 12-н жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Үстіміздегі жылы денсаулық сақтау нысандарының құрылысына 4 миллиард 825 миллион теңге қаралып, оның 3 миллиардтан астамы игерілген. Сонымен бірге, 1 миллиард 390 миллион теңге мәдениет саласына бөлінген. Құрылыс басқармасы басшысының айтуынша, мерзімінде аяқталуы белгісіз күйде тұрған құрылыс нысандары да бар. Олардың қатарында Сержан Нәметша Арал ауданына қарасты Тоқабай ауылындағы 100 орындық мектепті атады. Құрылыс мердігері – «Глобал констракшн» компаниясы. Мектеп құрылысына бөлінген 379 миллион теңгенің 150 миллионы ғана игерілген. Қазіргі уақытта сот шешімімен құрылыс жұмыстары тоқтатылған. Өкінішке орай, мұндай мердігер компаниялар қатары баршылық. Мысалы, «Арғын-құрылыс» ЖШС да Сексеуіл кентіндегі клуб құрылысын неше жылға созып келген. Нәтижесінде бас мердігерге қатысты қылмыстық іс қозғалған. Аралқұм және Қамыстыбас ауылдарындағы дәрігерлік амбулатория құрылыстарына 170 миллион теңге қаралған. Бас мердігер компания «Майдан-құрылыс» ЖШС аталған қаржының тек 56 миллионын ғана игерген. Аралдағы 300 орындық мектеп құрылысына да бөлінген 135 миллион теңгенің бас мердігер – «Инжстрой-Қызылорда» компаниясы ағымдағы жылдың 1 қарашасына тек 46,8 миллионын ғана игерген.

Келер жылы аймақта қызмет істейтін құрылыс компанияларының жұмысына кең көлемді тексеріс жүргізілетін болады. Ол бойынша ерекше айыпты болғандар тендерге қатыстырылмайды.

– Онан да өзге өңірлерден адал жұмыс жасайтын мердігерлерді шақырған дұрыс,– деп атап айтты Н.Әлібаев. – Міндетті жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтай алмаған компаниялардың істерін сотқа тапсыру керек, мәселе заңды түрде шешілсін.

Өз кезегінде құрылысшылар да жұмыс барысында туындайтын түйткілді мәселелер туралы ашып айтты. Әсіресе, жобалау-сметалық құжаттардағы баға саясатына қатысты келіспеушіліктерін жеткізді.

Отырыста облыстағы тұрғын үй құрылысына қатысты облыстық құрылыс басқармасы бастығының орынбасары Майра Барақбаева баяндама жасады. Соңғы үш жылда облыста жалпы көлемі 830 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. «Қолжетімді баспана- 2020» бағдарламасы негізінде облыста үш жылда шамамен 1,3 миллион шаршы метр тұрғын үй беру көзделуде. Бағдарлама бойынша салынып жатқан баспаналар бірнеше санатты, атап айтқанда, арендалық, «Тұрғынүй жинақбанкі» арқылы жас отбасыларына сатып алу құқығы бойынша және «Тұрғынүйжинақбанкі» жүйесі арқылы барлық азаматтарға беріледі.

Отырысты қорытқан комиссия төрағасы, облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев тиісті сала басшыларына, аудан, қала әкімдеріне биылғы жылы тапсырылуы тиіс құрылыс нысандарының уақытылы аяқталуын қамтамасыз етуді және мәжілісте көтерілген мәселелер бойынша жұмыс жасауды жүктеді.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# Астанада геологиялық зерттеулер орталығын құру көзделіп отыр

Премьер-министрдің орынбасары – ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев БАҚ өкілдеріне Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін атқарылып жатқан жұмыстар барысын баяндай отырып, Астанада геологиялық зерттеулер орталығын құру көзделіп отырғанын жеткізді.

– Жер қойнауын пайдаланудың геологиясына қатысты бірқатар проблемалар қордаланып қалды. Осыған байланысты, Мемлекет басшысы жұмысты жандандыру бойынша тапсырма берген болатын. Сол себепті, осы жылы Геология комитеті, Қазгеологияның командасы жаңартылды. Осы саладағы белгілі сарапшылар мен шетелде білім алған мамандарды қатыстыра отырып, геологияны дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірледік, – деді ол.

Елбасы жеке инвестициялардың геологиялық барлау жүргізуін оңтайландыратын заң жобасын жыл соңына дейін Парламентке жолдауды тапсырғандықтан, қазір заңнамалық база толық өзгертілуде. Жыл соңына дейін Австралия, Корея және Жапония мемлекетттерінің компанияларымен 4 келісімшарт жасалады.

Ғылыми және лабораториялық база құру мәселесі де шешімін табады. Қазір мамандар дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жалпы, геология саласында Австралия мен Канаданың тәжірибесі негізге алынбақ.

1-бет

# ЖЕР ИЕСІЗ ДЕМЕҢІЗ...

Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы облыс көлемінде жерді пайдалану мен қорғауға бағытталған жұмыстарды атқарып келеді.

Облыс аумағында 2013 жылдың 9 айында жүргізілген тексерулер нәтижесінде 396 заң бұзушылық фактісі анықталып отыр.

Анықталған құқық бұзушылықтардың 193 құқық бұзушылығы, яғни 49% мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иелену бойынша анықталып, нәтижесінде заң бұзушылықтарға жол берген жеке және заңды тұлғаларға 67114,74 мың теңге айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылған.

Яғни, жеке және заңды тұлғалар жер учаскесінде құқықты белгілейтін (жергілікті атқарушы органның жер учаскесін табыстау туралы қаулысы) құжаттарын рәсімдеп алмастан мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленіп отырғаны анықталған.

Бұл ретте жер учаскелерінің меншік иелері өздеріне құжат бойынша тиесілі жер учаскелерінен тысқары шығу, жер учаскесіне тиісті құжаттарын мүлдем рәсімдеп алмауынан немесе жер учаскесіне тиісті құжаттарын рәсімдеумен қатар, яғни жер құжаттарын толық рәсімдемей мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленуден туындап отыр.

Қазақстан Республикасында жерге мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

Қазақстан Республикасы «Жер» кодексі республика аумағында жер қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық актісі болып табылады.

Ал, Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 118-бабында (Мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иелену немесе айырбастау не жерге мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жанама нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сондай-ақ уақытша иеленген мемлекеттік жерді уақытылы қайтармау) – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы орайда, облыс аумағындағы жеке және заңды тұлғалар өз қызметінде Қазақстан Республикасы жер заңдылықтарының сақталуына аса мән беру қажеттігіне назар аударғымыз келеді.

**Қ.СЕРІКБАЕВ,**
**Қызылорда облысы бойынша аумақтық жер инспекциясының бөлім басшысы.**

# ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯ ТҮРЛЕНЕ ТҮСЕДІ

Қаратаудың қойнауында жатқан ванадийді игеру ісі әлі күнге дейін өз деңгейіне жете қойған жоқ. Аталмыш кен орны алғаш рет 1942 жылы ашылған. Алайда, кеңестік кезеңде оны өндіру ісі түрлі себептермен қолға алынбай келді. Ол уақытта ванадийді өндіру мен өңдеуге арналған талапқа сай технологияның жоқтығынан бұл жұмыс 70 жылға жуық тоқтап тұрды. Отандық өндіріс орны – «Балауса» ЖШС ванадий кен орнында 2008 жылдан бастап өз тірлігін жүргізіп келеді. Мамандардың айтуынша, бұл аумақтағы ванадий пятиокисінің қоры 765 мың тоннаны құрайды. Бүгінгі таңда серіктестік ванадийден автоклавты тәсіл бойынша өнім өндіру жобасын қолға алып отыр. Былтырдан бастап «Баласауысқандық» кен орнында жүзеге асып жатқан жобаның құны 35 млрд. теңгені шамалайды. Жобаны іске асыру үш кезең бойынша жүргізіледі. Алғашқы кезеңде (2011-2012 жылдар) жылына – 15, екінші кезеңде (2013-2014 жылдар) 500 мың тонна кен өндіру көзделген. Ал соңғы кезеңде (2017-2018 жылдар) кәсіпорын 4 млн. тоннаға дейін кен өндіру мүмкіндігіне қол жеткізеді деп жоспарланып отыр. Кеншілер алғашқы кезеңнің жұмысын бітіріп, оған 1 млрд. теңге шамасында инвестиция құйылды. Қазір серіктестікте тәжірибелік негіздегі өндіріс орны жұмысын бастап кетті. «Балауса» ЖШС директоры Андрей Кузнецовтың айтуынша, келешекте олар шығаратын сары түсті ұнтақ – аммонийдің метаванадат өнімі Ресей, Қытай, Англия елдеріндегі тұтынушыларға жіберіледі. Ол жақтарда аталмыш дүниелер арнайы пештерге салынып, ол феррованадийға айналып, одан сапалы болат дайындауға болады. Әрине, «Балауса» ЖШС үшін өнімнің соңғы сатысына дейін дайындау тиімді екені анық. Енді екі жылдан кейін мекемедегі ақша айналымы жылына 120 млн. АҚШ долларына дейін жетуі әбден мүмкін. Осының нәтижесінде 200-ден 2000-ға дейін жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туады.

Жаңа өндіріс орны іске қосылған кезде ол еліміздің қара түсті металлургиясын дамытуға өз үлесін қосатын болады. Мұнда алғашқы кезеңнің өзінде жаңадан 141 жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Кен орнында ванадий рудасынан ванадий автоклавты әдіспен, яғни озық технологиямен алынатын болады. Өнімнің экспортқа бағытталып отырғаны жобаның маңыздылығын арттыра түспек. Ағылшын инвесторлары қазірдің өзінде дүниежүзілік нарыққа шығудың мүмкіндіктерін қарастырып жатыр.

1-бет

**Әділжан ҮМБЕТ.**

**Баспасөз орталығында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шәметеков бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді. Онда сала бойынша ағымдағы жылдың тоғыз айында атқарылған жұмыстар әңгімеленіп, алдағы жоспарлар таныстырылды.**

# ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАНАТТЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Бүгінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және саланың өзекті мәселелерін қамтитын 2013-2014 жылдарға бекітілген «Жол картасы» аясында жұмыс жасауда.

Есепті мерзімде облыста 14354 нәресте дүниеге келген. Былтырғы тоғыз айда бұл көрсеткіш 14332-ні құраған болатын. Яғни, биыл 22 нәрестеге артық туылған. Ана өлімі 100 мың тірі туылған нәрестеге шаққанда 7,1 болып, өткен жылмен салыстырғанда 66,3 пайызға төмендеген. Республикада бұл көрсеткіш - 11,3 промильге тең. Ал, сәбилер шетінеу көрсеткіші 1000 тірі туылған нәрестеге шаққанда 161-і шетінеген, ол 11,2 промильді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 7,2 промильге төмендеген, яғни, 103 балаға аз. Ал, жалпы өлім көрсеткіші 2012 жылдың тоғыз айында 4,1 промильді көрсетсе, биылғы есепті мерзімде 3,7 болып отыр.

Саланы мамандармен қамтамасыз ету бойынша, ағымдағы жылы 125 жоғары білімді жас маман облысқа жұмысқа орналастырылса, олардың 45-і, яғни, 36 пайызы ауылдық елді мекендерге жолданды. Басқарма басшысының мәлімдеуінше, бүгінгі таңда облыстың медицина саласында неонатолог, акушер-гинеколог, анестезиолог-реаниматолог, балалар офтальмологі, балалар оториноларингологі секілді буынды мамандар тапшы.

Денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға республикалық бюджеттен 928,6 млн. теңге бөлініп, диагнозды дәл қоятын тағы бір компьютерлік томограф және жедел жәрдем қызметіне 26 мамандандырылған автокөлік пен өзге тауарлар сатып алынған.

Әлеуметтік инфрақұрылымдарды, ауруханаларды жаңартуда «350 дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт пен емхана» бағдарламасы бойынша 15 дәрігерлік амбулаторияны жыл соңына дейін қолданысқа беру көзделсе, Қармақшы ауданындағы Төретам кентінде ауысымына 100 адамды қабылдайтын ауылдық емхана пайдалануға берілген. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 9 дәрігерлік амбулаторияның құрылысын жүргізуге тиісті қаржы қаралып, жыл соңында қолданысқа беріледі деп жоспарлануда. Сонымен бірге, жергілікті бюджеттен «қалалық тубдиспансеріне», «облыстық тері-жіңішке аурулар диспансеріне» күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржы бөлінсе, «Қармақшы аудандық орталық ауруханасының» күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу құжаттамасын дайындауға да тиісті қаржы қаралған. Қызылорда қаласындағы ауысымына 100 адам қабылдайтын емханасы бар 175 төсектік онкология орталығы құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалу үстінде.

2013-2014 жылдарға арналған «Жол картасы» бағдарламасы аясында ағымдағы жылға 402,5 млн. теңге қаржы қаралып, ол бойынша тиісті жұмыстар атқарылған.

Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі аудан, облыс орталықтарынан шалғай орналасқан елді мекен тұрғындарының тәулік бойғы стационарлық көмекке қолжетімділігін арттыру болып отыр. Бұл бағытта 9 ауылдық аурухана ашылса, келер жылы төрт аурухананы қайтадан ашу қаралған. Облысымыздағы өзекті мәселенің бірі бұл типтік жобадағы балалар ауруханасының жоқтығы. Осыған сәйкес 2014 жылы республикалық бюджет есебінен облыстық 200 төсектік балалар ауруханасын салу жоспарлануда. Сондай-ақ, балалардың тіс ауруы да күн тәртібіндегі күрделі мәселенің бірі екені белгілі. Мәселені шешу мақсатында облыста мемлекеттік стоматологиялық емхана ашу көзделіп отыр.

– Міне, өздеріңіз байқағандай, облыстың денсаулық сақтау саласында ағымдағы жылдың тоғыз айында біраз өзгерістердің орын алғанын көруге болады. Денсаулық сақтау саласын дамытуға, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға көптеген қаржы бөлінуде. Бұл облыс әкімінің салаға, тұрғындар денсаулығына деген қамқорлығының нәтижесі екені сөзсіз, – дейді басқарма басшысы.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# СЫЛДЫР СӨЗ, ҚҰРҒАҚ УӘДЕ ЕМЕС, НАҚТЫ ІС КЕРЕК

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев келелі мәселелерді кеңінен қозғаған, барымызды атап өтіп, кемшілігімізді санап көрсетіп, endігі жерде олқылыққа жол берілмейтінін нақтылап берген Үкіметтің кеңейтілген отырысындағы сөзі қазір жұртшылықтың кең қолдауына ие болып отыр. Сол отырыста билік қолға тиді деп мемлекет қаржысын оңды-солды шашу жайын айта келіп: «Не қарап отырсыңдар, мына мемлекеттің ақшасын менен басқа санайтын адам жоқ па бұл елде?» деген еді. Іс басындағыларға қатаң ескерту жасады. Содан бері де біраз күндер өтті.**

Президент осы алқалы отырыста білім саласына да ерекше мән бергені белгілі. Ақмола, Ақтөбе, Атырау облыстарындағы қисынсыз істерді санап көрсетті. Шынында, мемлекет соңғы үш жылда білім саласына 1,7 еседен астам қаржы бөлген екен. Нақтылай түссек, ол 2013 жылы 1,5 триллион теңгеге жуық көлемді құрапты. Бұл – аз қаржы емес. Бірақ соның атқарылуының кемшіндігінен бе, әлде сылбырлықтан ба, болмаса Үкіметтің талап етпеуінен бе, Елбасы айтқан жарты миллионға жуық бүлдіршіндердің балабақша кезегінде тұруы ойландырмай қоймайды. Кейбір шенеуніктер жұртты жұбату үшін «Пәлен жылы шешімін табады» деп ұзаққа сілтеп жатады. Оған дейін қаулап өсіп келе жатқан ұрпаққа өспей тұра-тұрыңдар деу керек пе сонда? Қаржы жетпей жатқан жоқ. Бұған бір дәлел Президент игерілмеген қаржы биылдың өзінде 170 миллиард теңге болатынын меңзеді. Үкімет осы қыруар ақшаның тиімді игерілу жолын қарастырып, «қалтада» сақтай бермей, ертеңгі ұрпақтан жүздеген, тіпті, мыңдаған есе қайтарымы болатынын ескеріп іске қосса, ата-аналардың жүйкесін жұқартқан мәселе шешімін табар ма еді? Бұған бір ғана мысал келтірер болсақ, төрткүл дүниені тамсандырған Астанамызда тәулік сайын 60-қа жуық нәресте дүние есігін ашады екен. Осындай қарқынның нәтижесінде былтыр 21 266 ұл мен қыз елорданың ұланы атаныпты. Қазіргі күнде сол ұрпақтың бірнеше еселенген ұл мен қызы, яғни 72 мыңға таяу бала балабақша кезегінде тұр.

Білім, ғылым саласына жаңа министр келді. Аслан Сәрінжіповке дейін бұл саланы он екі бас педагог басқарғаны белгілі. Олардың арасында ғалым да, саясаткер де, бүкіл саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнаған азаматтар мен азаматшалар бар еді. Әйтсе де, қызметте отырғанда абыройлы деп биікке көтеріп, кеткен күні әттеген-айын айтып шыға келетін бір «кесел» етек алғанын да жоққа шығара алмаймыз. Алдыңғы басшының тұсында «Білім туралы» Заңға өзгерістер енгізіліп, білім бағдарламасы қабылданған еді. Таяуда жаңа министр Үкімет отырысында өзінің жоба-жоспарын ұсынды. Онда А.Сәрінжіпов 3-4 жыл көлемінде Қазақ елінің білім-ғылымында мазмұнды өзгерістер болатынын атап айтты. Басты жаңалық отандық жоғары оқу орындарының құрылымы жаңартылмақ, яғни мемлекеттік делінетін жекешелендіріледі. Сол арқылы профессорлар мен оқытушылардың, студенттердің арасында бәсекелестік күшейтіледі.

Осы арада мына бір ойды ортаға сала кетсек дейміз: «Бұрынғы министр далиып кеткен университеттер мен академияларды қысқартуды қолға алған еді. Енді бәрі жекеге неге беріледі? Бір кездері: «Нарық талабына орай бәсекелестік бел алып, мықтылары қалады, әлсіздері жойылады», деп жеке оқу орындарын ашуға мүмкіндік берілген болатын. Кейін ол кейбір адамдардың ақша табатын көзіне айналып, қаланы қойып, ауылдарда университет ашу үрдіске айналғаны бар. Бұл халыққа тиімді болмады, қалтасының «шаңын» шығарды. Соңы біразының жабылуымен, ірілендірілуімен тынды.

Мәселе, оқу орындарының санында емес, сапасында. Әлемдік үрдіске қарасақ, барлық елдер бірдей жоғары оқу орындарын жекеге бермегенін аңғаруға болады. Тағы бір түйткілді алға тартсақ, мемлекеттік делінетін жоғары оқу орындарының ел бюджетінен де, ақылы білім алатындардан да қаржы тауып отырғаны. Осы қаржының жұмсалуы өз алдына бір әңгіме. Егер олар жекеге берілсе, бәрін ақшаға теліп, білім сапасы мүлде құлдырап кетпей ме? Бұған бір айтар уәжіміз, ақшасын төлеген азаматтар көп жағдайда білім емес, диплом алуды мақсат етіп, кейінгісін көре жатармыз деп жалған бағаны малданатыны белгілі. Ол сапасыз маманға жол ашады. Сапасыз маманның сүйенері болса, қалаған жерден орын тауып кетері сөзсіз. Ал ата-анасының қалтасын қағып, екінші қалтаға салғандар жұмыссыздар қатарынан «табылады».

Жалпы, осы реформаға байланысты белгілі қайраткер профессор Амангелді Айталы: «Соңғы жылдары ғылым, білім саласында бірізді саясаттың болмауы, бұл саланы басқарудағы қисынсыз өзгерістер, «нарық» деген желеумен ғылым мен білімге дүңгіршектегі тауар ретінде қарау, зиялы топ саналатын ғалымдарды қайыршылық деңгейге түсіру астары тереңде жатыр» («Егемен Қазақстан», 2000 жыл, 15 қараша), десе, ағымдағы жылы Мәжіліс депутаты Дариға Назарбаева: «Қазақстанның білім жүйесі, бұл жиырма жылдан бері айтылып келе жатыр, реформаторлық әуестенушілік жайлап алды. Біз көптеген, аяғына дейін жетілмеген реформалардың куәсі әрі қатысушысы болып келе жатырмыз. Халықаралық стандарттарға сілтеу сәнге айналып кетті», деген еді. Осыны да ескеретін уақыт жеткен тәрізді.

Мемлекет басшысы жүргізген Үкіметтің кеңейтілген отырысында тест туралы әңгіме болып, Елбасы: «Бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысты тағы не қылған жаңалық?.. Бұл не өзі?» деген еді министр А.Сәрінжіповке.

Бір айта кетер мәселе, Үкімет мүшелері кейде ойланбастан сөйлей салатынды әдетке айналдырып бара жатқандай. Денсаулық сақтау министрі ауылдықтарға майлы ет жемеу қажеттігін, оларға дәрі таси алмайтынын айтып қалды. Ал Экономика министрі жаңа салық жүйесі туралы есеп беру кезінде елмен кеңеспегенін сездірді. Білім және ғылым министрі: «Технология әр жыл сайын ауысып отырады, әр бес жылда толық жетіледі. Осыған байланысты біз болашақта ашылмаған мамандықтарға жастарды оқытуымыз керек, олар енді 10-15 жылдан соң сұранысқа ие болып шығады», дейді. Осы сөз біраз азаматтардың интернет желісінде әралуан пікірін туындатып отыр. Мәселен, Мәжіліс депутаты Жамбыл Ахметбеков бұл мамандықтың қандай екеніне министрден бастап ешкімнің көзі жете бермейтінін, осы күндері еңбек нарығында белгілі кәсіптер бойынша жұмыссыздар армиясы «қалыптасқанын» айтса, тағы бір халық қалаулысы Камал Бұрханов мәселенің түсініксіздігін, оны қоғам дамуы анықтайтынын айтады. Бұған қоса, кейбір азаматтар білім беру саласындағы реформалардан өздерінің шатысқанын, жоғары оқу орнын бітірген студенттердің жұмыссыз жүргенін, сөйте тұрып, жаңа мамандық туралы сөз етіп отырғанымыз: «Ерсілеу емес пе»? дейді. Елімізге аттары мәлім ұстаздар қауымы да министр білмеген мамандықтан өздерінің де хабарсыздығын, мұндай ұшқары пікірлерге қосыла алмайтындарын тілге тиек етеді. Олардың көбі мектеп тәжірибе алаңына, оқушылар қоян секілді тәжірибе нысанына айналғанын, ерінбегеннің бәрі реформашыл болып кеткеніне өкініш білдіреді. Кейбір ұстаздар жаңа министр келсе, енді қандай реформа болады екен деп алаңдап отыратынын, тіпті әр тоқсанда бір «жаңалық» жететінін, соны қолданамыз, не жауап береміз деп сүрініп жүретіндерін жеткізеді. Мұндай бірін-бірі жоққа шығарған реформалардан шаршағандарын да бүгіп қала алмайды. Осындай атүсті іс, оқыту саласын теңселтіп тұрғанын, мәселе білімде емес, қатырма қағазда қалғанын, үстірттік білім сапасына өлшеусіз зиян келтіріп жатқанын сездіреді.

Оқулық жөніндегі айтыс-тартыс, кей тұста ол бизнес көзіне айналғаны туралы да сөз бар. Бұған қоса, бала денсаулығының төмендеп бара жатқаны жайлы Денсаулық сақтау министрлігі өкілдерінің, нақтылай түссек, вице-министр Б.Төкежановтың: «Еліміздегі мектеп жасындағы оқушылар арасындағы түрлі аурулар кең етек алып барады», деп әрбір үшінші оқушы көз ауруына шалдыққанын, әрбір алтыншы оқушының жүйке жүйесі ауруына бейімділігі анықталғанын, әрбір жетінші оқушының омыртқа кеселіне ұшырағанын алға тартып, анемияның да көрініс бергенін атап өтеді. Тағы




бір вице-министр Е.Байжүнісовтің сөзіне қарағанда 2012 жылы 17 жасқа дейінгі 4,5 миллион бала денсаулығына байланысты тестілеуден өтіпті. Олардың 46 пайызы ауылдық жерлерде тұрады екен. Осы арадағы айтар мәселе, тексеруден өткен балалардың 307 мыңнан астамы емханаларда есепте тұрады. «Жыл сайын біз 160 мыңнан астам баланың денсаулығынан белгілі бір ақау табамыз», дейді Е.Байжүнісов.

Ұрпақ жайы осылай. Біз бұл деректерді неге тізбелеп отырмыз? Реформа осы білім мен ғылым, денсаулық сақтау саласында жасалып жатыр. Бірақ соның нәтижесі ала-құла. Оның себебі, алдағы реформада не қамтылған, нәтижесі ше, қандай жетістікке жеттік, олқылығы неде деген мықты сараптаманың жоқтығынан болып тұрғаны анық.

Қазір біздің елімізде реформа жасап, бағдарлама қабылдап, ақша бөлдіру ниеті алға озып тұр. Осы орайда, өткен ғасырдың басында Алаш арысы Жүсіпбек Аймауытовтың: «Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ бектің керегі жоқ; адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы – оқығандар», деген сөзі еске түседі. Жаңа ғасырдың басындағы тәуелсіз елдің тағдыры да жаңа оқығандардың қолында. Егер олар Елбасының мына сынынан кейін сергімесе, серпілмесе, Президенттің үмітінен, халықтың сенімінен айырылары хақ.

***(«Егемен Қазақстан» газеті, 7 қараша 2013 жыл).***

● МӘСЕЛЕ

# КҮРЕ ЖОЛДА КҮНАРА БІР ОҚИҒА

## «Қараусыз мал кесірінен жол-көлік апаттары арта түсуде» — дейді «ҚазАвтожол» АҚ филиалы директоры Ерұлан Жүнісов

Елімізде жол салу сапасына жаңа бір серпін берген ірі жоба ол – «Батыс Европа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі екені белгілі. Бүгінгі таңда әйгілі күрежолдың 1600-ден астам шақырымы салынып бітті. Қазақстанның бес облысының үстінен өтетін автобанның облыс аумағынан 812 шақырымы өтсе, оның барысында 48 көпір, 336 құбыр, 83 мал өтетін орын, 14 жол айрығы, 2 темір жол өткелі салынып, 8 елді мекенді айналып өтеді. Бұл автомагистраль құрылысын жүргізу арқылы алғаш рет халықаралық сапа стандарты қолданылды. Сондықтан бұл барлық қазақстандықтар үшін игілігі мол, табысты, Азия мен Европаны байланыстыратын алтын көпір болуға тиіс. Десе де, халықаралық дәліздің жүргізушілер үшін игілігінен гөрі, қаупі басымырақ болып тұрғандай. Оған ең алдымен өзіміз жауапты екенімізді де ұмытпаған жөн.

Бүгінгі таңда жол-көлік оқиғалары салдарынан қайтыс болған, жарақат алғандарды санамалап, біріміз жүргізушіні жазғырып, біріміз сапасыз жолдарды жамандап , енді біріміз жол полициясы қызметкерлерін қаралаудан әріге бара алмай отырмыз. Жол-көлік оқиғаларының тұтас бір отбасына келтіретін қасіретімен қатар, қоғамға, мемлекетке тигізер зиянын ескере бермейміз. Дүниежүзілік банк мамандарының мәліметіне қарағанда, Қазақстан жол-көлік оқиғалары салдарынан жыл сайын жалпы ішкі өнімнің 1,5 пайызына тең мөлшерде қаржы жоғалтатын көрінеді. Сонымен бірге, мемлекет саясатының құрамдас бөлігі болып табылатын демографияға да жол-көлік оқиғаларының кері ықпалы орасан. Демографтардың болжамына қарағанда, көлік апаты 10 жылда табиғи өсімнің 100 мың адамға артуын тежейді екен.

Жыл басынан бері елімізде 15 мың жол-көлік оқиғасы болды. Бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда 60 пайызға жоғары. Тәуелсіздік алғаннан бері 60 мың адам жол апаты салдарынан көз жұмған. Бейбіт заманда мылтықсыз соғысқа тең бұл апатты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қанды қырғынға балады. Президент Қазақстандағы жол апаттарына қатысты жағдайды Сириядағы соғыспен салыстырды. «Біз адамдардан айырылудамыз. Мында оларды емдеп, олардың санын әрі өмір сүру ұзақтығын арттырғымыз келеді. Ал жолда олар мерт болуда. Әлем бойынша жүрек-қан тамырлары ауруларының өлім көрсеткіші бойынша бірінші орындамыз, ал жол-көлік оқиғалары бойынша екінші орынды иеленіп отырмыз. Өткен жылы республика жолдарында 2 мың 145 адам қайтыс болған екен. Ал осы жылдың 9 айындағы көрсеткіш 2 мың 273 адам. Сонымен қатар, 22 мың адам түрлі жарақат алған. Көрсеткіш Сириядағы адамдардың қайтыс болуы деңгейімен сәйкес келеді,»– деген еді.

Шынында да, бейбіт күнде халқымыздың санын азайтып отырған бұл қандай «жау» болды? Оның басты себептері неде? Мамандар жол-көлік оқиғасына соқтыратын басты себептің бірі жүргізушілердің жол қауіпсіздігі ережелерін сақтамауы екенін алға тартады. Жол-көлік оқиғаларына жасалған сараптама қорытындысы көлік апатының 90 пайыз жағдайында жүргізушінің кінәсін анықтаған. Сарапшылардың анықтауынша, ірі жол апаттары күре жолдарға тиесілі көрінеді.

Осы ретте облыстағы жол құрылысын қадағалайтын бірден бір мекеме, «ҚазАвтожол» АҚ-ның өңіріміздегі филиал директоры Ерұлан Жүнісов аймақта күн сайын орын алып жатқан жол апаттарының орын алуына себепкер тағы бір мәселенің шетін тарқатты. Ол өзінің азаматтық жанашырлығын, елге деген патриоттық сезімін білдіре отырып, дәл осы мәселеге алаңдаушылық білдіретінін жасырмады. « Қазіргі таңда облыста жол құрылысын қадағалау барысында кейбір елді мекендердің аумағынан өтетін жолдарда жайылып жүрген малдардың себептерінен жол апаттары орын алып, қайғылы жағдайлар мен материалдық шығындар әкелуде. Біз осы күрежолдың құрылысын бастамас бұрын жолдың бір бетінен екінші бетіне өтуі үшін әрбір елді мекен тұсынан арнайы мал өткелдері болуын қарастырған болатынбыз. Сол өткелдерден малдардың өтуін арнайы бақташылар қалыптастыру керек. Транзиттік дәліздің жақын арада толығымен пайдалануға берілуіне байланысты, көлік қозғалысы арта түсетінін айтқымыз келеді. Күн сайын осы төрт түліктің егесіз жайылып жүруі салдарынан жол-көлік оқиғалары артуда. Тіпті бір күннің ішінде бес оқиға осы төрт түліктің себебінен орын алып отыр. Оған ең бірінші малдың егесі жауапты болу керек. Орны толмас оқиғаға ұрындырған мұндай жол апаты салдарынан біреу отағасынан, енді бірі бауыры мен баласынан көз жазып қалуда. Біз адам өміріне қауіп төндіріп тұрғанымызды, сонымен бірге мемлекетке материалдық шығын әкеліп отырғанымызды естен шығармасақ екен. Осы орайда қала және аудан әкімдеріне өз ұсыныстарымызды білдірдік. Аудан әкімдері жергілікті тұрғындарға тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізуі тиіс. Төрт түліктің себептерінен жол қозғалысының қауіпсіздігі бұзылса, оның ішінде адам өлімі мен материалдық шығын орын алып жатқан жағдайда, оған тікелей малдың иелері мен жергілікті әкімдер, шаруашылық төрағалары ҚР Заңнамаларына сәйкес жауапты болатынын ескерулері қажет. Күрежолдағы жол-көлік оқиғаларының көбеюіне жүргізушілердің қауіпсіздік ережелерін сақтамауы мен білімсіздігі де әсерін тигізуде. Айнадай тегіс жолға түсіп алып, жылдамдықты шегінен асыра, темір тұлпарын жүйткіте айдаған жүргізушілер алдынан шыға келген малды көрмей қалады. Немесе жолдың екінші бетіне қарай ығысып шығып кетеді. Біз төрт жолақты, 1-категориялы жолды салып, оның ортасын темір қоршаулармен де бөліп қойдық. Алайда, күнара орын алып жатқан жол көлік оқиғаларының салдарынан темір қоршаулар бұзылып жатыр. Оны қайта жасауға тығы қосымша шығын кетеді. Оның барлығы халықтың қаражатына салынған дүние ғой»,–дейді бізбен әңгімесінде Ерұлан Жүнісов.



Иә, расында әрбір адам мемлекеттің дүниесіне жанашырлықпен қарап, оған жауапты екенін іштей сезіне білсе құба-құп болар еді. Негізінде бұл заңмен де белгіленген. ҚР «Автомобиль жолдары туралы» Заңының 20-бабында: «Жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарын пайдаланушылар көлік құралдарын жол жүру қауіпсіздігін, жолдардың және олардағы құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайда пайдалануға, сондай-ақ, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге міндетті. Сонымен бірге, ҚР Үкіметінің 1998 жылғы «Жол шаруашылығы құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру туралы» қаулысында былай делінген: «Автомобиль жолдарында: «....малды жол арқылы арнайы бөлінген жерден тыс, сондай-ақ тәуліктің қараңғы кезінде және жеткіліксіз көрінетін жағдайда айдап өтуге, малды төсемі жетілдірілген жолмен айдауға және оларды жолдың жолақ бөлігінде жаюға... тыйым салынады.» Міне, сондықтан үлкен күре жолдың бойында орналасқан елді мекен тұрғындары малдарын егесіз жайып жібермей, өздерінің заң алдында мемлекетке келтірген шығыны үшін жауап беретінін ұмытпағандары абзал. Ал, темір тұлпар тізгінін ұстаған әрбір жүргізуші алдымен өз өмірінің қауіпсіздігіне баса назар аударса дегіміз келеді.

**Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.**

● ЗАҢ МЕН ЗАМАН

# ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРЫП БЕРІП СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫ ОПЫҚ ЖЕДІ

Қазіргі таңда жергілікті соттарда қабылданып жатқан шешімдердің орындалу барысында бірқатар қиыншылықтар туындауда. Кейбір жағдайларда облыс бойынша сот актілерін орындау департаменті жауапты қызметкерлерінің сыбайластық әрекеттері сот шешімдерінің орындалуына кері әсерін тигізіп жатады.

Биылғы 9 айда Қызылорда қалалық прокуратурасы жүргізген 18 тексеру нәтижесінде уәкілетті органға заң бұзушылықтарды жою туралы 56 ұсыныс енгізіліп, 48 сот орындаушы түрлі тәртіптік жауапкершіліктерге тартылды. Жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарау барысында сот орындаушы сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылса, 2 қызметкерге қатысты қылмыстық іс қозғалды.



Қызылорда қалалық прокуратураның «Ғ-А» ЖШС-ға мемлекеттік сот орындаушыларының заңсыз әрекеттері салдарынан сот шешімінің орындалмай, елеулі зиян келгені жайлы жазған қатынас хаты бойынша жүргізілген тексеруде бірқатар былықтың беті ашылды. Облыс бойынша сот актілерін орындау департаментіне қарасты қалалық жеке және заңды тұлғалардан өндіру бойынша аумақтық бөлімінің сот орындаушысы мемлекеттік қызметкер бола тұра, заңды тұлғаның құқықтарын елеулі түрде бұзған. Атап айтқанда, Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2012 жылғы 20 қыркүйектегі сырттай шешімімен талапкер «Ғ-А» ЖШС пайдасына жауапкер «А» ЖШС-нан 15 241 425 теңге өндірілген. Сот шешімі 04.02.2013 жылы заңды күшіне еніп, ұсынылған атқару парағы негізінде облыстық сот актілерін орындау департаментінің сот орындаушысы Е.А-пен 01.03.2013 жылы атқарушылық іс жүргізу қозғалып, мемлекеттік сот орындаушысы Е.Е-нің 09.08.2013-жылғы қаулысымен борышкердің *ақша қаражатына тыйым салынған.* Осыған сәйкес, департамент басшысының міндетін атқарушысының аталған қаулыға сәйкес инкассалық өкім қою жөнінде бөлім басшысының міндетін атқарушының қатынас хаты жолданып, нәтижесінде екінші деңгейлі банктерге борышкердің есеп шотына 15 241 425 теңгеге тыйым салынып, 15.08.2013-жылы төлем түбіртегіне сәйкес «Темір Банк» АҚ-ның облыстық филиалымен 15 241 425 теңге департаменттің есеп шотына аударылған.

Бұдан әрі борышкер «А» ЖШС Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына шешімінің орындалуын кейінге қалдыру жайлы арызбен жүгінген. Осы соттың 19.08.2013 жылғы ұйғарымымен сырттай шешімнің орындалуы биылғы бірінші қарашаға дейін ұзартылған. Алайда, бірінші саты соты заңды күшіне енбеген ұйғарымды күнілгері орындау үшін облыстық сот актілерін орындау департаментіне жолдаған.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 59-бабында аумақтық орган басшысының жазбаша келісімімен мемлекеттік сот орындаушысының инкассалық өкімді қандай жағдайда кері қайтарып алуға болатындығы көрсетілген. Ал, сот орындаушы аталған атқарушылық өндіріс өзіне берілмегеніне қарамастан, соттың қатынас хатын негізге алып, департамент басшысының міндетін атқарушыға арыз жазып, борышкердің есеп шотынан инкассалық өкім арқылы ұсталған 15 241 425 теңгені кері қайтаруды сұраған. Нәтижесінде төлем түбіртегіне сәйкес аталған ақша қаражаты борышкердің есеп шотына кері аударылған.

Департамент басшысының міндетін атқарушы мен сот орындаушы бірлесе отырып, сот шешімін орындау мақсатында инкассалық өкім қою арқылы 15 241 425 теңгені негізсіз борышкер «А» ЖШС-ның есеп шотына кері аударылуын қамтамасыз етіп, өндіріп алушы «Ғ-А» ЖШС-на елеулі түрде зиян келтірген. Талапкер «Ғ-А» ЖШС тарапынан экономикалық соттың заңды күшіне енбеген ұйғарымына шағым келтіріліп, нәтижесінде апелляциялық саты сотының 25.09.2013 жылғы ұйғарымымен аталмыш сот ұйғарымының күші жойылған. Жинақталған құжаттар бойынша облыстық сот актілерін орындау департаментінің жауапты қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс қозғалып, қазіргі таңда тергеу амалдары жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – әрбір органның міндеті бола тұра департаменттің жекелеген қызметкерлерінің заңсыз әрі көрінеу қылмыстық әрекеттері салдарынан заңды тұлғаның мүддесі бұзылған.

**Елжан ӘЖІБЕКОВ,**
**Қызылорда қаласы прокурорының орынбасары, кіші әділет кеңесшісі.**

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

# ҰЛЫҚТАЛАТЫНЫНА СЕНЕМІН

«Сыр бойы» газетінің осы жылғы 26 қазан күні шыққан нөмірінде белгілі журналист Өтеген Жаппарханның «Ардақтылар ұлықталса екен» атты мақаласын оқи отырып, менің де қалам ұстауыма тура келді. Осы жылғы қаламыздың көркейіп, көшелердің жарығы мен тазалығына қоса әсем гүлзарлармен сәнденген сұлу ғимараттардың бой көтеруі әр қайсымызға үлкен қуаныш пен мақтаныш ұялатады. Жақында ғана облысымызда өткен республика ардагерлерінің семинарына қатысқан әрбір облыстың делегаттарының айтқанындай, қаламыздың адам танымастай тамаша өзгеріп көріктенгеніне риза болған пікірлерін естіп мақтанышпен тағы да бір серпіліп қалдық. Бұл – әрине, облыс, қала басшыларының жанашырлықпен ұйымдастырған ерен еңбегінің нәтижесі екені айдан анық.

Басшылардың мұндай шарапатты жұмыстарына табыс тілей отырып, алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Қаламызда соңғы кездері Бұқарбай батырға, ұлы Абайға, Сыр анаға, Қобыланды батырға, Жалаңтөс Баһадүрге, Шахмардан Есеновке қойылған ескерткіштер де елдігімізді ұлықтай түскенін сезінеміз.

Сыр өңірінің тарихы да, дүниежүзіне танымал ұлы тұлғаларға да өте бай өңір екеніне қазір әркімнің-ақ көзі жетті.

Журналист Өтеген Жаппарханның мақаласындағы аты аталып, олардың ескерусіз қалғанына ашына жазған кейіпкерлері осы өңірдің тумалары екенін бәріміз де білеміз. Ашып айтқанда, Мұстафа Шоқайға, Темірбек Жүргеновке және Кеңес Одағының батыры Жақыпбек Махамбетовке қаламызда көрнекті етіп ескерткіштері қойылса деп өзегін өртеп жүрген мәселесін айтқан екен. Мен, әрине, бұл пікірге қосыламын және ешкім де қарсы бола қоймас деп ойлаймын. Өйткені 2015 жылы Мұстафа Шоқайдың туғанына 125 жыл толуына байланысты айтылған пікірлер іске асады ғой деп сенемін. Осыдан екі жыл бұрын көптеген мемлекетаралық дипломатиялық келісімдермен Париж қаласының түбіндегі Ножан-Сюр-Марндегі Мұстафа Шоқайдың тұрған үйінің жанына қала мэрінің шешімімен және Қызылорда облысы басшысының, Мәдениет министрінің қолдауымен Мұстафа ескерткішін скульптор А.Кененбаев екеуміз Парижде 27 күн жатып, тұғырға орнатып, ашып қайтқан едік. Ашылу салтанатына қазақтың зиялы жұртшылығы қатысты.

Сондай-ақ, Мұстафа Шоқай зерттеушісі Әбдуақап Қара бастаған Түркия делегациясы да болды. Соңынан мешітте Мұстафаға ас беріліп, құран бағышталды.

Міне, осылайша сонау Еуропадағы Франция астанасы Парижде Мұстафаға көңіл бөліп, ескерткіш орнатуға жер бөліп беріп, керемет ықыластарын білдіріп жатқанда, Мұстафаға туған елі Қызылорда да облыс болып, ескерткіш орнататынына кәміл сенемін.

Сол сияқты қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің де, Ұлы Отан соғысының батыры соғыстан «батыр» атағын алып, аман-есен елге келіп, облыстың бірнеше колхоз-совхоз шаруашылықтарын басқарған Жақыпбек Махамбетовтің адал еңбектері ескеріліп, облыс орталығында ескерткіштері қойылатынына сенемін. Өйткені облысымыздың абыройы мен табысы, беделі мен бет-бейнесі республика деңгейінде өте жоғарылап, өрлеп келе жатқанын күнделікті өмірден көріп отырмыз және дәл осылай абыроймен өрлей беруіне тілектеспіз.

**Базарбай АТАБАЕВ,**
**медицина саласының үздігі,**
**«Мұстафа Шоқай» қорының төрағасы.**
**ҚР Әлеуметтік Ғылымдар академиясының құрметті академигі.**

**«Сыр – Алаштың анасы»**
**Н.Ә.Назарбаев.**

**Үстіміздегі жылдың 5 маусым күні өткен ведомствоаралық жұмыс тобының отырысында ел тарихын зерттеп, ұлттық сананы қалыптастыру бағытында бірқатар жаңа талаптар қойылғаны белгілі. Аз ғана мерзім ішінде ұлттық тарихымызға біраз сілкініс еніп, ХХ ғасырдағы француз тарихи мектебінің жетістіктерін, зерттеулерді құрғақ фактология емес, тарихи-мәдени құжаттардың мәтінін жаңаша оқып, жаңаша пайымдау аясында ұғыну міндеттері жүктелді.**

# ЕЛ ТАРИХЫ мен МӘДЕНИЕТІН

## ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ



Мұның бәрін «Қазақстан-2050» стратегиясының аясында жасалып жатқан іргелі ізденістер деп қабылдағанымыз жөн. Себебі ұлттың тарихи санасын қалыптастыру мәселесіне дәл осы құжатта ерекше орын берілген.

Қазірдің өзінде осы бағытты нысанаға алып ұлт тарихын сырт елдерде сақталған, әлі күнге ғылыми оралымға түспеген дереккөздермен байыту, ұзақ жылдар бойы ғылыми тұрғыдан игерусіз жатқан тарихи-мәдени жәдігерлерімізді игерудің жаңа кезеңі басталып отыр. Бір топ ғалымдарымыз Маңғыстау аймағын зерттеуге кірісіп кетсе, ҚазҰУ-дың ғалымдары «Халық тарих толқынында» бағдарламасын, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-ті «Мәңгі ел» журналын шығарып, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу ісін жолға қоюда. Елбасы ұсынған стратегиялық бағытты жүзеге асыру барысында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде де бірқатар іс-шаралар атқарылып келеді.

Келесі бір өзекті мәселе – тарих ғылымының бұрыннан қалыптасып қалған тар шеңберінен шығып, пәнаралық сипатқа ие болуы. Мұның мәнісі, ендігі жерде ұлттық тарихымыз бір ғана «Қазақстан тарихы» кафедрасының аясында емес, география, этнография, фольклор, мәдениеттану, басқа да ғылым салаларымен байланыста зерделенуі шарт. Алдағы кезде бұрыннан қалыптасып қалған «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» сияқты «Қазақ философиясы», «Қазақ музыкасы» пәндеріне де жете мән беріліп, тиісті кафедралар ашу жағын ойластыру қажет болады. Осының бәрі алдағы кезде ұлт тарихын жаңаша зерделеу арқылы жоғары оқу орындарына арналған тарихи сипаттағы оқулықтар жазу ісінің кезек күтіп тұрғанын аңғартады.

Үстіміздегі жылдың маусым айында Қызылорда облыстық әкімшілік жанынан республикаға танымал ғалымдардан тұратын арнайы комиссия құрылып, алғашқы мәжілісі өткен болатын. Облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаев басқарған бұл мәжіліске еліміздің ЮНЕСКО-дағы өкілі, ақын О.Сүлейменов, М.Әуезов, К.Байпақов, З.Самашев, М.Елеуов, С.Жолдасбеков, Б.Байтанаев, Б.Ыбыраев, Ж.Мәлібеков, осы жолдар иесі, т.б. қатысып, облыс көлеміндегі тарихи-мәдени жәдігерлерді игерудің жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудағы маңызы мен мүмкіндіктерін талқыға салғанды.

Кеңес төрағасы Қырымбек Көшербаев «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми негізде игеруге қатысты атқарылған ауқымды істерге тоқталып, әлі де болса өңірдегі тарихи жәдігерлерді академиялық тарихпен сабақтастырудың кемшін соғып, біртұтас танымдық жүйенің қалыптаспағанын алға тартты.

Ақын Олжас Сүлейменов сүйегі Сыр елінде жатқан Қорқыт тұлғасына ерекше мән беріп, оған қатысты аңыздарды әлемдік мифологиямен байланыстыра зерттеудің маңызын баса көрсетті.

Сыр елі – тарихи оқиғаларға бай өлке. Сонау Сығанақтан бастап Аралға дейінгі кең байтақ далада талай ғасырлардың тарихи жәдігерлері сақталған. Сығанақта үлкен Әбілқайыр ханның сүйегі жатса, Қармақшыда Қорқыт бабамыздың мазары бар. Моңғол дәуіріне дейінгі және кейінгі жәдігерлер де ондап саналса, солардың бірқатары Рашид ад-Дин жазбаларында аталады. Олай болса, осы тарихи және мәдени ескерткіштерді қалай және қай бағытта игеруіміз керек?

Әрине, бұл ұзақ жылдарға созылатын бағдарламаны қажет ететін ірі жоба. Өңір тарихын жалпы қазақ тарихымен ұштастырып, жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға қызмет істету үшін тарихи-мәдени сипаты үстем жәдігерлерді жаңғырту, ғылыми-танымдық еңбектер шығару арқылы оларды насихаттау, маңызы зор көне ескерткіштерді әлемдік деңгейге шығарып, қазақ жерінің антикалық дәуіріне жарық сәуле түсіру мәселелерін атауға болады.

Ұлттық сананы қалыптастыру құралдарының қатарында танымдық әдебиеттердің маңызы ерекше. Мысалы, егемендік алғалы республика көлемінде аймақтық энциклопедиялар шығарыла бастады. «Батыс Қазақстан», «Орталық Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан», «Сыр елі», басқа да танымдық-энциклопедиялық басылымдар көпшілікке жол тартты. Бұл танымдық үдерістің аяғы тұлғалық энциклопедия шығару ісіне ұласып, «Абай», «Шәкерім», «Мұхтар», «Сәкен», «Ықылас» энциклопедиялары жарық көрді.

Бұл бастамаға Сыр өңірінің де үлес қосатын кезі келіп отыр. Себебі мұнда энциклопедиялық басылымдарға арқау болатын тарихи жәдігерлер мен тұлғалар аз емес. Солардың бірегейі – Қорқыт. «Қорқыт» энциклопедиясын шығарудың маңыздылығы айқын. Алдағы 2014 жылы Қорқыт есіміне байланысты халықаралық ғылыми-практикалық конференция келеді. Оны еларалық деңгейде өткізіп, жас ұрпақтың тарихи жадында із қалдыру үшін Қорқыт феноменін әлем халықтарына жете танытуымыз керек. Ол үшін бұл бағытта көптеген іргелі жұмыстардың атқарылуы шарт.

«Қорқыт» – түркі тектес халықтардың оғыз бұтағына жақсы мәлім тұлға. 2009 жылы әзербайжандар екі томдық «Қорқыт» энциклопедия шығарып, оған өз мәліметтерін енгізді. ЮНЕСКО тарапынан «Қорқыт ата кітабының» 1300 жылдығы тойланып, аяғында бұл жазба мұраны әзербайжан халқының төл мұрасы ретінде танығаны да есімізде. Шыңғыс ханға қатысты пікір секілді Қорқыт тұлғасына байланысты осындай сыңаржақтылықтарға анықтық енгізетін кезең келіп отыр. Ұлт тарихын жаңаша пайымдау бағытының аясында күрделі іс-шаралар атқаруымыз қажет.

«Қорқыт ата кітабының» 1300 жылдығы тұсында қазақ ғалымдары да ізденістер жүргізіп, «Қорқыт» энциклопедиялық басылымы жарық көргені бар. Бірақ ол әліпби жүйесіне құрылған, қазақ тарихы мен мәдениетіндегі Қорқыт есіміне байланысты мәліметтерді қамтыған танымдық энциклопедия емес, әр түрлі кезеңдерде жарық көрген мақалалар жинағы, яғни қайта басылым дәрежесіндегі басылым болған-ды.

Әлемдік маңызы бар «Қорқыт» энциклопедиясын шығару бұрынсонды түркі әлемінде атқарылған жұмыс емес. Сондықтан оны жақсылап ойластырып, «Қорқыт» энциклопедиясын аймақ емес, ұлт тарихының паспорты ретінде үш тілде жарыққа шығарған жөн. Қорқыт есімін ЮНЕСКО тізіміне енгізудің бір амалы – осы. Танымдық кітапты қолдарына ұстап, түркі әлеміне танымал Қорқыт туралы мәліметтерді көздерімен оқыса, еуропалықтардың да ыңғай танытары анық.

Қорқыт есімін кейінгі ұрпақтың санасына енгіземіз десек, оның кезінде қирап қалған ескерткішін қайта көтерген жөн. Ұлт тарихына көз жіберер болсақ, көне жәдігерлерді жаңғырту бұрыннан бар үрдіс. ХХ ғасырдың сексенінші жылдары қойылған қобыз белгісі өзінің тарихи қызметін атқарды. Ұлтымыздың этникалық тарихына шорқақ, орыс ғылымынан сусындап, кеңес ғалымдарының ізімен кеткен кейбір мамандарымыз ХІХ ғасырдың орта шенінде Ресей анықтамаларын түскен «Қорқыт станциясы» (Берг), «Қорқыт мазары» (Кауфман, Кастанье) деген мәліметтердің тарихи астарын жоққа шығарып жатқанда, кеңестік идеология үстемдік еткен заманда Қорқытқа одан артық белгі салу мүмкін емес еді. Өз ғалымдарымыз «Қорқыт ата кітабы» атты әлемге мәшһүр жазба ескерткішті елеместен Қорқыт өмірде болмаған, ол – миф деп шандатып жатқанда, Қорқыт есімін сыналап ел санасына сіңіруге ол әбден жарады. Арғы жерді айтпағанда, ХХ ғасырдың 70 - 80-жылдарының өзінде феодализм дәуірінің мұрасы саналған «Қорқыт ата кітабын» жарыққа шығарудың мүмкін болмағанын көзіміз көрді. 1973 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында талқыланып, «Жазушы» баспасына тапсырылған «Қорқыт ата кітабының» аудармасы 1986 жылға дейін қозғаусыз жатты. Бірнеше рет баспаның тақырыптық жоспарының жобасына енгізілсе де тиісті орындар тарапынан сызылып қала берді.

Кеңес дәуірінде қағажу көрген Қорқыт есімін әлемге таныту үшін, ең алдымен, оның сүйегі жатқан мазарды қайта жаңғырту керек болады. Мұның өзіндік себептері бар.

Біріншіден, осы кезге дейін қобыз белгісі тұрса да, оның басына халық көптеп бара қоймады. Себебі белгілі. Халық қобыз символына емес, әулие санайтын тұлғаның сүйегі жатқан жерге табынса керек. Құрылысы ерте басталса да араға ұзақ мерзім салып барып Ақсақ Темір аяқтаған Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бұл сөзімізге толық дәлел.

Екіншіден, Қорқыттың құлаған мазарын бүгінгі мүмкіндіктерді пайдалана отырып түрлендіріп, түркі және шығыс архитектурасы негізінде қайта жаңғыртқан абзал. Сонда ғана бұл жәдігерге әлем халықтарының назары ауып, жергілікті халық та көптеп келе бастайтын болады.

Қорқыт мазарының суреті жоқ емес, бар. Оның бұзылмаған кезіндегі суреті генерал Кауфман альбомында (1862), жартылай қираған суреті «Книга моего деда Коркута» (1962) атты жинақта жарияланған. Демек, осы суреттер негізінде үлкен мавзолей салуға болар еді. Кейін аяқталған Яссауи күмбезі секілді Қорқыт мазарын да жаңа буын қабылдап кетер еді. Ал бүгінгі символбелгімен ұлттық сананы қалыптастыру қиын. Ол Қорқыт пантеонының бір экспонаты болып қалуға тиіс. Әзірге Қорқыт белгісінің анда-санда өтетін конференциялар кезінде ғана ескеріліп, қалған уақытта қаңырап бос тұратынын уақыт көрсетіп келеді.

Үшіншіден, Қорқыт заманы, яғни оғыз дәуіріндегі музыкалық сарындарды ғылыми негізде зерделеп, көне түркі тайпаларына тән музыкалық үн-әуен үлгісі ретінде әлемге ұсыну қажет.

Қысқасы, бүгінгі жас ұрпаққа, жалпы әлем халықтарына Қорқыт есімін сіңіру үшін мынадай танымдық жұмыстар атқарылуға тиіс: 1)материалдық мәдениет – басына үлкен күмбез соғу; 2) рухани әдебиет - танымдық энциклопедия шығару; 3) рухани мәдениет – Қорқыттың музыкалық сарындарын көпшілікке жеткізу. Жұмыстар осы үш бағытта атқарылар болса, Қорқыт есімін ұлт тарихына, тіпті әлемдік тарихқа енгізу мүмкіндіктері туары анық. Бұларсыз Қорқыт есімін ЮНЕСКО тізіміне қосудың қиындай беретіні белгілі.

Ұлт тарихын қайта пайымдау талаптары тұрғысынан Сыр өңіріндегі көне тарихи жәдігерлерді насихаттаудың қажеттілігі айқын. Олардың саны аз болмаса да, зерттеліп, жарияланып жатқан жұмыстар саны көп емес. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Сырдария кітапханасы» сериясымен Сыр бойынан шыққан ақын-жазушылардың шығармалары жүз томның үстінде жарық көрді. Ендігі жерде тарихи маңызы зор, ұлттық мәдениетімізге қатысы бар, жастарымызды отансүйгіштікке баулитын көне жәдігерлерді жарыққа шығарудың да кезегі келіп отыр. Сонау оғыз елінің орталығы Жанкенттен бастап Женд, Жетіасар, Шірік рабад, Баршынкент, Сарышығанақ, Бестам, Өзгент, Сығанақ, Сауран секілді көне қалаларды «Сыр бойының қалалары», Бегім ана, Сараман-Қоса, Қорқыт, Асанас, Оқшы ата, Асан ата, Көккесене, Қорасан ата, т.б. жеке тұлғаларға байланысты жәдігерлерді «Тарихи қорымдар», ел жадында сақталған тарихи оқиғаларды «Сыр бойының тарихы», музыкалық-эпикалық дәстүр аясында туған шығармаларды «Сыр мақамдары» деген сериялар арқылы жеке-жеке кітап етіп шығарар болсақ, туған елге қызмет көрсетудің бір үлгісі – осы. Мұндай танымдық басылымдар өңірлік жәдігерлерді ұлт тарихына жақындата түспек. Жас ұрпақтың санасына ұлттық сананы сіңіруде көркем шығармалармен қатар тарихи сипаттағы танымдық әдебиеттердің де өзіндік орны бар екенін ескерген жөн. Жоғарыда аталған көне қалалар мен қорымдарға ғылыми анықтама берсек, қазақ тарихына көптеген соны мәліметтер қосылғалы тұр.

Ұлт тарихын жаңаша зерделеу барысында Сыр елінің тарихы мен мәдениетіне байланысты зерттеулер жүргізудің қажеттілігі айқын. Бұл бағыттағы іс-шаралардың басында Қорқыт тұлғасы тұрады. Осы кезге дейін Қорқыт туралы жазылған еңбектер аз болмаса да, пікірлер шұбалаңқы. Біреулер оны өмірде болмаған, қиял жемісі – миф санаса, екіншілері өмірде ізі, іс-әрекеттері қалған тарихи тұлға деп біледі. Басқасын айтпағанда, осы мәселенің өзіне де анықтық енгізу қажет.

Ең алдымен, Қорқытты өмірде ізі бар тарихи тұлға ретінде танытып, оның әлемге мәшһүр әдеби-музыкалық мұрасын насихаттауымыз керек. Қорқыт тұлғасын түркі тілдес халықтар мәдениетінің басына қою үшін оның есіміне байланысты эпикалық мұраны бүгінгі жыршыларға орындату қажет. Қорқыт жырларының бір заманда эпикалық айналымға түсіп, жырланғаны дау тудырмауға тиіс. Бірақ араға уақыт түсіп, көне дәстүр көмескі тарта бастаған. Мақсат Қорқыт жырларын бүгінгі музыкалық әуендермен айтып шығу емес, Қорқыттың көне музыкалық мақамын қалпына келтіріп, жырларын сол мақаммен орындау. Осылайша біз пратүріктік музыкалық сарынды қайта жаңғыртқан болар едік.

Сыр бойында ноғайлы дәуірінің әдеби жәдігерлері де жақсы сақталған. Бұл кезеңде аймақтың музыкалық-эпикалық репертуары өзгеріске түсіп, «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» сияқты эпос үлгілерімен толықтырылған. Біз болсақ күні кешеге дейін жырланып келген «Көрұғлы» жырын да жазып ала алмадық. Демек, Қорқыт жырларын жаңғырту бағытында әлі де елеулі жұмыстар атқару қажет болады.

Екіншіден, Қорқытты жас ұрпаққа тарихи тұлға ретінде таныту бағытында жұмыс жасалу керек. Қорқыт туралы деректерді жете игермеген, көбіне кеңестік дәуірдегі ғылыми танымға иланып қалған кейбір фольклортанушылардың сыртекі пікірлеріне малданып, Қорқыт – миф, оның тарихи прототипі жоқ деп отыра беруге әсте болмайды. Оның өмірде болғанын дәлелдейтін деректер аз емес, соларды жинақтап көрсетуіміз керек. Бар нәрсені жоқ дегеннен ұтарымыз шамалы. Ол танымның тарихилық принципіне де қайшы келеді.

Үшіншіден, Қорқыт туралы аңыз-әфсаналардың ізін сонау антикалық дәуірден іздеп жүрген зерттеушілер де жоқ емес. Соңғы жылдары қазақ фольклоры (әдебиеті) мен антикалық мифология арасындағы сабақтастық туралы екі бірдей докторлық диссертация қорғалды. Авторлар дәлел ретінде Қорқыт есімін, әсіресе Төбекөз (Полифем) бейнелерін алға тартады. Оны кезінде В.М.Жирмунский, Х.Зарифов, Ә.Қоңыратбаевтар жазған. Сол пікірлерді қайталаумен ғылыми танымның тереңдемесі анық. Оның үстіне ғылыми танымның мақсаты қазақ мифтеріндегі антикалық сарындарды көрсетуде ғана емес. Типологиялық ұқсастықтар бола береді. Ғылыми таным сол ұқсастықтарды теріп көрсету емес, тарихи-мәдени себептерін ашудан басталса керек. Ал сыртекі ұқсастықтарды санамалап өтумен, болмаса толып жатқан тарихи деректерге көз жұма қараумен өскелең оқырманды қанағаттандыру, олардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру өте қиын.

Төртіншіден, Сыр бойындағы фольклорлық мұраларды зерттеу барысында оның тарихына жаңалықтар енгізу қажет. Мысалы, Қармақшы жеріндегі оғыз мәдениеті аясында туған «Қорқыт ата кітабы», «Көрұғлы» жырлары мен Арал аймағында сақталған ноғайлы жырларында көптеген тарих элементтері жүр. Бірақ сол деректерге фольклортанушылардың тісі батпай келсе, нақты тарихи айғаққа ғана табан тірейтін тарихшылар да эпостық жырларды қосалқы тарихи дереккөз ретінде пайдалана алмай жүр. Осы себепті аймақтың тарихы, оны мекендеп отырған ел тарихы көмескі күйінде қалып келеді. Ал ондағы мәліметтердің ұлт тарихына қосар үлесі қомақты.

Әр жылдары бұл аймақтарда археологиялық қазба жұмыстары да жүргізілді. Сол жұмыстардың ғылыми нәтижелері Сыр елінің көне тарихымен қабаттасып жатқаны қуантады. Көне оғыз мәдениетінің ошағы деп жүрген Жанкентте ашық аспан астындағы музей жасау мәселесі сөз болуда. Облыс әкімі Қ.Көшербаев осындай музейді Сығанақ қаласының орнынан ашуды да мәселе ретінде көтеріп отыр.

Олай болса, Сыр елінің мәдениетін тарихи-стадиялық кезеңдерге қойып, оғыз, ноғайлы, Қоқан, Хиуа дәуірлерінің тарихын эпостық жырларда («Қорқыт ата кітабы», «Көрұғлы», «Едіге», «Қарасай-Қази», «Орақ-Мамай», «Мәулім-Нияз», «Екрек-Секрек», т.б.) сақталған мәліметтер арқылы толықтырудың да кезегі жетіп отыр. Бізге жетпеген, тарихи құжат түрінде сақталмаған мәліметтерді қалпына келтірудің бірден-бір жолы – осы. Мұндай зерттеулердің нәтижесі де жаман болмауға тиіс.

Бүгінгі күн талаптарынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру барысында Қ.Көшербаев жетекшілік жасайтын облыс басшылығының үлкен ізденістерге құлаш сермеп отырғанын байқатады. Оның жанынан құрылған комиссия республикамыздың көрнекті мамандары тарапынан ұтымды жобалар күтуде. Олай болса, ұлт тарихын қайта жасау барысында Сыр елінің тарихы мен мәдениетін игерудің маңызы мен жаңа мақсат-міндеттері де айқындала түсетін болады деген сенімдеміз.

**Тынысбек ҚОҢЫРАТБАЙ,**
**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.**

● ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – ТЕҢГЕНІҢ ЕНГІЗІЛГЕНІНЕ 20 ЖЫЛ

# ТӨЛ ТЕҢГЕ – ТӘУЕЛСІЗДІК НЫШАНЫ



Кешегі 90-шы жылдардың басындағы қиыншылықты барлығымыз жақсы білеміз. Ортақ жүйенің тігісі сөгіліп, алып империяның құлауы ә дегеннен күрделі жағдайға әкеліп тіреді. Ортақ байланыстар үзілді. Халық біршама абыржыды. Осыған дейін үкімет асырайды деген түсінікпен өмір сүрген елдің тығырыққа тірелуі заңдылық еді. Себебі, тәуелсіздікке дейін халық ортақ бөлу жүйесіне негізделген социализмнің экономикалық заңдарымен өмір сүрді. Ал, тәуелсіздіктен кейін Ресейден бастап барлық мемлекеттер елдің түсінігіне бұлыңғырлау құбылыс – рынокқа бет бұрды. Бағалар шарықтады. Тұтыну рыногында тапшылық, қауырт жағдай қалыптасты.

Міне, осындай ауыр кезеңде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бірден-бір дұрыс шешім қабылдады. Теңгені енгізу бұл тәуелсіздігіміздің нышаны болып табылады. Өзіндік ақша несие саясаты қалыптаспаған елдің тәуелсіздігі де бұлыңғыр болып қала бермей ме? Міне, осы тұйықтан шығу үшін Елбасы Үкіметке, Ұлттық банкке тапсырма беріп, қысқа уақытта Ұлттық валютаны енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл шешімнің жүзеге асуы өте құпия жағдайда іске асырылды.

Теңге енгізілетінінен бірнеше күн бұрын мен Алматы қаласына шұғыл түрде ұшуға тапсырма алдым. Қарашаның 10-ы күні Алматыға келдім. Бізге арнайы тапсырма берілді.Қазақстан Үкіметі басшысының бірінші орынбасары Дәулет Сембаевтың төрағалығымен өткен жиында өте құпия түрде бірқатар тапсырмалар берілді. Жаңа ақша, яғни, теңге арнайы рейспен өңірлерге жеткізілетіні айтылды.

Сонымен, Қызылорда облысының әкімшілігінде тиісті органдармен бірлесе отырып, қауырт жұмыс басталды. Қолма-қол ақшаларды айырбастау лимиті, көлемі бекітілді. Қазақ тарихында белгілі орны бар кісілердің бейнесі белгіленген теңгелерді көріп, бойымызды қуаныш сезімі кернеді. Тәуелсіздіктің жемісін енді көре бастағандай сезіндік.

Ақшалар банктерге таратылды. Әлі есімде, ақша айырбастауға қатысты қауырт жағдай қалыптасқан жоқ. Ең маңыздысы, теңгені тұрақтандыру болды. Себебі, өзіміздің төл теңгемізді тауарлармен қамтамасыз ету экономикалық ғана емес, саяси жағынан алғанда да маңызды мәселе еді. Бұл шаралар тыңғылықты орындалды. Бірте-бірте тұтыну рыногы тауарларға тола бастады. Әрине, оңай болған жоқ, оған жылдар кетті, инфляция шарықтады. Бірақ, уақыт өте келе теңге тәуелсіздігіміздің нышанына айналды.



Бүгін біз теңгенің 20 жылдық мерейтойымен бірге қаржыгерлер мерекесін де атап өтіп отырмыз. Әріптестеріме мерекелеріңіз құтты болсын дегім келеді.

**Қалқазбек ӘЖІБЕКОВ,**
**1993 жылғы облыс әкімшілігі басшысының экономика жөніндегі орынбасары, облыстық мәслихат депутаты.**

# ХАЛЫҚТЫҢ ОРТАҚ МЕРЕКЕСІ



Теңгенің айналымға енгізілгеніне 20 жыл толды. Сонымен бірге біз, қаржыгерлер өзіміздің төл мерекемізді атап өтіп отырмыз. Теңгенің мерейтойы – біздің ғана емес, тұтас елдің мерекесі. Ол Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Ол Қазақстан Республикасының конституциялық заңына сәйкес тұрақты түрде мерекеленіп келеді.

Бүгінгі күнгі барлық жетістіктерімізді біз тәуелсіздікпен байланыстырамыз. Елбасының дәйекті саясатының арқасында Қазақстан әлемдік өркениет көшіне ілесті. Елбасын, Қазақстанды әлем жұртшылығы тани бастады. Бұл тәуелсіздік жылдарында Мемлекет басшысының атқарған қыруар жұмысының жемісті нәтижесі деп білемін.

Еліміз қазір «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру мақсатына жұмылған. Мемлекет басшысы таяу болашақта Қазақстанды әлемдегі 30 озық мемлекеттің қатарына қосу міндетін алға қойған болатын. Бұл – жай ғана болжам, жоспар емес, нақты есептерге, мүмкіндіктерге сүйеніп жасалған меже. Ішкі жалпы өнімнің өсімін бір ғана шикізат өнімдерінің есебінен ғана емес, шағын және орта бизнестің, өңдеу өнеркәсібінің өнімімен ұлғайту міндеті қойылды. Қазір жер-жерде осы мақсатта тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Тәуелсіздік жылдарымен бірге теңге де айналымға енгеннен кейін бірқатар күрделі асуларды еңсерді. Ол әлемнің озық валюталарына қарағанда едәуір құнсызданды. Бірақ әділдік үшін атап өтуіміз керек, қазіргі таңда ол ТМД мемлекеттерінің бірқатар валюталарына қарағанда, өзінің тұрақтылығын сақтап келеді. Осының өзі елімізде қаржы несие саясатының дұрыс жолға қойылғанының айғағы болып табылады.

Қазір ел экономикасы даму үстінде. Теңге тұғыры да тұрақты, ол өзінің тарихи функциясын толығымен орындап шықты деп айтуға толық негіз бар. Әріптестерімді алдағы төл теңгеміздің 20 жылдық мерейтойымен қатар келетін қаржыгерлер меркесімен құттықтағым келеді. Еңбектеріңіз жемісті болсын!

**Қайратбек СӘРСЕНБАЕВ,**
**облыстық қаржы басқармасының басшысы.**

# ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДА ҚАЗАҚТЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН

Жұмыс бөлмесіне жарқылдай күліп, аңқылдай сөйлейтін бір азамат кіріп келді.

– Ассалаумағалейкүм, мені таныдың ба? – дегендегі жылы жымиысынан кезінде Жалағаш ауданының спорт саласына басшылық жасаған палуан денелі, білекті жігіттің бейнесі көз алдымда көлбеңдей тұра қалды.

– Неге танымайын? Сіз Құлмұрат Көбеев емессіз бе? Көрмегелі көп болды-ау? – деген соң айқара құшақтасып, сәті түскен сұхбат желісін ағытып жібердік.

– Алматыдан ат терлетіп туған топырағыма келгенім, кезіндегі қуғын-сүргін заманында кіндік қаны тамған топырағын тастап, көршілес Қарақалпақстанға қоныстанған, есімі елге танымал азаматты Сыр елі біле ме екен? Білмесе, осы аймақтың бас басылымы «Сыр бойы» арқылы білдірейін деп едім. Ол кісінің есімі – Абдулла, тегі – Сандыбекұлы.

– Ал, айтыңыз, ол кісі кім?

– Айтайын, Абдулла ағамыз 1911 жылы Қазалы ауданына қарасты Майлыбас ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Осы ауылдағы Кеңтүп орта мектебінде білім алған ол діни сауатын жетілдіру мақсатында Төс баласы Ақмырза ишанның мешітінде Серғали Толыбеков, Қожа Бәйіш Сұлтанов, Шүкірәлі баласы Кәмаладдиндермен бірге дәріс алып, діни сауатын ашады. Айтқандай, Кәмаладдин бүгінде осы Қазалы ауданына қарасты Сарбұлақ ауылында тұратын көрінеді. Осы кісінің баласы Серік Кәмаладдинұлы мен келіні Ақерке Өтепбергенова Франция еліне барып, 28 мақаммен терме төккен дейді.

Абдулла ағамыз 1930 жылы Алматыдағы қаржыгерлер дайындайтын жоғары оқу орнына түсіп, 1935 жылы экономист-қаржыгер мамандығын алады. Еңбек жолын сол жылдың қараша айында Қарақалпақ автономиялық республикасына қарасты Тамды аудандық бюджет бөлімінде қатардағы қаржыгер болудан бастандырады. Білімді де білікті жігіт бертін келе ел сенімін арқалап, жоғары лауазымды қызметтерге тағайындалады. Саралап айтар болсақ, 1937 жылы сол Тамды аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі, 1941 жылы Өзбекстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы, 1942 жылы ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарады. Ал, осы жылдың маусым айында Қоңырат аудандық партия комитетінің 2-хатшысы қызметіне жіберілген.

Абдулла ағамыз 1944 жылдан 1949 жылға дейін Молотов колхозы басқарма төрағасы, содан соң Қарақалпақ АССР қаржы министрінің 1-ші орынбасары, 1950-1955 жылдары Шоманай, Куйбышев аудандары қаржы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыройлы атқарған. Әбекеңнің алған асуын, шыққан шыңын санамалап айту әсте мүмкін емес. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол, 1966 жылдың тамыз айынан Қарақалпақ автономиялық республикасының кеңшарлар тресі жоспарлау бөлімі бастығы қызметін еңбек демалысына (зейнеткерлікке) шыққанға дейін атқарады.

– Айтқандай, Абдулла ағамыздың жан-жары Сара Оспанқызы да жоғары лауазымды қызметтер атқарған көрінеді. Ендігі сөз кезегін сол кісінің өмірдерегіне берсеңіз...

– Әбекеңнің жұбайы Сара апамыз 1917 жылы Қостанай облысына қарасты Қарабалық ауданында орта шаруа жанұясында дүниеге келген екен. Сара 1930 жылдары Магнитогорск қаласында рабфактан дәріс алса, кейін Алматыға келіп, жоғары білім алады. Алланың жазмышы болар, сол жылы Әбекеңмен танысып, шуақты шаңырақ көтереді. Жоғарыда айтқандай, қосағымен қоса ағарған Сара апамыздың еңбек жолы Әбекең басқаратын Молотов атындағы колхозда мақта өсірушілер звеносын басқарудан бастау алады. Сара апамыздың жүрген жолдарын санамаламай-ақ қояйын. Басты-бастыларын айтар болсам, 1953-1956 жылдары Куйбышев, Кегейлі аудандарында аудандық қаржы басқармаларының бастығы, 1957-1959 жылдары Ходжелі аудандық атқару комитетінің төрағасы болған. Ал, кейіннен Қарақалпақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады. 1960-1970 жылдары Нөкіс қаласында қалалық өндірістік орталығының директоры, автобаза директоры, құрылыс басқармасы бастығының орынбасары қызметтерін атқарған. 1971 жылдан 1983 жылға дейін, яғни, еңбек демалысына шыққанша Қарақалпақ Министрлер кеңесінің істер басқармасына қарасты бір саланың директоры болып қызмет атқарады. Сара апамыздың 1958 жылы Кремльде өткен Бүкілодақтық мақташылардың кеңесіне, сондай-ақ, Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктер көрмесіне қатысуы да тектен-тек болмаса керек. Сара Оспанқызы 2008 жылы 3-қараша күні Алматы қаласында дүние салады.

– Естуімізше, Абдулла ағамыздың ұл-қыздары да «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегендей, ата-ана жолынан жаза баспай жүрген көрінеді.

– Дұрыс айтасыз. Жалғыз ұлдары – Марат 1938 жылы Бұхара облысына қарасты Тамды ауданында дүниеге келеді. 1961 жылы Ташкент қаласындағы политехникалық институтынан құрылысшы-инженер мамандығын алған ол Өзбекстан мен Қарақалпақстанда құрылыс саласында басшылық қызметте болады. Осы Мараттан тараған Әбекеңнің немересі Әлібек Қазақстан құрылыс қоғамының жоспарлау басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет етіп жүрсе, қалғандары да жауапты қызметтерде.



– Абдулла ағамыздың ел-халық алдындағы ересен еңбегі де ескерусіз қалмаған болар?

– Әбекең кезінде «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері мен «Еңбектегі ерлігі үшін», тағы да басқа ондаған еңбек және соғыс медальдарымен, Өзбек ССР мен Қарақалпақ АССР-ның Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ол 1939-1962 жылдар аралығында Тамды, Ходжейлі және Куйбышев аудандарының аудандық Кеңесінің депутаты болып бірнеше рет сайланса, 1971 жылы «Қарақалпақстанға еңбегі сіңген қаржыгер» атағын алған.

Сөз соңында айтарым, Әбекең шет жерде жүрсе де «мен қазақпын» деген бауырларына қамқор қолын созған екен. Әсіресе, қызылордалық ағайындардың тұрмыс-тіршілігін барынша зерттеп, олардың өсіп, өркен жаюына мейлінше көмектескен. Айтқандай, Қарақалпақстанның Тамды ауданымен шекаралас Қызылорданың Қызылқұм аймағынан келген ағайындардың басын қосып, «Карл Маркс» атындағы колхозды ашады. Осы колхоз тұрғындарының 70 пайыздан астамы қызылордалық ағайындар болыпты. Осы бауырлардың балаларын оқытып, оларды жұмысқа қабылдаған.

Әбекенді біреулер білсе, біреулер білмес. Абдулла ағамызды артында қалған бауырлары іздеп те жүрген болар. Ағамыздың рухы риза болсын деген азаматтардан қуанышты хабарлар күтеміз.

**Еркін ӘБІЛ.**

ҒАЛЫМ МІНБЕРІ

# ТАРИХТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

**Президент Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор» деп айрықша атап көрсеткен еді. Сондықтан да жоғары оқу орындары алдында педагогтар дайындауда басты мақсат – кәсіби тарихшыларды дайындау талаптары тұр. Себебі соңғы жылдары тарих ғылымының барысында әр түрлі методологиялық тәсілдер қалыптасқан және жасалып та келеді. Сондай-ақ, тарих оқулығының мазмұнына байланысты және тарихшылар алдында күрделі ғылыми теориялық мәселелердің шығуы, ғалымдарға жаңа мазмұнды әдістерді іздеу мен тарихты оқыту технологиясын үйренуде үлкен еңбек ету қажеттігі тұр.**

Кеңес дәуірінде бүкіл дүниежүзілік процесті түсіндіруді үстем болған маркстік-лениндік методология бойынша дәйектілікпен алмасып тұратын қоғамдық-экономикалық формация процесі деп саналатын теорияны қабылдауды талап етіп келгендігі белгілі. Бірақ маркстік-лениндік теория бірыңғай методология болғандықтан көп ұзамай кеңестік кездің өзінде ғылыми зерттеуде, тарих ғылымының дамуына мүлде дұрыс ықпалын тигізбеді және елдегі тарих білім жүйесіне де кедергі бола бастағандығы жұртшылыққа белгілі. Маркстік-лениндік методология антогонистік таптарға барынша көңіл аударған еді, революцияны абсолюттендірді, эволюциялық дамудың маңызын төмендетті және инволюциялық мүмкіншілікті жоққа шығарды. Демек, маркстік формациялық тәсіл социализмнің теориясы мен практикасы төңірегінен аса алмады және білім мен тәрбие теориясында осылайша қаралды. Сондықтан 90 жылдардан бастап маркстік-лениндік методологиядан бас тарту жаңа методологияны іздеуге әкеліп соқтырады. Дегенмен де тез арада басқа методология табылды. Осы кезден бастап өркениеттік методология тәсілі ел ішінде кеңінен таралып насихаттала басталған еді. Алғашқы кезде ғалымдар арасында бұл теорияны маркстік ілімнің орнына механикалық түрде алмыстыра салу керектігі де кеңінен айтылған еді. Аталмыш теорияда адамзат баласының қоғамы, өркениеттің кейбір әлеуметтік жүйе циклінің жиынтығы болып табылатындығын атап келеді. Бірақ қазіргі кезде ғалымдар циклдік даму іс жүзінде мүмкін еместігін түсініп отыр, себебі ол ішкі тұрғыдан алғанда тұйықтылықты қажет етеді және бірде-бір өркениет басқа әлемнен оқшаулана өмір сүре алмайтындығы айтылып отыр. Сонымен бірге, өркениеттің ыдырауының өзі жаңа өркениеттің қалыптасу процесіне әсерін тигізетіндігін тарихтың өзі дәлелдеп берді. Өйткені ежелгі Грек өркениеті ежелгі Рим өркениетіне зор мәдени әсерін тигізді, өз кезеңінде ежелгі Рим Батыс Европа өркениетінің қалыптасуына ықпал жасаған, византиялық – орыс өркениетіне, советтік – қазіргі Ресейге және т.б. Яғни, тарихи цикл тұйық еместігі және ол адамзаттың тұтас үдемелі дамуын да жоққа шығармайды. Бұл теорияны әр кезенде жете зерттегендер – Джамбатиста Вико, О.Шпенглер, кейбір жақтарын Дж.Тойнби, Ф.Бредель және Н.Я.Данилевский, А.Н.Гумилев және басқалар. Дегенмен де, өркениеттік методология әлі де болса толық жете зерттелмеген.

О.Шпенглер өздеріне бөлінген әрбір өркениеттің ерекшелігіне қарады. Ал, Дж. Тойнби жете түсінген, тарихты бір ізге салу фактілердің өрескел бұрмалауына және тарихи ой өрісінің тарылуына әкелетіндігі, адамзат баласының ерекше қайталанбас жеке өркениеттегі жалпы қозғалыстың сырын ашқан еді. Ф.Бредельдің пікірінше, әрбір өркениет өзіне көршілес және онда арғы өркениеттің белгілі бір құндылығын қабылдайды және өзінің құндылығын өз шекарасынан әрі қарай кеңінен таратады деп көрсеткен. Өркениет теориясы XIX-XX ғасыр аралығында белсенді түрде формациялық тәсілді толық ысырап ауыстырды деп есептей бастаған. Себебі бұл теория да бұрынғы сияқты, негізінен, ағарту және тәрбие бағыттарын сақтай отырып, ұлттық идеяларды нығайтты. Бұл теорияның көмегімен отандық және жалпы тарихты түсіндіру мүмкін деп есептеді. Өркениеттік тәсілдің үлкен артықшылығы бар екендігі талас тудырмайды. Себебі бұл да әлеуметтік-мәдени тарихпен үйлесімді келеді. Қазіргі таңда анықталғандай, бұл теориялық тәсіл де универсалды емес, бұл да шектеулі және жеткілікті түрде жете зерттелмеген. «Өркениет» ұғымын талдау негізінде жиырмадан астам анықтамасы белгілі болып отыр. Бұл өркениет теориясының мәнін толық түсінуде қиындықтар туғызатыны анық.

Соңғы жылдары жоғары оқу орнында және орта мектептерде тарихтан саналы білім беруде теория мен әдістеме мәселелерін жетік білуге үлкен мән беруде. Ғалымдардың пікірінше, тарихтан сапалы білім беруді орта мектептен бастап, тарихтың іргелі пәндеріне үлкен көңіл аударуды талап етіп отыр. Атап айтқанда, «Дүние жүзі тарихы», «Адам және қоғам», «Құқықтану негіздері» мен «Алғашқы қоғам тарихын» оқытудың кейбір кемшілік тұстары аталып, оларды жою жолдары белгіленеді. Әсіресе, орта мектептің төменгі сыныптарында тарих пәнінен сабақ беруді, тәжірибесі аз оқытушыларға емес, керісінше тәжірибесі мол, білікті оқытушыларға тапсыруды және 5-7 сыныптарда тарих пәнін жүргізетін оқытушыларды арнайы курстан өткізуді мектеп директорынан талап етуді ұсынып отыр. Себебі орта мектептен бастап жоғары оқу орнында тарихтың іргелі пәндерін оқытатын оқытушылар теориялық мәселелердің негізін терең білетін тәжірибелі әдіскерлер болуы тиіс. Бұл ретте, орта мектептерге арналған іргелі пәндердің оқулықтары мен бағдарлама мазмұнын жақсартуға үлкен мән беріліп келеді. Соған байланысты «Ежелге дүние тарихы» пәніне арналған бағдарламаның мазмұны талапқа сай жасалып, оның бірінші бөлімінде алғашқы қоғам тарихын оқытудың теория және әдістеме мәселелеріне ерекше мән берілген. Себебі «Ежелгі дүние тарихының» кіріспесінде алғашқы қоғам құрылысының жіктелу процессі оқылатыны ескерілген. Әрине, орта мектеп тарихында іргелі пәндермен қатар, Отан тарихы оқылатыны белгілі және оның қажеттілігі түсінікті, себебі егеменді елдің жас ұрпақтары өз Отанының тарихын мақтан етуге міндетті. Сондықтан да орта мектеп тарихының басты міндетті ісі ағартушылық және тәрбиелік мәселелерді іске асыру болып табылады. Ал, жоғары оқу орнында тарихтан білім беру өзгеше. Онда мектеп курсында оқылып кеткен тарихи оқиғаларды қайталап оқыту өзекті мәселе емес. Басты мақсат студенттерге іргелік пәндердің теориясын білумен қатар қабілеттілікті, дағдылықты үйретумен бірге, өзін қоршаған ортадан емін-еркін хабардар болуды үйретеді және оларға тарих тұрғысынан ойлауды қалыптастырады. Тарих тұрғысынан ойлау (историзм мышления) – қазіргі таңда білімді адамның маңызды бір мәдениеттілігі, оның шексіз тізбектелген тарихи фактілерге баға бере алатын қабілеттілігін сипаттайтын бірден-бір көрсеткіші. Тарихты оқыту процесінде тарих тұрғысынан ойлауды қалыптастыру үшін бұл ғылымның методологиялық негізін қалыптастыруға ерекше көңіл аудару өте қажет, себебі оның қоғам дамуын түсінуге маңызды және шынайы білімге барынша жақындап жетуге әсері бар.

Жоғары оқу орнында тарихтан сапалы білім беруді арттыруда теория мен практиканы үйлестіру әдістерін қолдану өте маңызды. Оны бірінші курста өтетін алғашқы қоғам тарихы пәнінен бастаған жөн. Себебі пәннің зерттейтін объектісі – адамзаттың пайда болуынан бастап, алғашқы қоғамның жіктелуімен таптық қоғамның қалыптасуы және мемлекеттің пайда болуына дейінгі кезеңді теория тұрғысынан зерттейтін іргелі ғылым. Кеңес дәуірінде алғашқы қоғам тарих пәні ежелгі дүние тарихының кіріспесіндегі Энгельстің «Семья, меншік және мемлекеттің пайда болуы» атты еңбегінің негізінде оқылғандығы белгілі. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының бастап өркениеттік методология тәсіліне ауысуға байланысты алғашқы қоғам тарихы «История первобытного общества» деп аталатын жаңа оқулық негізінде оқылып келеді. Біріншіден, оқулықтың ерекшелігі – егерде бұрын алғашқы қоғам тарихы Энгельстің еңбегімен шектеліп оқылса, енді б.з.д. антик ойшылдары еңбегінен бастап, XIX ғасырдағы атақты ғалымдардың алғашқы қоғам тарихын зерттеудегі өзектілігі мен оны қалпына келтірудегі жасаған ұсыныстарының маңыздылығы көрсетілген. XIX-XX ғасырлар аралығында жаңа ғылыми жетістіктерге сүйеніп, адам және қоғамның қалыптасуы, кемелденген алғашқы қауым құрылысының коллективтік табиғатын және жеке меншіктің пайда болу барысында оның ыдырау процесі, қоғамдық таптар мен мемлекеттің шығуы көрсетіліп, қорытынды бөлімінде алғашқы қоғам мен өркениеттің ара қатынастары және олардың нәтижелері баяндалған. Екіншіден, мақалада теория немесе әдістемеге байланысты мәселелердің бәрін қамтымай, тек танымал теориялық қағидаларды практикамен үйлестіру жақтарын студенттерге түсіндіру мақсаты қойылып отыр. Жоғары оқу орнында тарих факультеті студенттері «Ерте таптық қоғам және мемлекеттік қалыптасуы» атты тақырып бойынша алғашқы сабақтары өтетіндігі мәлім. Бұл тақырыптың Шығыс елдері мемлекеттерінің тарихынан басталатындығы да түсінікті. Өйткені б.з.д. мыңдаған жылдар бұрын пайда болған мемлекеттердің тарихы күрделі де қызықты. Сондықтан, оқу процесінде оларды түсіндіру барысында тарихи фактілерді тізбектелген факталогияға айналдырмас үшін, Ежелгі Египет мемлекетінің пайда болу қарсаңында оның алғышарттарының жасалуына әсер ететін негізгі факторды анықтау арқылы алғашқы қоғамның ыдырауы мен қоғамдық таптардың қалыптасуын қысқаша теориялық тұрғысынан түсіндірген дұрыс. Мысалы, кеңес кезіндегі теорияда көп уақытқа дейін қоғамдық таптардың қалыптасуына өндірістік фактор ең басты деп қаралған, ал кейде қазірдің өзінде металдың шығуы немесе оның пайдалы қасиетін игеруді, тастан металға ауысуын айтып келді. Бірақ қазір белгілі болғандай, қоғамдық таптардың қалыптасуы дәуірінде, металл түгелдей бар жерлерде бірдей игерілмеген, бар жерде бірдей әсер еткен шаруашылықтың одан әрі дамуы, бірінші кезекте өндіруші, сондай-ақ соған ұқсас жоғары дәрежеде мамандалған тұтыну шаруашылығы деп көрсетілуде. Өндіруші шаруашылықтың алғашқы қауым сатысында қалыптасуы оның таптар пайда болу дәуірінде прогрессивтік дамуына мүмкіншілік жасады. Әр түрлі жүйедегі егін шаруашылығы қалыптасып, кешенді егінші мал өсіруші шаруашылық және мал шаруашылығы қалыптаса бастаған. Дегенмен де, алғашқы қоғамдағы егіншіліктің эволюциясы қалай дамығандығы белгісіз. Бірақ бұл туралы үстем етуші пікірлерде, жер жыртатын құралдардың шығу тегі тырмалау құралдардан басталатыны айтылуда, онымен жол-жол (борозда) салуға және егіншілікті тырмалау үшін пайдаланғандығы туралы археология және этнография ғалымдары растап отыр. Алғашқы кезде бұтақты таяқ арқылы жерді бірнеше адамның күшімен тартып өңдеп отырса, көп ұзамай қолмен жер өңдеудің орнына мал жегіп жерді өңдеуге көшкен. Қол еңбек құралымен жер өңдеуге қарағанда, мал жегіп айдалған жердегі еңбек өнімділігі бірнеше есеге арттырылады. Мал күшін жегіп айдаудың қажеттігі жегетін малды өсіруге ынталандырып, мал шаруашылығының түрлері одан әрі тереңдеп және тармақтанып бөлініп шыға бастады. Ақырында егіншіліктен мал шаруашылығының бөлінуі бірінші ірі қоғамдық еңбек бөлісін шығарды. «Бірінші ірі қоғамдық еңбек бөлісінен қоғамда бірнеше ірі екі тап пайда болды: мырзалар және құлдар, қанаушылар және қаналушылар». Демек, егіншіліктегі эволюциялық даму негізінде өндіруші шаруашылықтар бар саласындағы еңбек құрал-жабдықтардың жетілуі қоғамдағы жіктелу процесін жеделдетіп отырды.

Мемлекеттің пайда болуы мен таптардың қалыптасу дәуірінде бірінші қоғамдық еңбек бөлісінің тереңдеуі және екінші ірі қоғамдық еңбек бөлісінің қалыптасуымен қатар, алғашқы қауым құрылысында алмасу ере жүріп дамыды. Ерте алғашқы қауым дәуіріндегі коллективтер ерекше табиғи орта берген байлықпен алмасты, ал кешеуіл алғашқы қауымда анағұрлым кең тараған алмасудың басқа түрі, сый алмасу болды. Енді мәдени-шаруашылық түрлерінің жіктелуі және осы алмасуларға негізделген экономиканың одан әрі дамуы, бұл алмасудың екі түрі одан да бетер үлкен маңызы болды. Бірақ, олардан да маңызды болған – шынайы экономикалық алмасудың пайда болуы. Бұның ерекшелігі – сый алмасуға қарағанда байланысты соншалықты қадірлеу емес, алмасу жолымен алынған заттарды бағалау болды. Беделді, әсіресе, шынайы экономикалық алмасу қоғамында заттарды айырбастау кезінде баламасы туралы түсініктің қалыптасуына мүмкіндік туды. Олар әр түрлі заттардан құралды айырбастаушылар өздерінде сирек кездесетіндіктен алмасатын заттары құнды болып саналады, экзотикалығымен немесе оларға сіңірген еңбегімен бағаланады. Айырбастау операциялардың артуы көп уақытқа дейін осы салада арнайы мамандарды – саудагерлерді қажет етпеді. Бұл операцияларды қоғамда өнім өндірушілердің өздері айналысқан, әсіресе, көсемдер мен бигмендер, олар үшін айырбастаудағы делдалдық және айырбастағы баламалықтан қор жинап, өздерінің мәртебесін көтеруде ең маңызды тәсіл болды. Бірақ, кәсіби немесе жартылай кәсіби саудагерлердің шығуы үшінші ірі қоғамдық еңбек бөлісінің пайда болуын көрсетті. Энгельс енді мұны ерте таптық қоғамға жатқызды. Алғашқы қауым құрылысында мамандалған саудагерлердің пайда болуы бірден емес, кем-кемнен қоғамдық таптар қалыптасу дәуірінде пісіп-жетіліп отырды.

Қорыта келе, алғашқы қоғамның ыдырауына және қоғамдық таптардың қалыптасуына әсер еткен негізгі фактор – өндіруші шаруашылықтағы кешенді дамыған, егіншілік пен мал шаруашылығы және металлургияның негізінде пайда болған қолөнер мен сауда. Оқу процесінде студенттерге осы қысқаша жасалған теориялық тұжырымды практикамен үйлестіру әдісін қолдану негізінде түсіндірген дұрыс. Бұл іргелі ғалымдардың жалғасы жоғарғы курста оқытылатын іргелі пәндерде жалғасын табады.

Әрине, егемендікті алғаннан кейінгі кезде халқымыздың өткен тарихы және тәуелсіз үшін күрескен тарихы тұлғалар мен әр ру тайпалардың өз батырлары, ақындары мен жыраулары және молдалары туралы тарихы зерттеулердің құндылығы мен қажеттілігі белгілі. Дегенмен де, жоғары оқу орнының басты мақсаты орта мектептер оқушыларына адамзат тарихының даму процесінде бастан кешкен бес қоғам тарихынан теориялық білім беру кәсіби тарихшының қасиетті міндеті. Сондықтан тарих кафедрасының міндеті студенттерге, магистранттарға іргелі ғылымдар теориясы мен әдістеме мәселеләріне үлкен мән беру көзделіп отыр. Ғылыми методикалық семинарларда іргелі ғалымдардың өзекті мәселелері мен жаңа методологиялық тұжырымдар туралы зерттеулерді талқылау қарастырылуда. Әсіресе, студенттер мен магистранттардың диплом жұмыстарын іргелі ғалымдарға байланысты ізденістердің аясын кеңейтуді ойластырып келеді. Сондай-ақ курстық, бақылау жұмыстарының тақырыптарын іргелі ғылымдарға сәйкестендіруді қарастыруда. Іргелі пәндердің сапасын арттыру барысында тәжірибелі оқытушылардың жастарға үйрету жақтарын үнемі тұрақты бақылауға алуды ескеру керек.

**Икрам ЖҰБАНИЯЗОВ,**
**тарих ғылымдарының кандидаты.**

# ЖАСТАР және УАҚЫТ

**Сейілбек ШАУХАМАНОВ**
**Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы**

Дағдарыстың ең қауіптісі – саяси, экономикалық, әлеуметтік дағдарыс емес, рухани дағдарыс. «Қатарынан 40 жыл соғыс, 40 жыл аштық болмайды» деген халқымыздың басындағы бүгінгі күнгі экономикалық, тұрмыстық қиындықтар әлі-ақ өтеді.

Түптің түбінде жамау жаңарады, жара жазылады, өкпе басылады, көйлегіміз көк, тамағымыз тоқ болады, аштан өлмеспіз, көштен қалмаспыз. Ал бүгінгі қазақтың қайғы-қасіреті, трагедиясы рухани дағдарыс, рухани азғындау, адамдарды аздырып, тоздыруда, барлық адами, қазақи қасиеттерді құнсыздандырып, жақсылық атаулыдан жұрдай қылып, адамды құлқынның, нәпсінің құлақ кесті құлына айналдырып барады.

Мал құлағы сауыр. Қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған, адам есітіп, көз көрмеген, кісінің жанын түршіктіріп, иманын бір уыс ететін жабайы, жат, өрескел, теріс, өзіміз түгілі «итімізге ар, мысығымызға намыс» боларлық маскара жайттар, көріністер, әрекеттер кеңінен етек алуда.

Қазіргі заманда ұрлық-қарлық, зинақорлық, нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, өтірік-өсек, көзбояушылық, әділетсіздік, ретсіздік, жөнсіздік, қатыгездік, заңсыздық, алдау-арбау, зорлық-зомбылық, сыбайластық, жемқорлық, жікшілдік, жершілдік, рушылдық, топшылдық, қаншылдық, имансыздық, ұятсыздық, геометриялық прогреспен өсуде.

Аса қауіпті де, қайғылы да, қасіретті де жағдай әрбір ата-ананың бауыр етінен жаралған балаларының әке-шешелерін бақпай-қақпай карттар үйіне апарып тастауы, сондай-ақ тірі әке-шешелері бола тұра балаларын жетімханаға апарып тастауы немесе тіптен көшеге тастап кетуі секілді санамызға сыймайтын, ойымызға орнықпайтын оғаш оқиғалар жиілеп барады.

Елімізде 66 карттар үйінде 7747 панасыз қария өксігін жұтып, өлместің күнін кешуде. Олардың қатары бір жылда 2387-ге өскен. Басқа түгілі өзінің ең жақыны, ең жанашыры өзіне өмір сыйлаған әке-шешесіне, бауыр етінен жаралған баласының осындай сатқындық жасауы келешек ұрпақ, халық, қоғам, мемлекет үшін аса зор қауіпті құбылыс.

Қазақстанда 1990 жылы 41 жетім балалар үйінде 4700 бала тәрбиеленсе, қазір 65 балалар үйінде 10961 жетім балалар тәрбиеленуде, бұл барлық балалардың 12 пайызы. Республикада 46 мың жетім бала бар, оның 37 мыңы жеке адамдарға асырауға берілген, 8 мың бала 25 шет елге сатылып кеткен. Барлық жетім балалардың 70 пайызының әке-шешелері тірі, 30 пайызының әке-шешелері жоқ.

2005-2009 жылдар аралығында дүниеге келген 352 мың 400 баланың 21,8 пайызы некесіз туған балалар. Еліміздегі 5 млн. баланың 17 мыңы жағдайы төмен отбасыларында тәрбиеленуде. 11 мың бала ішкі істер органдарында тіркеуде тұрады, жылына 10 мың қаңғыбас бала есепке алынады.

Оның үстіне 30 мың сенімсіз, келешегі жоқ отбасыларында 2 баладан, барлығы 60 мың баланың өмірі, келешегі бұлыңғыр. Дүниеге келген балалардың 40 пайызы ауру, жастардың 80 пайызы әскер қызметіне жарамсыз. Әрбір жүз мың жастың 62-сі, жалпы 20 000 адам ВИЧ ауруымен ауырады. Баланың бір тамшы көз жасы әлемнің бар құндылықтарынан артық.

Еліміздің иесі де, киесі де жастарымыздың жағдайы осындай болғанда біздің келешегіміз, болашағымыз қандай болмақ?

Бүгін туған әке-шешесін, баласын айдың күні аманда, ел аман, жұрт тыныштa қысылмай-қымтырылмай, қиналмай сатқан адам, ертең халқын да, елін де, жерін де, отанын да ойланбай сатпасына кім кепіл?

Мұндай жауыздық пен безбүйректікті, қатыгездік пен имансыздықты әлемдегі бірнеше жүздеген ұлттардан, ұлыстардан тіптен аң-құс пен жан-жануарлардан да кездестіре алмайсың.

Тарихта анасының алдындағы бір абайсыздағы ағаттық қылығы үшін текті айғыр жардан құлап өледі, балапанын қорғаймын деп торғай екеш торғайда әбжыланның аузына өзі барып түседі, қарлығаш та анасынан бір-екі бұтаққа төмен отырады. Өмірдің, тіршіліктің, жаратылыстың құдіретті, қасиетті, киелі заңы, ұлы махаббаты осындай. Соның арқасында табиғат, тіршілік өмір өзінің жарасымды жалғасын тауып келеді.

Қазақстан маскүнемдіктен әлемде 8-ші орынды алады, Ресей 22-орында, арақ ішуді орыстардан үйрендік деп жүріп, қалай озып кеткенімізді өзіміз де байқамай қалыппыз. Алкоголизмнің қауіпті шегі жылына адам басына 8 литр таза спирт ішу болса, бізде бұл көрсеткіш 12 литрден келеді екен. 11-24 жастың арасындағылардың 80 пайызы, ауылдағылардың 90 пайызы ішімдік ішеді. Бізде еркектердің 65-70 пайызы, әрбір екінші әйел арақ ішеді, темекі шегетін жастардың саны үш есе, халықтың темекі пайдалану көлемі 4 есе өскен. Ел бойынша наркологиялық мекемелерде 235436 адам маскүнемдік дерті бойынша есепте тұр. Әрбір 100 мың адамның 144-і маскүнем. Балалар 12 жасынан сыра, 14-15 жасынан шарап, 16 жасынан арақ іше бастайды.

Бұзақылық, ұрлық-қарлық, әйел зорлау, адам өлтіру бойынша қылмыстың 40 пайызы маскүнемдердің үлесіне тиеді. 2007-2010 жылға дейін арақ ішетін жастардың саны он есе, маскүнем жастардың саны екі есе өскен.

Қазақстанда 5 млн. отбасы бар, оның ішінде 3-4 адамнан тұратын отбасылар 70 пайыз, бес адамнан артық отбасылар 26 пайызды құрайды. Он адамнан артық мүшесі бар отбасылар небәрі бір-ақ пайызды құрайды.

Қазақстанда соңғы бес жылда (2005-2009жж) некеге тұрғандар саны 683 мыңға жетсе, 179 800 ажырау тіркелген. Яғни, некеге тұрғандар 14,4, ал ажырасушы жұптар 21,6 пайызға жеткен. 2008 жылы жүз отбасының 26-сы ажырасқан. Ажырау көрсеткіші қалада ауылдағыдан үш есе көп.

Отан от басынан басталады десек, бізде әрбір төртінші отбасы ажырасуда, әрбір тоғызыншы отбасы толық емес.

Толық емес отбасы 487 мың 100 болса, жеке басты әйелдер саны – 444 мың 800, жеке басты еркектер саны – 42 мың 300, 360 мыңның үстінде кәрі қыздар бар.

1999 жылы ЗАГС босағасын аттамаған жігіттер – 29 пайыз, қыздар – 22 пайыз, жесірлер – 15 пайызды құрайды.

Қазақстанда 300 мыңның үстінде наркомандар бар, соңғы 15 жылда олардың саны 10 есеге, жастар арасында 18 есеге өскен, оның сыртында есепке алынбағандары қаншама десеңізші?! Әрбір нашақор бір жылда осы қауіпті індетке 13-15 адамды тартады екен. Нашақорлардың қатарында 1670 жасөспірімдер бар.

Соңғы жылдары елімізде жеткіншектердің өздеріне қол жұмсап, туыстарын да, бүкіл қоғамды да дүр сілкіндіруі белең ала бастады. 100 мың адамға шаққанда: бірінші орында Латвия – 96-99, екінші орында Венгрия – 88, үшінші орында Қазақстан – 53.

Жастарымыздың өзіне-өзі қол салуы – бүгінгі күннің ең басты, ең өткір, ең өміршең күрделі проблемасы.

Жер жүзінде әрбір 20 секунд сайын өзіне-өзі қол салса, әр екі секунд сайын өзіне-өзі қол салуға ұмтылады екен. Соңғы он жылда осы дерт үш есеге артқан. Мұсылмандар арасында бұл ауруға шалдыққандар өте аз. 100 мың адамға шаққанда бұл көрсеткіш мұсылман елдерінде – 10, Европада – 11, Қытайда 25-26, Қазақстанда – 30.

Статистика бойынша әлемде жыл сайын шамамен бір миллиондай адам өзіне-өзі қол жұмсап, 20 миллиондай адам өзін-өзі өлтіруге әрекет жасайтын көрінеді. Ал Қазақстан өкінішке орай, өзін-өзі өлтірушілердің саны жағынан әлемде үшінші орынға, тіпті қыз балалар жағынан бірінші орынға шығыпты. Жылына 4000 адам асылып өледі, көбісі жастар.

Өзіне-өзі қол жұмсау ісі, көбінесе, үмітсіздіктен, мақсатсыздықтан, келешекке деген сенімсіздіктен, жан тынышсыздығынан, төтенше қиындықтан, тығыраққа, тұйыққа тірелуден, тарығу мен торығудан туындайды.

Бұл проблеманың оң шешімін ислам дінінен іздеген дұрыс. Мейлі ол әйел болсын, еркек болсын, кәрі болсын, жас болсын, әрбір адам қадірлі және құрметті, әлемде теңдесі жоқ құндылық, құбылыс.

Демек, адам өз өмірін оп-оңай қия салатындай сұраусыз, іздеусіз бостанбос жаратылыс емес.

Ислам қағидалары тұрғысынан алғанда өзі-өзі өлтіру кешірілмейтін күнә. Өмір деген Алланың адамға берген сыйы, ұлы аманаты.

Соңғы жылдары 2 мыңнан астам қазақ қыздары шет елге тұрмысқа шықса, өз елдерінде басқа ұлт өкілдеріне тұрмысқа шығып жатқан қазақ қыздарының есебі жоқ. Қазақ қыздары бүгінде әлемде мазақ қыздарына айналды, бір ғана Алматының өзінде 25 мың қыздар жезөкшелікпен айналысады, есепке алынбағаны қаншама?

Қазіргідей жаһандану заманында біздей ат төбеліндей аз ұлттар үшін бұл өте қауіпті процесс.

Тәуке ханның «Жеті жарғысында» әрбір ұлттың, әрбір адамның тегі, қаны, жаны, тәні, ары таза, жүрегі мейірімді, иманды, ұлтжанды, парасатты туған халқының лайықты азаматы болып өсуі үшін аралас некеге тыйым салынсын, өйткені есек пен байтал шағылысып, дүниеге қашыр келеді. «Ол төрт түлікке жатпайды, өспейді, өнбейді, иттің күнін кешеді, өлгеннен кейін оның етін ит те, құс та жемейді» делінген.

Аборт – ғасырлық қылмыс. Қазақстанда жылына 300 мың әйел баласын жасанды жолмен алып тастайды, 10 мың жасы кәмелетке толмаған қыздар екіқабат болып, оның 5000 мыңы аборт жасатуда. Ең сұмдығы еліміз бойынша тұрмыс құрмаған жас қыздардың 70 пайызы «теңін» төсекте тауып үлгерген.

Бұл көрсеткіш Европа елдерінен үш есе, Өзбекстаннан бес есе көп. Ал ана құрсағындағы кеудесінде жаны бар шарананы кесіп, бөлшектеп алып тастау – күнәнің күнәсі, қылмыстың қылмысы, қатыгездіктің қатыгездігі.

Бір әйел жасанды жолмен 28 түсік жасатқан. Бұл не деген сұмдық?!

Бұл адам өлтіруден де ауыр қылмыс. Адамға өмірді Алла тағала сыйлайды, өзі береді, өзі алады, басқа ешкімнің де құқы жоқ.

Баланы қасақана алдырып тастаудың және жыныстық жолмен жұғатын аурулардың салдарынан жұбайлардың 17 пайызы бедеулікке ұшырайды екен. Жасанды түсік жасатқаннан кейінгі жүктілік ана жатырындағы баланың өсіп-жетілуін 3,7 есеге дейін азайтып жібереді. Ондай жағдайда нәрестелердің әрбір үшіншісі жеңіл салмақпен дүниеге келсе, 77 пайызы анемия дертіне шалдығады екен.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жыл сайын 80 млн.-ға жуық әйелдердің жоспарсыз жүкті болатынын, оның 20 миллиондайы өз баласына өзі үкім кесетінін жариялады. Шамамен 68 мың ана аборт кезінде көз жұмады екен. Мұсылмандық дінімізде құмырсқа екеш құмырсқаны да өлтіруге рұқсат етілмейді.

«Жарлылықтан балаларыңды өлтірмеңдер, сендерді, оларды біз ризықтандырамыз» дейді «Әнғам» сүресінің 151-аяты.

Әлемнің 27 елінде жасанды түсік жасауға рұқсат етілмейді, 15 елде ананың өміріне қауіп төнгенде ғана рұқсат етіледі. 1524 жылы Англияда, арада тоғыз жыл өткесін Германияда, тура қырық жылдан соң Францияда, 1649 жылдан бастап бір ғасыр бойы Ресейде жасанды түсік жасаған аналар өлім жазасына кесілген.

Қазіргі уақытта халқымыздың жармысынан көбін әйелдер құрайды. Ер адамдар әйелдерге қарағанда он жас кем жасайды, жүрек ауруынан 3,5 есе көп өледі.

Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы 25 мың ер адамды тексеруден өткізген.

Әрбір екінші еркектің «жеке» өмірінде қиындықтары, әрбір үшінші еркектің ұрпақ жалғастыруға қабілетсіздігі анықталған. Ал жартысына жуығының ағзасында түрлі жұқпалы аурулардың белгілері байқалған. Қазақстанда белсіз еркектер 50 пайызды құраса, бедеу әйелдерінің үлес салмағы да 50 пайыз.

1-16 жасқа дейінгі тексерілген 458 баланың 414-де, яғни, 90 пайызында патология табылған. Тек 44 баланың, яғни 9,7 пайызының дені сау болған. Мемлекеттің басты байлығы – дені сау адам. Осылай кете берсе, Тоқсанбай, Сексенбай, Жетпісбай түгілі Алпысбайға да зар болып, «әйелдерді бағыңдар, баптаңдар, еркектерді сақтаңдар» деп ұран тастайтын уақыт та қашық емес сияқты.

Қазір елімізде 46 конфессия, 4551 діни бірлестік бар. Тәуелсіздік жылдарында діни бірлестіктер саны 7 есе өсіп кеткен. Он бір пайыз қаракөз мұсылмандар басқа дінге өтіп кеткен. 39572 қазақ христиан, 2000 қазақ иудизм, 744 буддизм діндерін қабылдаған.

100 мыңның үстінде қазақ азаматтар ешқандай дінде жоқ.

Түрмелердің саны бойынша жан басына шаққанда Қазақстан дүние жүзінде үшінші орында. Түрмеде жатқандардың 80 пайызы 25-ке дейінгі жастар. Қазақстанда қылмыстың 7-8 пайызын әйелдер жасайды. Тек әйелдерге арналған бес түрме бар. Бірнеше жүз баллар түрмеде туып, түрмеде өсіп жатыр. БҰҰ статистикасына сәйкес 2011 жылы Қазақстанда 100 мың адамға шаққанда 11 кісі өлімі тіркелген. Бұл – азаматтардың өз ажалынан емес, кісі қолынан ажал құшу көрсеткіші. Ал Қытайда 100 мың адамға шаққанда бір-ақ кісі өлімі болады екен. Қазақстан адам өлтіру жөнінен Мадагаскар, Мозанбик, Того, Мали сияқты елдерден де асып түскен. Атып кетті, асып кетті, өртеп кетті, өлтіріп кетті дегендей суық хабарды күн құрғатпай есітетін жағдайға жеттік.

Қазақстанда жылына 100 мың адамға шаққанда 3000-4000 қылмыс жасалады.

Өткенде Президент республиканың барлық жоғарғы дәрежелі басшыларын жинап, қатты ренжіп, сынап: «Кез келгеніңді қолыңнан ұстап, сотқа апара аламын» деген болатын.

Кейінірек К.Қожамжаров: «Әрбір бесінші шенеунік сыбайлас жемқор» деп жарияға жар салды. Осындай жағдайдың өзінде сотталған адамдар түрмеде орын жоқтығынан кезекте тұр.

Елімізде жылына 157 мыңның үстінде адам өледі. Дүниеден өтіп жатқандардың орта жасы қырық тоғызда, өмір сүру жасы 69-да.

Қазақстанда аналардың өлімі Америкадан бес есе артық. Өлімнің көбеюінен, бала туудың төмендеуінен соңғы 30 жылда халқымыздың табиғи өсімі үш есе кеміп кетті.

Ең сұмдығы, ең сорақысы адамдардың жанының, тәнінің, балаларының, арының, намысының, жерінің, байлығының сатылуы.

Бұл дегеніміз – елдігімізді, халықтығымызды, бар қазақи қадір-қасиетімізді, болашағымызды түгел сату деген сөз. Қазақ қай заманда болмасын, 40 жыл қырғын болса да мұндай өрескел жағдайларға жол берген емес. Еліміз бен халқымыздың ары мен намысы деп жүрген көпшілік зиялылар зияндыға айналды, ел мен халықтың тағдырына жауап беретін басшылар жұмған аузын ашатын түрі жоқ, ештеңе болмағандай, ештеңе сезбегендей кейіп танытады. Ең қынжынарлығы, осының бәрін ойлайтын, ойластыратын, реттейтін, басқаратын, бақылайтын әрі ұлттың тағдырына жауап беретін, қолында билігі, байлығы барлардың көпшілігі сол ретсіз, жөнсіз, жосықсыз, көргенсіз, көсегесіз жұмыстардың қақ ортасында авторы да актері болып жүр. «Тоң жағадан тозады, ел, халық ағадан тозады» дегендей ағалардың да жетісіп тұрғаны шамалы.

Мұндай жаппай азғындау еш заманда, еш қоғамда, еш жерде, ешқашанда жақсылықпен аяқталған емес. Халқымыздың рухани жағынан осыншама азғындау қарқыны ұлттық, мемлекеттік қауіпсіздігімізге қауіп төндірмесе болғаны. Осыншалықты зиянды, қайғылы, қасіретті, қауіпті жағдайлармен күресуде, алдын алуда, болдырмауда мемлекет тарапынан экономикалық, саяси, рухани, әлеуметтік, құқықтық, тәртіптік, тәрбиелік шаралар жеткіліксіз, пәрменсіз жүргізілуде.

Мемлекет, қазіргі қалыптасқан қоғамдық жүйе бұл тарихи, тағдырлы мәселелерді оң шешуде дәрменсіздік көрсетуде.

Біз социализмнің де, капитализмнің де ең нашар, ең зиянды жақтарын өзіміздің әдеттегі сенгіштігімізбен, көнгіштігімізбен, еліктегіштігімізбен, ергіштігімізбен, қойдан да жуас, қояннан да қорқақ мінезсіздігімізбен тез қабылдап алдық. «Ұлтты ұлт ететін оның мінезі» деп Т.Рузвельт бекер айтпаған ғой. Мінезсіз халық азусыз, алжыған арыстан сияқты.

Капитализм – азшылық көпшілікті қанап, құл ететін имансыз қоғам. Онда бәрі де сатылады, бәрі де сатып алынады. Комунистік қоғам да барлық жұртты жаппай теңестіреміз деген қиялдың құрбаны болды. Бұл екі идеология да біздің тарихи, мемлекеттік, ұлттық мүдде-мұраттарымызды, табиғи, дәстүрлі талаптарымызды қанағаттандыра, қамтамасыз ете алмады. Ендеше біздің қатерлі қарқынмен ұлтсыздануымызды, рухсыздануымызды, арсыздануымызды, имансыздануымызды, мейірімсізденуімізді, қатыгезденуімізді, азғындауымызды тексізденуімізді қандай күш, қандай құдірет, қандай идиеология тоқтатпақ?

Енді не істеу керек?

Бірінші кезекте: Бүкіл ел,халық, қазақ болып, басшымыз бен қосшымыз, үлкеніміз бен кішіміз болып жоғарыда айтылған, әлі де айтылмаған қауіпті індеттердің, оқыс оқиғалардың, теріс процестердің табиғатына, өсу қарқынына, салдарына жауапкершілікпен, жанашырлықпен, терең талдау жасап, жан-жақты ойластырылған батыл, жедел де төтенше, қатаң да қатал, аяусыз, ымырасыз кешенді шаралар қолдануымыз қажет.

Бүкіл қоғам болып азғындардың аяғының астында жер жанатындай жасауымыз керек. Егер шын жұмылса, оған қоғамның, халықтың күші де, құдіреті де, еркі де, жігері де жетеді.

Екінші кезекте: Осындай мемлекеттік, ұлттық қауіпсіздігіңізге тікелей кері әсер ететін жағымсыз жағдайлардың пайда болып, қоғамда, адамдар арасында өрістеуінің алдын алатын, мүлдем болдырмайтын, тамырына балта шабатын ең қатал шешімдер қабылдап, заңдар шығарып, оның орындалуын мемлекет және бүкіл халық болып қамтамасыз ету керек.

Үшінші кезекте: Бұрын «ел боламдесең, бесігіңді түзе» десек, енді «есігіңді де түзе», «терезеңді де түзе» дейтін жаһандану заманы туды. Бүкіл дүниежүзімен қатысатын, араласатын болдық. Қазір бүкіл әлемнің қалталылары, шетке шыққан шегірткелері, миссионерлері келіп, біздің ұлттық, рухани құндылықтарымыздың, қазақи қасиеттеріміздің күл-талқанын шығарып жатыр.

Сондықтан елімізге кімдер келіп жатыр, кімдер кетіп жатыр, неге келіп жатыр, неге кетіп жатыр, не пайдасы, не зияны бар? Осының бәрін мұқият таразылау, мүдделі бақылау, қатаң тәртіп орнату аса қажет-ақ.

«Терезеңді түзе» дейтініміз – сол арқылы елімізге қаншалықты тұрпайы мәдениет, теріс тәрбие, жат өнеге, жабайы үлгі, жағымсыз үгіт, кері насихат, зиянды идеология кіріп, санамызды улап жатыр десеңізші?!

Бұл да бір аса маңызды ұлттық мемлекеттік қауіпсіздігімізге тікелей байланысты кезек күттірмейтін, көкейкесті мәселелердің бірі.

Төртінші кезекте: Бізге мемлекеттік, ұлттық идеология қажет. Идеологиясыз іргелі мемлекет, қабырғалы халық болу мүмкін емес. Осы қыруар міндеттерді исламға негізделген идеология ғана атқара алады. Ол ұлттық идеологиямыздың сұранысын, мүдде-мұраттарын, мақсаттарын толық қамтамасыз етіп, мемлекеттік идеологияға негіз, өзек, арқау, темірқазық бола алады. Біздер үшін бұдан басқа тура, түзу, төте, таза, адал да дұрыс, ақ жол жоқ.

Идеология дегеніміз – сенім, сенім дегеніміз – дін, наным, мақсат-мұрат, тәрбие, темірқазық, қарақшы, компас, бағдаршам. Идеология – қалай өмір сүріп, қалай еңбек етеміз, біз кімбіз, қайдан шықтық, қайда барамыз, қалай, қашан барамыз деген сан алуан, сан қилы сұрақтарға жауап береді.

Ислам – ғылым, білім, мәдениет, өркениет, әдеп-ғұрып, салт-сана, байлам, түйін, шешім, махаббат. Бірақ келешекте қандай мемлекет боламыз, қандай халық боламыз, еліміздің иесі, жеріміздің киесі кім болады, әлемдік интеграция мен жаһанданудың құрбаны болып кетпейміз бе деген күдік пен күмән да жоқ емес.

Бесінші кезекте: Соған қоса, бізде жер, тіл, дін, отбасы, бала туу, адамдардың орта жасы, өлім, аналар мен балалардың жағдайы, ауыл, демография, ұлттық, мемлекеттік қауіпсіздік, ұлттық ар, намыс, сана, саясат, экономика, әлеуметтік жағдайлар оң шешімін табуы керек.

Адамзат тарихында көптеген кіші ұлттар, ұлыстар тілінен, дінінен, төл тарихынан, әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрінен айырылып, жер бетінен жойылып кетті емес пе? Тілсіз, дінсіз, әдет-ғұрыпсыз, салт-сана, дәстүрсіз, тарихсыз, тағдырсыз халық болмайды.

Әр ұлттың өз болмысы өз ерекшеліктері бар. Оның әрқайсысы бүкіләлемдік, бүкіладамзаттық мәңгілік құндылық, құбылыс, болмыс болып табылады. Олардың ешқайсысын да еш жерде, еш заманда, еш қоғамда,еш жағ-

# ҚҰНДЫЛЫҒЫ

дайда құртып, жойып жіберуге болмайды. Бұл – барша адамзатқа, тарихқа, уақытқа аманат, парыз, қарыз. Еліміздің иесі, жеріміздің киесі қазақ халқы болуы керек. Ол үшін кең-байтақ жерімізге, ұшан-теңіз жерасты, жерүсті байлығымызға ие болу үшін: оның игілігін, рахатын көру үшін қазақ халқы сан жағынан жедел, шұғыл өсуі керек. Демографиялық көрсеткіштерді бір пайызға көтеру үшін, экономикалық көрсеткіштерді 4 пайызға көтеру керек.

Мен ұлтымыздың болашағына, саулығы мен саламаттылығына, бүкіл болмысы мен қадір-қасиетін арттыруға қатысты өзекжарды ойларымды ортаға салдым. Алдағы уақытта бұл бағытта атқарылатын қыруар жұмыстар, сан алуан шаралар қайдан бастау алып, қандай құндылықтарға, қандай идеяға негізденуі керек?

Тағы да не істеу керек?

Ол халқымыздың терең тамырынан, тарихынан, тағдырынан, мыңдаған жыл жинақталған мол тәжірибесінен, дәстүрінен бастау алатын, исламның теңдесі жоқ құндылықтарынан, қағидаларынан, әлемдік тәжірибенің озық үлгілерінен бастау алатын ТӘРБИЕ ДЕГЕН ТӘҢІРГЕ негізделуі керек.

Ол аталарымыз, бабаларымыз, түпаталарымыз, текаталарымыз салып кеткен сара жол халқымыздың қанына, жанына сіңіп кеткен қазақи қасиеттерге жүгіну керек. Қазақтың өзі, жаратылысы, өмірі, бүкіл болмысы әлемде, адамзат тарихында теңдесі жоқ тәрбие мектебі.

Қазақ халқы ешқашан кең-байтақ туған жеріне дұшпандарын аттатпаған, ешкімге арын, намысын таптатпаған, ешкімнің ала жібін аттамаған, қой аузынан шөп алмаған, ешкімнің алақандай жеріне, тырнақтай байлығына көз салмаған, тұз-дәмін ақтаған, баласын, байлығын, жерін сатпаған, жақсылықты жақтаған, жамандықты даттаған, бірін-бірі атпаған, жетімі мен жесірін жылатпаған, өздері аттан түспеген, қазаны оттан түспеген, қонағы тыйылмаған, дастарханы жыйылмаған, қонағын құдайдай сыйлап, егер алтын босағасын аттап үлгерсе, дұшпанын да төрге шығарған қабырғалы, омыртқалы, арқалы, «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп жүрген әлемде теңдесі жоқ ғажайып халық.

Әрине, жоғарыда баяндалғандай осыншалықты күрмеуі көп, күрделі халықтық, қоғамдық, мемлекеттік, заманауи өткір проблемаларды шешудің дайын кешенді бағдарламалары, жоспары, ережелері, нұсқаулары, рецептері ешкімнің де қолында жоқ, болуы да мүмкін емес. Мен де осы бір баяндаманың аясында осындай жауабынан гөрі сұрағы көп тарихи, тағдырлы проблемаларды шешудің жолдары мен әдістерін мұрнынан тізіп, құлағымен жетелеп, оның құпиясын, сыры мен қырын сиқырлы кілтін сіздердің қолдарыңызға ұстатамын деуден аулақпын.

Дегенмен де, қайсыбір проблеманы шешуде адамзат тарихының тағылымдарын, ислам дінінің қасқабас қағидаларын, әлем халықтары мен мемлекеттерінің біздің менталитетімізге сай келетін тәрбиесі мен тәжірибесінің озық үлгілерін қабылдап, қолданатын шараларымызға негіз етіп алғанымыз дұрыс қой деп ойлаймын.

Адамзат тарихында жоқ нәрселерді іздемей, қисыны жоқ қиялдардың құрбаны болмай, өмірде болған, бар құндылықтардың ішінен өз қажетімізді таңдай, таба, тани білуіміз керек. Ол қандай құндылықтар, қандай тәжірибелер?

Біз Қасымханның қасқа жолымен, Есімханның ескі жолымен, Абылайханның ақ жолымен, Тәуке ханның «Жеті жарғысымен» ел болған, халық болған қазақпыз. Дана қазақ, дара қазақ осындай алтын құрсақ, кең-байтақ қазыналы, жеріне, еліне, ат төбеліндей ғана халқына түрмесіз-ақ, үш адамға бір адамнан келетін тәртіп сақшыларынсыз-ақ, даланың даналық заңымен-ақ ие болған.

Қазақ бар заңын, ұранын, үндеуін тәртібін, тәрбиесін іс-қимылын, тірлігін, тіршілігін төрт-ақ сөзге сыйдырған.

Ол: Аттан, Алаш, Асар, Алас, деген ат төбеліндей, азғантай қазақтың жер бетінде қазақ болып қалуын қамтамасыз еткен, тағдырлы, қасиетті, киелі сөздер.

Міне, қазақты қазақ еткен ұрандар осындай болған.

Аттан дегенде бүкіл ауыл, аймақ азаматтары белдеудегі байлаулы аттарына мініп, қару-жарақтарын асынып, ауылын, мал-мүлкін, халқын, ата-қонысын сырт жаудан, ұры-қарыдан, барымташылардан қорғаған.

Алаш дегенде бүкіл қазақ бір кісідей жұмылып, атқа қонып, елін, жерін, халқын қасық қаны қалғанша қорғаған. Қазақтың әрбір алақандай жері қанмен суарылған.

Қазақ халқы аттың жалында, түйенің қомында, аттары ауыздықпен су ішіп, өздері тілерсектен қан кешіп, төрт ғасырға жуық, үздіксіз жоңғарлармен, қалмақтармен, моңғолдармен, арабтармен, парсылармен, өзбектермен, орыстармен, Кирмен, Македонскиймен соғысып, жан беріп, жан алысып, мың өліп, мың тіріліп, XIX ғасырға дейін 4,2 млн. шаршы шақырым киелі қазақ жеріне, атажұртқа ие болып келген. Біз болсақ XX ғасырда түрлі объективті, субъективті себептермен мың жарым шаршы шақырым жерімізден айырылдық.

Асар дегенде аяқ, ауыз жетер жердегі қазақ өз еркімен, өз ықыласымен біріне-бірі келіп, тегін үй, қора-қопсы, егін егу, жинау, мал азығын дайындау, су жолдарын салу, тағы да басқа өміршең халықтық мәселелерді бірігіп, бірлесіп шешетін болған.

Алас заңының күшімен, құдіретімен қазақ елдегі тәртіп бұзушылармен, ұрылармен, қарылармен, бұзықтармен, барша заңсыздықтармен, жөнсіздіктермен, ретсіздіктермен, әділетсіздіктермен күрескен, тамырына балта шапқан.

Оларды ант ұрған, қарғыс атқан, қарабет деп өгізге, есекке, сиырға жайдақ, теріс қаратып мінгізіп, бетіне күйе жағып, мойнына қара құрым киіз кигізіп, ауылды аралатып, бүкілхалық топырақ шашып, онымен ешкім де сөйлеспей, қарым-қатынас жасамай, етегін кесіп, елден кетуіне, елден аластауға мәжбүр еткен.

Қазақ тарихында ұлттың қанының, жанының, арының тазалығын қамтамасыз ету мақсатында ары таза емес қыздарды сиырға, есекке теріс қаратып мінгізіп, қолына тесік қазан, тесік құман ұстатып, төркініне апарып тастап, қалыңмалын қайтарып алатын болған. Міне, осындай масқара, өлім жазасынан да ауыр, қатаң шаралардан кейін аяғыңды қия басып көр.

Қандай ақылды, ауыр, әсерлі, әділ, жан-жақты ойластырылған ар жазасы, намыс жазасы десеңізші, осыдан кейін кім тәртіп бұзады?

Сондай-ақ, атам қазақ жетімі мен жесірін жылатпау, демографиялық өсімді қамтамасыз ету үшін: «әмеңгерлік», «он үшінде отау иесі» заңдарын даланың даналығымен ойлап тапқан.

Туабітті жауынгер, жаужүрек қазақ 400 жылдай аттан түспей елін, жерін, қорғап жүргенде, атқамінер азаматтардың табиғи жетімсіздігі байқалады. Ол заманда жер, су, ауа, тамақ таза, жастар ерте жетілетін болған. Дана қазақ елдің келешегі, болашағы үшін, 13-де отау иесі деген заңды іске асырады. Соның өзінде бірінші баласы ұл болса, ол он бес жылдан кейін атқа қонып, ел, жер қорғайтын болған.

Жауынгерлер өлім мен өмірдің ортасында, жорықта жүргенде артына алаңдамай, отбасын, жарын, балаларын олардың болашағын ойлап сарыуайымға салынбауы үшін «әмеңгерлік» заңы іске асырылды. Осы заңның арқасында қазақ қоғамында жесірлер мен жетімдер проблемасы әлемде теңдесі жоқ оң шешімін тапты. Соның арқасында қазақ халқы жесірі мен жетімін жылатпаған бірден-бір ұлтқа айналды.

Ел арасындағы ұрлық-қарлықты, барымтаны болдырмау бағытында экономикалық шаралар ұтымды пайдаланылған. Егер кісен ұрласаң; «Кісен атты сақтайды, ат ерді сақтайды, ер елді сақтайды» деп билер кісен ұрлаған адамға ат төлеткен. Қазақтың ардақты қыздарының бірі Ұлбике ақынды күйеуі Бойтан қызғаныштан ұрып өлтіреді. Сонда Қалтай Мұхамеджановтың төртінші атасы Күдері Қожа Бойтанды өмірлік құлдыққа және бас құнын, аяқ құнын, дене құнын, өнер құнын төлеуге билік жасапты. Бұл сол заманның өлшемімен патшаны иә оның қолбасшысын өлтіргенде төленетін құнға тең, қазақ тарихында теңдесі жоқ биліктің үлгісі болып есептеледі.

Тәуке ханның «Жеті жарғысында» «Ата-анаңды сыйлағаның, Алланы сыйлағаның», «Ата-анаңды сыйлағаның, бүкіл адамзатты сыйлағаның» деп, әке-шешесін сыйламай, тіл тигізген баланы өлім жазасына кесетін болған.

Ертеректе қанға қан, жанға жан, тұяққа тұяқ, құлаққа құлақ деген де замандар да болған. Қанша жабайы болса да, ешбір қылмыскер жазасыз қалмаған.

Ислам дінінің қағидалары да адамдарды өтірік айтпауға, ұрлық, қиянат жасамауға, адам өлтірмеуге, ақшамен ақша жасамауға, ысырап жасамауға, жұмысшының еңбекақысын көйлегінің тері кепкенше төлеуге үндейді, шақырады, талап етеді. Не деген басшылыққа аларлық, өнеге боларлық тамаша тәрбие-талап десеңізші.

Адам бойындағы барлық кемшіліктермен, келеңсіздіктермен күресудегі теңдесі жоқ құдіретті күш – Тәрбие деген тәңір бар. Адамды Алла жаратты, оны қайта жарататын тәрбие. Әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз білім адамның дұшпаны, ол басына қайғы келтіреді» деген. Идеологиясыз, тәртіпсіз, тәрбиесіз, тәжірибесіз, тексіз түк те болмайды.

Адамның басқа жаратылыс иелерінен артықшылығы оның ақыл-ойы, сөзі мен санасы, пайым-парасаты, білімі, білігі. Адамды адам еткен еңбек. Менің оған қосарым адамды адам етіп қалдыра беретін де еңбек.

«Бір жылдығыңды ойласаң, дән ек, жүз жылдығыңды ойласаң, ағаш ек, мың жылдығыңды ойласаң, адам тәрбиеле» дейді халық даналығы.

Ұлт пен ұлысты қалыптастыратын, елдің, жердің болашақ иесі де, киесі де жастарды тәрбиелейтін отбасы, ата-ана, орта, мектеп. Елбасымыз: «Бәрі де мектептен басталады» дейді.

Қалай дегенде де тәрбие мен білімнің тұғыры, темірқазығы отбасы. «Отан отбасынан басталады», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп бекер айтылмаған. Қазақта көргенің бар ма, көргенді, көргенсіз деген сөз де бар. Көргенсіз деген сөз естіген құлаққа жағымсыз, ауыр, ащы сияқты, бірақ та ойланып қарасаңыз, үйі жоқ адамды үйсіз, малы жоқ адамды малсыз, жұмысы жоқ адамды жұмыссыз, білімі жоқ адамды білімсіз, т.б. дейміз, оған ешкім де өкпелемейді, олай болса, көргені жоқ адамды көргенсіз демей не дейміз?

Сөз жоқ, бірінші тәрбиешің де, үлгің де, өнегең де, идеалың да әкең мен шешең. Әкеден артық дана жоқ, әкеден артық пана жоқ, әкеден артық орман жоқ, әкеден артық артық қорған жоқ. Ең жақының, ең жанашырың, құдайдың құдіретімен саған өмір сыйлаған – анаң, бірінші ұстазың – анаң.

«Ат – биеден, алып анадан», «Әкені көріп ұл өседі, шешені көріп қыз өседі» дейді халық даналығы. Атадан өсиет, анадан қасиет болмаса, ел азады, халық тозады. Қариясы жоқ қауымның жастары болар диуана. Елімізде осындай мемлекеттік, халықтық маңызы бар тәртіппен тәрбие мәселесін қалыптастыруда ардагерлер ерекше жауапкершілік пен жанашырлық танытып, қыруар жұмыстар атқаруға міндетті. Өйткені жақсы да, жаман да, тәртіпті де, тәртіпсіз де бәрі-бәрі ардагерлердің балалары, ұрпақтары, әулеті, төңірегі, қарға тамырлы қазақ, ағайыны, жекжаты, бөтен ешкім жоқ, ешкім де аспаннан түскен жоқ. Олай болса, бұл өмірлік, өзекті мәселеге ардагерлер қалай бейтарап, немкетті, немқұрайлы, бейжай қарай алады. Біз үлкенін сыйлап, үлкенін тыңдап, үлкеннің төңірегіне топтасып ел, халық болған қазақпыз. «Ханды құдай ұрарда, халқыменен қас болар, байды құдай ұрарда байлығына мас болар, шалды құдай ұрарда қартайғанда жас болар» демекші жетпісінде желпілдеп, желкілдеп жүрген шалдар, «Өзің құл боласың, кімге пір боласың?» дегендей кімге үлгі, кімге өнеге бола алады?

Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы.

«Жақсы бала – ата-анасының бағы, жаман бала – ата-анасының соры», «Жақсы бала ата-анасының басын төрге сүйрейді, жаман бала ата-анасының басын көрге сүйрейді» деген де өмір шындығы. Римнің психология институтының бірінде жасалған тәжірибеде баланың болашақтағы қабілеті, қызмет-мақсаты 2-3 жасында-ақ қалыптасатыны айтылады. Олай болса, бала тәрбиесін қай жастан бастаған дұрыс деген заңды сұрақтың туары сөзсіз.

Бір екіқабат келіншек данагөй қарияға келіп: «Ата, бала тәрбиесін қай кезден бастаған дұрыс?» деп сұрақ қояды. Қария: «Ішіндегі бала неше айлық» дегенде, келіншек: «Алты айлық» дейді. Сонда қария: «Балам онда сен алты айға кешігіпсің» деген екен.

Шындығында ақылды еврей халқының жас, болашақ ата-аналары дүниеге дені сау, ақыл-есі бүтін, болашағы жарқын ұрпақ келтіру үшін алдымен өздерін дайындайды. Арақ ішпейді, темекі шекпейді, өздерін өздері бағады, қағады, баптайды. Әрине, дені сау ата-анадан, дені сау бала туады. Бізде 40 пайыз баланың ауру болып тууына кім кінәлі? Біз не істеп жүрміз, ойланайықшы ағайын!

Дүние есігін ашқан сәттен бастап сәбиіне еркіндікті, мейірім мен махаббатты мейлінше көп берген отбасының балалары өмірде, қызметтік өсу жолында кедергіге аз ұшырайды. Өзіне деген сенімділігі мықты қалыптасқан бала кез келген қиындықты жеңе біледі, алға ұмтыла береді.

Ал керісінше, қатал тәрбие мен шектеулері көп отбасынан шыққан баланың өмірлік жолы да өте ауыр, қиындықтары мен кедергілері көп, тіптен кейде ішкілікке салынып, қаңғыбасқа айналатындары да аз емес. Осындай қорытындыға келген психолог мамандар әрбір баланың сенімділігін арттыру арқылы оның болашағына үлкен үлес қосатынымызды айтады.

Осы ретте «Баланы бес жасқа дейін патшаңдай сыйла, он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, он бестен кейін досыңдай сырлас» деген қазақи, әлемдік даналық еріксіз ойға оралады.

Еврейлер баласының қолын қақпай, алған бетінен қайтармай, жел болып тимей, «сен ақылдысың, сен бәрін білесің, сен бәрін дұрыс жасайсың» деп еркіндікке, сенімділікке тәрбиелейді. Кезінде әлемнің үштен бірін билеген, туабітті ақсүйек, аристократ халық – ағылшындар: «Ағылшын баласы ешқашан да құл, қызы ешқашан да күң болмайды» деп ұрпақтарын тәуелсіздікке, дербестікке, өзіне-өзі сенуге, өзін-өзі сыйлауға тәрбиелейді.

Немістер балаларын «сендер әлемдегі ең талантты, ең тәртіпті, ең текті ұлттың өкілісіңдер. Дүниедегі бар жақсылықтың, жақсының бәрі немістікі, өзің өндірген тамағыңды же, сусыныңды іш, киіміңді ки, мәшинеңді мін, өзің шығарған қағазға, өзіңнің қаламсабыңмен жаз, бәрі де өзіңдікі болсын» деп тәрбиелейді. Шындығында да, сырттан тасымалдайтын импорт мөлшері 20 пайыздан асқан ел, тәуелсіз ел емес.

Ұлдарын әскери қызметке шығарып саларда түріктер: «Отан үшін, ел үшін, жер үшін қаза болуың да мүмкін» деп шыны киімін беріп жіберу арқылы оларды ел, жер, отансүйгіштікке, батылдыққа, батырлыққа тәрбиелейді. Сондықтан да түріктер үш теңіздің ортасындағы пейіш жерге ешкімнің де ешқашанда аяғын аттатпай ие болып, тарихта ешкімге тәуелді болмаған, колония болмаған үш мемлекеттің бірі екендігі әлемге аян.

Ал айналайын біздің қазақтардың: «Сен адам болсаң, мұрныңды кесіп берейін» деп баласының таудай талабы мен талантын талқандап, жігерін құм қылатыны өкінішті-ақ.

Қазекең бұрын баламды әскерден қалдыр десе, қазір әскерге ал деп бар малын сарп етуде.

Бұрыннан да баласын оқытуға құмар қазақ соңғы жылдары бұл іске бел шеше кірісті. Елімізде 150-дей жоғары оқу орны бар, 60 миллионнан астам халқы бар Ұлыбританияда 89-ақ, 16 миллион-ақ халқы бар бізге 150 оқу орны неге керек? Әсіресе, жекеменшік оқу орындары көбейгелі бері қос-қос диплом алу сәнге, жарысқа, жалған бәсекеге айналды. Біздің қазақ әйтеуір диплом алу үшін бар жиған-терген малын тәрк етуде.

Қазақстанда диплом болса, қызметте, шенде, шекпенде, пәпкі де, шапкі де болады деген алдамшы қиялға бойын алдырғандар, аяғын шалдырғандар қаншама?

Нәтижесінде жоғары оқу орнын бітіргендердің 50-60 пайызы жұмысқа орналаса алмауда.

Адамды тәрбиелеудің, адамды жұмсаудың жақсы, жағымды үлгілерін, барлық жақсылықты, жаңалықты өз елімізден, өз жерімізден, өз халқымыздан іздеуіміз керек.

Мысалы, біздің мектепте Әди Ибрагимов деген ұлағатты ұстаз химия сабағынан дәріс берді. Бәріміз де «химия қиын, ашиды миың» дейтінбіз. Бір оқушы барлық сабақтан үлгермей, тек химиядан беске оқитын болды. Оның сыры Әдекең ол оқушыға сенім артып, көтермелеп, қолдап, қолтықтап 4, 5 деген бағаларды қойып, оқушының пәнге деген қызығушылығын тудырып, өзіне деген сенімділігін қалыптастырды. Егер адамды сыйласаң, сенсең, қолдасаң, оның мүмкіншілігінің шегі болмайды.

Тереңөзекте Нәлібаев Оспан деген кісі ешқандай сауаты жоқ «Қызыл дихан» колхозын 25 жыл басқарып, республикадағы озат ұжымшарлардың қатарына қосты. Өндіріс басшыларына, мамандарға тапсырма бергенде: «Қарағым-ау, денеміздің бөлектігі болмаса, жанымыз бір ғой», колхоздағы ең тиянақсыз, бейпайда, жалқау адамға тапсырма бергенде: «Қарағым-ау осы жауапты жұмысты тек саған ғана сеніп тұрмын ғой» дейді екен.

Осыдан кейін тапсырманы, өтінішті орындамай көріңіз.

Халықта «жақсы сөз – жарым ырыс» деген сөз бар. Еліміздің белгілі азаматы, Социалистік Еңек Ері Ұзақ Еспанов: «Жақсы сөз – жарым ырыс емес, толық ырыс» дейді. «Жылы, жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» деген де бар.

Әрине, бәрі де жақсы сөзбен, маңдайдан сипаумен, айналайынмен біте бермейді.

«Қамысты бос ұстасаң, қолыңды кеседі» деген де бар. Сондықтан атам қазақ баласын молдаға оқуға бергенде: «Сүйегі –менікі, еті – сенікі» деген. Қажет болса, молда баланы шыбықпен де шықпыртып алатын болған.

Қазір баланың маңдайынан шертіп көріңізші, не болар екен? Прибалтикада жер мәселесі өте өткір, өміршең болғандықтан әкесі баласын он сегізге толғанда, жердің шекарасына апарып, жалаңаштап: «Осы жерден айрылсаң, мәңгілік құл боласың» деп баласының санасына жауапкершілігін таяқпен сіңдіреді екен.

Жоғарыдағы аталған көптеген проблемалардың бірқатарының шешілу жолдарын қарастырғанда өркениетті елдердің тәжірибелеріне де назар аудару керек. Мысалы: АҚШ-та адамдардың психологиялық денсаулығын жақсартуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға жылына 90 миллиард доллар ақша жұмсалады екен.

Ресейде балабақшалардан бастап орта, жоғары оқу орындарына дейін өздерінің «Библия» кітабы арқылы дін негіздерін оқытуда. Жапонияда, Өзбекстанда мектептерде әдеп сабағы оқытылады. Швецияда отбасында, мектепте жастарға жыныстық тәрбие береді. 7 жастағы қызға жылына 15 сағаттық жыныстық дәріс беріледі. Біздер бұл тақырыпқа әңгіме айтуға әлі де ұялып келеміз.

Сондықтан бізде де барлық деңгейдегі оқу орындарында еңбек, дене, дін, құқық, жыныс, дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана, әдеп тәрбиесін кеңінен беру керек. «Ата-аналар университеті», «Тағылым», «Тағзым» мектептері жұмыс істеу керек. Бесінші сыныптан бастап, баланың біліміне, қабілетіне, мүмкіншілігіне, бейімділігіне мамандар арқылы мұқият сараптама жасап, кімнің кім болатындығын анықтау қажет. Келешекте оқу-тәрбие жұмыстары сол түпкі мақсатқа бейімделіп жүргізілуі керек. Қазақ жастарына дипломқұмарлықты, шенқұмарлықты, папка, шапкақұмарлықты қою керек. әрбір жас жігіт, жас қыз он бірінші сыныпты бітіргенде белгілі бір, нақты кәсіптік мамандықты игеріп, ұл бала үйдің сыртқы еркекке тән жұмыстарын, қыз бала үйдің отанасына тән жұмыстарын толыққанды атқара алатындай болып шығуы керек. Сонда бәрі де дұрыс болады. Қазіргі жағдайда олар көк инені көзінен түрте алмайтын, жерден көлденең шөп көтере алмайтын дәрежеде тәрбиеленуде.

Ұстаздардың қоғамдағы орны, мәртебесі, айлығы, моральдық жағынан қолдау мәселелері ең жоғарғы дәрежеде шешілуі керек. Қазір мектептерде ер мұғалімдердің үлес салмағы 20 пайыз, балалар ұсақталып, «қыз мінезденіп» босбелбеу болып барады. Еркектік өр мінез, еркектік айбат, еркектік қайрат, мәрттік, жомарттық, намысшылдық қасиеттер жетпей барады.

Швецияда ұстаздар лекцияны швед тілінде оқымаса, студенттер аудиториядан шығып кететін көрінеді. Міне, біздің жастарымыздың да ұлттық намысы, ұлттық ары, ұлттық жауапкершілігі осы дәрежеге көтерілмейінше тәртіптің де, тәрбиенің де, діннің де, тілдің де көсегесі көгермесі анық.

Венгрияда әрбір аборт жасататын әйелмен министрліктің, әкімдіктің, қоғамдық ұйымдардың уәкілдері сөйлеседі. Бізде ешкімнің де шаруасы жоқ. Жапонияда күніне көшеге үш рет қоқыс тастаған адам, бір күн міндетті түрде көше тазалайды. Мойнындағы тақтайшада: «Мен қоқыс тастадым» деген жазу болады. Осы елде 2500 отбасынан бір-ақ отбасы ажырайды, бізде әрбір үшінші-төртінші отбасы ажырайды. Жапонияда отбасын құру үшін жігіт те, қыз да арнайы психолог-мамандар жалдап бірін-бірі әбден тексереді, зерттейді, сынайды, бақылайды. Мінез-құлқы, ақыл-парасаты, білімі-білігі, қыры-сыры, дүниеге көзқарасы, денсаулығы, тегі, бәрі-бәрі сәйкес, үндес, үйлесімді келгенде ғана үйленеді.

Ирландияда балалар министрлігі бар, әр әкімшілікте бір орынбасар тек балалар проблемасына жауап береді.

Біз болсақ, көрмейтінді көріп, естімейтінді естіп, үйренбейтінді үйреніп, ермейтінге еріп, еліктемейтінге еліктеп, сенбейтінге сеніп келеміз.

Бар жақсылықты, жаңалықты, тәжірибені, тағылымды өз елімізден, өз жерімізден, өз тарихымыздан іздеуіміз керек.

# Жарайсың, Жарылқасынов!

## немесе әріптес жайлы бір үзік сыр

Газеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Құрманғали Ажаров ағамыз: – Жарайсың, Жарылқасынов! – деп телефон тұтқасын тұғырына қондырды. Ол әлгі бір әзірдегідей емес, қазір көңілді. Оның да себебі бар. Осыдан жарты сағаттай уақыт бұрын жоспарлау кезінде редактор Қалқабай Әбенов: – Құреке, егін жинаудан сын материал керек, соны жеделдетіп тауып, бүгінгі нөмірге салуымыз қажет, – деген болатын. Ал жауапты хатшы Шора Ералиев те сөзге араласып: – Шұғыл түрде меншікті тілшілерге шығыңыз, олардың біреуін түске дейін қолға түсірмесеңіз, кеш қаласыз. Мүмкін болғанша ертелеткеніңіз жөн. Материал кешіксе, бетті ұстайды, содан барып газет кешігеді, – деп тығыздаған еді. Содан шырығып шыққан Құрекең телефонға мініп, аудандардағы тілшілерді түгендей бастағанды. Іздегенге сұраған демекші Қармақшыдан Рашид Жарылқасынов өзі хабарласып, табан астында сын материалды телефонмен хабарлады. Күріштік алқаптан кеше кештетіп оралған беті болса керек, көзбен көргенін көңілге тоқып, соны тезірек жеткізуге асыққан сыңайлы. Бөлім меңгерушісін көңілдендірген де осы жағдаят еді.

Неге екені белгісіз, алда-жалда Рашид Жарылқасынов туралы ойға кетердей болсам, осыдан қырық жылға жуық бұрын болған осынау бір көрініс көлбеңдеп көз алдыма келеді. Әлдеқалай сағынышты сезім оянғандай болып, қиянда қалған сол бір қимас күндерге жетелегендей әсер етеді. Не айта беретіні бар, кей-кейде «Ленин жолы» (қазір «Сыр бойы») газетінде сол тұста, сол заманда қызметтес болған ағалар мен қатар-құрбыларды аңсайды екенсің...

Сексен төрт жылдық тарихы бар бұл облыстық газеттің кешегісі мен бүгінгісінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Кешегі кеңестік кезеңде газеттің бұқаралық сипаты басым болатын. Газет тілшілері алыс-жақын ауылдардағы, тіпті шалғай жатқан елді мекендердегі өмір өрісіне, тіршілік тынысына, ондағы адамдардың хал-ахуалына, көңіл күйіне, әлеуметтік әм рухани қажеттіліктеріне айрықша назар аударатын. Газет қызметкерлері жиі-жиі іссапарларға асығып, бірі келсе, екіншісі кетіп жататын және олар оралысымен жетістікті де, кемістікті де оқырманның назарына қаз-қалпында ұсынатын. Қысқасы, облыстық газет аймақтың айнасы тәрізденетін. Ол тұста сегіз аудандағы төрт тілшіге де дамыл болмайтын. Елдің ен ішінде жүріп олар өндіріп, жарысып жазатын еді-ау... Әсіресе, Арал мен Қазалы аудандарындағы меншікті тілшісі Шәкірат Дәрмағанбетов ағамыздың алымы бөлек, айдынды да айбынды көрінетін. Жасы үлкен жазғыш ағадан Шайзада Рахметбеков, Үсен Әбшенов сипатты меншікті тілшілер де қай қырынан келсе де қалғысы келмей, қарманып қалам сілтейтін. Осындай әріптестерінің ортасынан Қармақшы мен Жалағаш аудандарындағы меншікті тілші Рашид Жарылқасынов өз орнын ойып алғандай сезілетін.

Журналист Рашид Жарылқасынов облыстық газетке өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында, атап айтқанда, 1975 жылы келді. Оның алдында Қармақшы және Жалағаш аудандарындағы меншікті тілші Әбілахат Жаңәділов ағамыз болатын. Ол кісі марқұм болған соң Рекең соның орнын басты. Онымен біздің таныстығымыз осы кезден бастау алады. Бұған дейін Қармақшының аудандық газетінде қызмет етіп, баспасөздің төменгі буынында шыңдалып, шырығып, айтарлықтай тәжірибе жинақтаған журналистке облыстық газеттің жұмысына жегілу бөлендей қиындық келтіре қойған жоқ. Қазақ мемлекеттік университетінің және Алматы жоғары партия мектебінің журналистика бөлімдерін тәмамдаған ол аудандық газетте жауапты хатшы қызметін атқарып жүрген тұста облыстық газетке қызметке шақырылған-ды. Жалпы, ол кезеңде облыстық «Ленин жолы» газетінің абырой-беделі өте-мөте жоғары саналатын. Оған жұмысқа қаламы жүйрік, қарымы мол, республикалық және жергілікті баспасөзде көрініп жүрген журналистерді тарту үрдіске айналған. Бұл күнде журналистік пен жазушылықты қатар алып жүрген байырғы қаламгер Айжарық Сәдібекұлы сол өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында аудандық газеттен ауысып келген. Осы жолдардың авторы – мен де сол тұста облыстық радиодан осында қоныс аударғандай едім. Одан беріде Әділхан Бейменов, Асқар Кіребаев, Құттыбай Сыдықов, Жақсылық Рахматуллаев секілді жүйрік журналистер осы ғибратты да қасиетті қара шаңырақ – облыстық «Ленин жолы» газеті редакциясынан өз орындарын тапты. Олар кейін айтулы ақынға, қаламы қарымды жазушыларға айналды. «Бәріміз де Гогольдің шинелінен шықтық» демекші, сол кезеңдегі бір топ қаламгерлер ұлағаты ұядай болған осы газеттің қазанында қайнап, шыңдалып, шырығып жазуымыздың жетілдірдік, бетімізді, бағытымызды айқындадық. Мұнда бізге ағалық жасаған, тәжірибесі мен тәлімін сіңірген кісілер де осал емес еді. Досмағамбет Тасекеев, Құрманғали Ажаров, Нұрғали Оспанов, Қалқабай Әбенов, Нұрділда Уәлиев, Шора Ерәлиев, Мырқы Исаев, Дархан Сапаров, Қомшабай Сүйеніпшев сынды алдымыздағы арындағы ағалардан алғанымыз, үйренгеніміз, игергеніміз аз емес. Осы аты аталған, немесе аты аталмай қалған алдыңғы толқынның өкілдерін қимастықпен еске алып, аруақтарына әрқашан бас иеміз.

Міне, осындай ордалы ортаға түскен қаламгер азаматтың қара жаяу болып, қатардан қалуы мүмкін емес қой. Журналист Рашид Жарылқасынов та бәйгеге қосылған бестідей іске бел шешіп кірісті, жазған сайын жазыла түсті. Оған көз жеткізгісі келген кісі сол жылдардағы газеттің тігінділеріне назар аударса болады. Әсілі, шығармашылықпен айналысқан адамдардың бәрі бір кісінің баласындай бір-біріне ұқсай бермейді. Жаратушы әрбір жан иесіне әркилы мінез, әралуан қасиет дарытады, ешкім де одан қанша қармағанымен аса алмайды. Әрине, ол үшін ешкімді де кінәлай алмайсыз. Рекең облыстық газетте табаны күректей жиырма жыл қызмет етіп, құрметті зейнетке шықты. Осы жылдардағы аралас-құралас, қарым-қатынас барысында бір байқағанымыз, ол елгезек, тілалғыш, кісі көңілін қалдырмайтын кісі, қолынан келсе жанындағыға жақсылық жасағысы келіп тұрады. Өмір ағынында, қызмет барысында біреуге айбат шекті, артық айтты, жақсыны жасқады, жаманды жақаuратты, көп сөйлеп айналасындағының мазасын алды, шектен шықты, дөрекі мінез көрсетті дегенді естіген де, көрген де емеспіз. Рекең қашан көрсең де, қайда көрсең де бірқалыпты мамыражай жүрді. Осы қалпы көпшілікке де, бізге де ұнайды. Алайда оның қаншалықты пайда, зиянын көріп жүргенін, әрине, бір өзі біледі. Затында, қаламгерге, шығармашыға бағаны оның қабілетіне, тудырған туындысына қарап берген ләзім. Оның артында қалатыны да, кемеңгер келешектің керегіне жарататыны да сол. Ал мінезі, басқасы өзімен бірге кетеді емес пе...

Асылы, адам жерорта жастан асып, ұлғайған сайын өмірдің, уақыттың тез өтетінін бағамдай береді екен. Сондайда не істедім, не тындырдым, қандай кәсіпті қол көрдім, оның нәтижесі қандай болды деген сыңайлы сұрақтарға жауап іздейсің. Сонау қиянда қалған бозбалалық шақта қанатты қиял мен алыпұшқан арманның құшағында жүрдік. Болашақта кім болам, қандай мамандық игерем деген ойлар бір ояға келмей, әртарапқа талпынып, әртүрлі әсердің ықпалында болдық. Басқаны қайдам, мен өз басым бала күнде болашақ бағытымды айқындай алмадым. Ақын да, жазушы да, айтарлықтай дауысым болған соң әнші де, тіпті қиял қарыштаған кезде ұшқыш та болғым келген. Сондайда ақыл айтып, кеңес беретін кісі керек-ақ екен. Ал ауылдағы алдымдағы ағалардың бұл реттегі ой орамдары ауыл-аймақтан аспады. Амал жоқ тағдыр жолына түсуге тура келді, ол пединституттқа бастады. Оны тәмамдаған соң мектептен мұғалімдік орын табылмай, аудандық газеттен бір-ақ шықтым. Мен философия ілімінде айтыла беретін заңдылық пен кездейсоқтық категориясына бас ием. Соның сонғысы менің бар ғұмырымда атқаратын азаматтық кәсібімді айқындап берді. Бір кездері ұстаз болсам деген арман, ойламаған жерден арнасынан ауытқып журналистке жетелеп әкетті. Әрине, оған өкінбеймін... Осының бәрін неге айтып отырмын, мына мақалаға өзім туралы толғаныстарды тықпалап керегі не еді деуге де болады. Оған да маңдайымызды тіреп, материал арнап отырған журналист Рашид Жарылқасынов себепші.

Рекең журналист болуды бала кезінен армандапты, газетке мақала жазуды да сол шақтан бастапты. Оны біз беріде білдік. Бұл күнде жасы жетпістің ен ортасына енген ағамыз жайлы жазуды ойластырып, қолымызға қалам алған тұста оның әкесінің редактор болғаны хақындағы хабарды құлағымыз шалды. Ойламаған жерден олжалы болған кісідей қуанып, Қармақшыға телефон шалып, Рекеңнен мән-жайға қаныға түспек ниетімізді білдіргенедік. Ол қысқаша болса да қағазға түсіріп, хатпен жіберуге уәде етті.

Міне, сол хатты, құрметті оқырман, сол күйінде өздеріңіздің назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім.



Рекеңе рахмет, өзі туралы өзі айтып біздің жұмысымызды жеңілдетті. Ал бұған қосарымыз да, аларымыз да аз. Айтпағымыз, жетпіске қарай оның қаламына жел бітті. Соңғы жылдар бедерінде әдеби, ғылыми мақалаларға ден қойғандай жайы бар. Бұл күнде бұрқырап, жарысып шығып жатқан газет, журналдардан Рашид ағаның материалдарымен ұшырасып, қуанып қаламыз әрі құптаймыз да. Оның өлеңдері, қысқа әңгімелері мен ел ауызында жүрген аңыздар, мақал-мәтелдер және басқалары оқырманның көңілінен шығады. Осы қараша айында жетпіс бес жастың белесіне шығып отырған оған зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шалқар шабыт тілейміз. Бұған Сыр қаламгерлері де қосылады деген ойдамыз. Мақаламызды сонау бір жылы журналист Құрманғали Ажаров ағамыздың аузынан шыққан: – Жарайсың, Жарылқасынов! – деген ыстық ықылас, жылы лебізімен қорытындылаймыз.

**Әскербек РАХЫМБЕКҰЛЫ.**

## ӘКЕМ САХИ ЖАРЫЛҚАСЫНОВ ЖӘНЕ ӨЗІМ ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША БАЯН

Менің әкем Сахи Жарылқасынов ата-анасынан ерте айырылып жетім қалса да, молдадан ескіше оқып хат таныған. Екі әңгімесінің бірінде «Мұхтасарды тауысқанмын» деп отыратын. Ол кезде мұндай дәрежеде білім алудың өзі үлкен сауаттылық саналатын көрінеді.

Әкем араб әрпі негізінде Ахмет Байтұрсынов құрастырған төте жазуды еркін меңгерумен бірге, ескі араб жазуларын да (жәдид, қадым) жақсы білетін. 1932 жылдың 12 сәуірінде Қармақшы ауданында «Екпінді» газеті шыға бастағанда әкем Сахи онда ең алғашқы жауапты хатшы болып қызмет атқарған. Газеттің бастапқы сандарының латын әрпімен басылып шығарылғаны белгілі. Әкемнің бұл әріп түрін де өте сауатты меңгергенін байқауға болады.

Отызыншы жылдардың аяқ кезінде МТС-тардың жанынан саяси бөлім құрылып, оның дербес газеті шығарыла бастаған-ды. Сол жылдары Қаракеткен үлкен қоныс орны болып, ондағы МТС саяси бөлімінің органы «Колхозшы» газеті шыға бастады. Әкем С.Жарылқасынов сол газеттің алғашқы редакторы болып қызмет атқарған. Газеттің жауапты хатшысы болып Жалағаш ауданының белгілі азаматы Мөрәлі Шәменов қызмет еткен.

Соғыс жылдарында Қармақшы аудандық «Қызыл ту» газетінің редакторы болып 1949 жылға дейін қызмет атқарды. Әкем Сахи Жарылқасыновтың журналистика саласындағы өмір жолын қысқаша айтсақ, осындай.

Сөз жоқ, әке тәрбиесінің бала үшін әсер-ықпалы зор. Менің баспасөзге құмарлығым мектептің бастауыш сыныптарында оқып жүргенде-ақ басталған күні кешегідей есімде. 50-ші жылдардың бас кезінде 6-шы ауылдағы Абай атындағы 7 жылдық мектепте оқып білім алдым. Ұмытпасам, 1953 жылдың көктемі болар. Республикалық «Қазақстан пионері» газетіне тұңғыш мақалам шықты. Мақалада мектеп балаларының спорт жарыстарындағы сүйсінерліктей жетістіктері баян етілген-ді. Кейінірек жоғары класстарда оқып жүргенімде облыстық «Ленин жолы» газетінің беттерінде мақалаларыммен бірге шағын этюдтерім жарық көре бастады. Бұл менің журналистикаға деген қызығушылығымды арттыра түскен жылдар еді.

Баспасөздегі қызметім 1958 жылдың шілде айында аудандық «Қызыл ту» газетінде әдеби қызметкер болудан басталды. Кейінірек осы газетте жауапты хатшы қызметін атқардым. Газет жабылып қалған жылы (1962 ж) республикалық «Социалистік Қазақстан») газетінде шамалы уақыт корректордың көмекшісі болып жұмыс істедім. Ол кезде мен ҚазГУ-дың сырттан оқытатын бөлімінің студенті едім.

1965 жылы ҚазГУ-дың филология факультетінің журналистика бөлімін, 1971 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітіріп, журналистика саласындағы білімімді терендете түстім. 1975-1995 жылдар арасында облыстық «Сыр бойы» газетінің Жалағаш, Қармақшы аудандарындағы меншікті тілшісі болып, жиырма жылға жуық уақыт қызмет атқардым. Баспасөздегі азды-көпті еңбегіме орай ВДНХ-ның (Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі) кола медалімен марапатталдым. Қыздарым жоғары білім алып, оқу-ағарту, медицина салаларында қызмет атқарып жүр. «Ұлым – ұяда, қызым – қияда» дегендей, олардан әрбіген ұрпақтардың қызығына кенеліп отырған күндерімді ең басты байлығым мен бақытым деп бағалаймын.

● БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

**Мемлекеттің басты байлығы – адам десек, дені сау адам ғана ел қазынасы, ұлт болашағы бола алатыны белгілі. Бүгінде дерттің түрі көп. Заман жақсарып, техника дамып, мүмкіндіктер молайып жатса да, көбісінің дауасын таба алмай дал болудамыз. Солардың бірі – Вич/Спид ауруы.**

**XX ғасырдың індеті атанған Вич/Спид, яки, адамның иммунитет тапшылығының вирусы және жұқтырылған иммунитет тапшылығының синдромы төңірегіндегі қорқыныш уақыт өткен сайын үдей түсуде. Емі табылу былай тұрсын, жыл сайын оның шырмауына миллиондар шырмалуда. Өрімдей жастар, неше бір тағдырлар тажал құрбанына айналу үстінде. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, осы күнге дейін 40 млн-дан астам адам ЖИТС ауруын жұқтырған. Көбінесе бұл дертке 20 мен 49 жас аралығындағы жандар шалдығады екен. Ендеше, атынан адам үркетін тажал тарихы қайдан басталған? Жалпы, емі жоқ дерт туралы не білеміз?**

# ҒАСЫР ТАЖАЛЫНА ТОСҚАУЫЛ – АДАМЗАТТЫҢ МІНДЕТІ

**Айнұр БАТТАЛОВА**



Мәліметтерге жүгінсек, ЖИТС (СПИД) ауруының алғашқы оқиғасы 1981 жылы АҚШ-та гомосексуалистер арасында тіркелген. Алғашқы жылы жеті адам тіркелсе, келесі жылы олардың саны 166-ға жеткен, әрі қарай ауру көрсеткіші жарты жыл сайын 2-3 есеге көбейе бастайды. Мәселен, 1984 жылы ауруға шалдығушылар саны 7000 болса, 1985 жылы бұл көрсеткіш 20 мыңға бір-ақ секіріп, олардың 50 пайызы «о дүниелік» болып үлгереді. 1982 жылы алғаш рет СПИД термині пайда болды. 1983 жылы француз Люком Монтанье мен американдық Роберт Галло ауру қоздырғышы туралы мәлімет айтып, оған Вич деген атақ тағылды. Ал, 1986 жылы бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы СПИД ауруына төмендегідей түсінік берді. Бұл ауру адамдардың HIV вирусы жұғуынан ағзада туатын иммунитет функциясының кемдік ауруы, әсіресе, жасушаның иммунитет қызметінің бүлінуі, Т4 лимфа жасушасының азаюын негізгі белгісі еткен жалғасты инфекциялану болып табылады. СПИД-тің жұғу жолдары да әртүрлі. Солардың ішінде жыныстық қатынас арқылы жұғу ең басты жұғу жолы болып табылады. Сонымен бірге қан арқылы да тарайды. Яғни, СПИД ауруының вирусы бар кісілердің қаны арқылы немесе қан жасамаларын құюдан, сондай-ақ, анадан балаға жұғады. нақтырақ айтқанда, СПИД ауруымен ауырған немесе тасымалдаушы жүкті әйел індетті іштегі балаға жұқтырады және балаға ана сүтімен беріледі.

Міне, ғасыр тажалы саналатын бұл сырқат бүгінде барлық елдің үрейін ұшырып отырған басты медициналық, әлеуметтік әрі саяси мәселе екені белгілі. Ұлтының болашағын, елінің ертеңін ойлаған мемлекет ең алдымен тұрғындарының саулығына алаңдамақ. Себебі, дені сау адам ғана жарқын болашақ иесі бола алады. Біздің елімізде де қазақстандықтар денсаулығын қорғау мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, соның негізінде көптеген ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мәселен, бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басты бағыты қазақстандықтардың өмір сүру жасын ұлғайту екені белгілі. Бұл орайда, әрине, СПИД дертіне қатысты да бірқатар шаралар бар. Аталған аурудың алдын алу бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар жетерлік. Десек те, мамандар біздің елімізде АИТВ жұқпасының індеттік ахуалы жылдан жылға күрделеніп бара жатқандығын айтып дабыл қағуда. Деректерге сүйенсек, Қазақстан республикасында бірінші АИТВ жұқпасы 1987 жылы тіркелген. Оның таралу деңгейінің ең жоғары көрсеткіші Алматы қаласының (201,8) үлесінде болса, ізінше Павлодар (170,1) және Қарағанды (141,2) облыстарында тіркелген. Соңғы мәліметтер бойынша ТМД елдері арасында 5 орында тұрған біздің мемлекетте 20509 адамнан аталған ауру жұқпасы анықталған. Тіркелгендердің 61,5 пайызын инъекциялық есірткі тұтынушылар, 32,4 пайызын жыныстық қатынас арқылы жұқтырғандар құрап отыр. Ауру жұқтырғандардың 42 пайызы 20-29 жастағылардың үлесінде. Сондай-ақ, ер адамдардың үлесі әйелдерге қарағанда 2,5 есе жоғары болуда. Тағы бір айта кететін жайт, аталған дерттен қайтыс болғандар саны республика бойынша 1802 болса, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар саны 83-ке жеткен. Қазіргі кезде республикамызда ЖИТС-тен қорғану жұмыстарын атқаратын 18 орталық, 64 зертхана бар. Олардың жұмыс бағыттары біріншіден, вирус жұқтырған адамдарды іздестіру болса, екіншіден, науқасты дәрігерлік бақылауға алып, вирустың әрі қарай дамуына жол бермеу.

Жаңа айтып өткен көрсеткіштерде біздің өңіріміздің де өз «үлесі» бар. Яки, дүниежүзін жайлаған дерттен өзге аймақтар секілді Сыр елінің де сырт қалмай отырғанын сала мамандары жасырмайды. Осы орайда «ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес» жөніндегі облыстық орталығы қызмет көрсетуде.

1992 жылы негізі қаланған бұл орталықта үш бөлім, атап айтқанда, емдік көмек, эпидемиологиялық бақылау және зертхана бөлімдері жұмыс жасауда. Сонымен бірге, Қазалы және Шиелі аудандарында орталықтың филиалы жұмыс жасайды. Онан өзге психологиялық көмек көрсететін кабинеттер бар. Орталық мамандарының мәліметтеріне сүйенсек, Қызылорда облысында АИТВ инфекциясының алғашқы оқиғасы 1990 жылы тіркелген болса, қазіргі таңда дерт жұқтырғандардың жалпы саны 83-ке жеткен. Қайтыс болғандардың саны - 14 болса, оның төртеуінің ажалы СПИД-тен болған. Ағымдағы жылдың тоғыз айында 9 адам тіркелген. Оның 20 -29 жас арасындағысы — 3, 30-39 жас арасындағысы — 1, 40-49 жас арасындағысы — 3 болса, 50-59 жас аралығындағы —1, 60 жастағысы — 1.

— Өткен жылы түрменің жабылуына байланысты науқастар саны азайды. Алайда соңғы жылдары індетке тап болғандардың жасарып бара жатқаны бізді алаңдатады, яғни аталған ауру жастар арасында кеңінен етек алуда,— дейді орталықтың эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің меңгерушісі Дина Қарымсақова бізбен әңгімесінде. Сонымен қатар, инфекция жұқтырған әйелдердің көбісі бала туу жасындағы қыз-келіншектер екен. Олай болса, бұл да болашағын ойлаған, кемел келешек көксеген ел үшін өте өзекті мәселе, тіпті қорқынышты жағдай екені айтпаса да түсінікті.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, АИТВ/ЖИТС аурулары жыл өткен сайын белең алып, оны жұқтырушылар саны кемігені былай тұрсын, асқан жылдамдықпен артып отырғаны дерек көздерінен белгілі болуда. Себебі, дерттің нақты дауасы әлі күнге дейін табылмай отыр. Сондықтан мамандар алдында тұрған нақты міндет аурудың алдын алу, оның адам өміріне келтіретін қасіретін, кері әсері мен зиянын тұрғындар арасында түсіндіріп, аурудан сақтануға үндеу болып табылады. Осы мақсатта орталық мамандары түрлі бағыттарда жұмыстар атқаруда. — Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұйғарымына сәйкес бұл індеттің алдын алу шаралары негізінен төрт бағытта жүргізіледі. Біріншіден, жыныстық қатынас арқылы таралудың алдын алу. Әрине, жыныстық қатынасты шектеу немесе оған тыйым салу мүмкін емес, сондықтан біз ең алдымен сақ болуды насихаттаймыз. Жыныстық жолмен берілетін жұқпаларды анықтау мен оны емдеу маңызды рөл атқарады,— дейді Дина Смағұлқызы. Бұл орайда мекемеде «Достық» кабинеті жұмыс жасайды екен. Онда өз еркімен келген жастар мен халықтың АИТВ жұқтыруға бейім осал топтары тексеріледі және олардың белгілері болғанда тегін ем алады. Инфекцияның алдын алу үшін егетін вакцина болмағандықтан тұрғындар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу, басқа да түрлі шаралар өткізу жоспарланған.

Екінші бағыт бұл — қан арқылы таралудың алдын алу. Бұл бойынша ең басты жұмыстардың бірі инъекциялық есірткі тұтынушылар арасында шприц алмастыру немесе мінез құлқы қатерлі топ өкілдері арасында «Зияндылықты сейілту» бағдарламасы жүзеге асырылады. Осы топтар үшін орталықта «СПИД-Көмек-Қызылорда» қоғамдық бірлестігі, бір стационарлық және жылжымалы сенім пункттері қызмет көрсетуде. Үшіншісі, анадан балаға берілудің алдын алу. Екіқабат әйелдерді екі реттен АИТВ-ға қарсы тексеруден өткізу, жұқтырған жүкті әйелдерді дер кезінде «Д» есепке алып, профилактикалық ем жүргізу, туылған балаға да профилактикалық ем жүргізу шараларын қолдану. Соңғысы, АИТВ жұқтырғандарға білікті медициналық көмек, әлеуметтік қолдау көрсету.

Жоғарыда біз аурудың негізгі үш түрлі жұғу жолы бар екенін айтып өттік. Жасыратыны жоқ, көпшілігіміз аталған ауру жайында естігенімізде науқасқа жолап кетсек болды ауруы жұғып қалатындай үрке қараймыз. Осыған орай пікірлер де екіге жарылады. Біріншісі, мұндай науқастарды қоғамнан аластап, оңаша ұстау керек десе, екіншісі, керісінше, ондай адамдарды қайта ортаға тартып, бөле жармай, өзгелермен тең көру керек дегенді айтады. Әрине, ешкім ауруды тілеп алмайтыны белгілі. Сондықтан бұған да түсіністікпен қарап, мүмкіндігінше қол ұшын созу керек сияқты. Өйткені, ЖИТС ауруы күнделікті қарым-қатынаста, атап айтқанда, жөтелу, түшкіру, қол алысу, сүйісіп сәлемдесу, ортақ ыдыспен тамақтану арқылы жұқпайды. Мамандардың айтуынша, науқасқа шалдыққан адамда алғашқы мезгілде үнемі себебі белгісіз қызу болып, басы айналып ауырады. Сонымен бірге буындары қақсап ауырады, теріге бөртпе шығады. Бүкіл дене бездері ісініп, адамның іші өтіп, арықтай бастайды. Ағзадағы ақ клетка төмендейді, лимфа клеткасы, қан пластинкасы азаяды, ауыз қуысында ақ дақ пайда болады. Оған қоса жүйке жүйесінің қызметтері бұзылып, тепе-теңдік сақтау қабілетінен айырылады. Міне, бұл өзгерістердің бәрі аталған аурудың алғашқы әрі негізгі белгілері болып табылады. Дәрігерлер қазіргі таңда АИТВ жұқтырғандарға жоғары активті антиретровирусты ем қолданылатынын айтуда. Ем арқылы науқастың ағзасында вирустың көбеюі тежеледі, аурудың өршуі тоқтайды. Соның нәтижесінде АИТВ жұқтырғандардың өмір сүру мүмкіндігі жақсарады, өмір жасы ұзарады.

Халық даналығында «ауырып ем іздегенше ауырмаудың жолын ізде» деген әдемі нақыл бар. Сондықтан да аурудың алдын алып, онымен күресу басты мақсат. Бұл орайда түрлі шаралар ұйымдастырып, өткізу жолға қойылған. Мәселен, 1 желтоқсан – дүниежүзілік ЖИТС-қа қарсы күрес күні деп белгіленіп, осының аясында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы бағдарламалары бар. Жалпы, БҰҰ-ның бас ассамблеясының 2011-2015 жылдарға арналған АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу бағытында қабылданған декларациясында көптеген жаһандық міндеттер атап көрсетіліп, оны жүзеге асыру тапсырылған. Ондағы басты міндеттің бірі жаңа АИТВ инфекциясын болдырмау. Бүгінгі таңда біздің елімізде де аталған індеттің алдын алу үшін білімді мамандар, дәрі-дәрмектер, құрал-жабдықтар жеткілікті. Алайда, ғасыр тажалына қарсы тұруға байланысты тұрғындардың білімін көтеріп, олардан аулақ болуға арналған ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жандандыру мәселесі күн тәртібінен түспеуі керек. Мамандардың мәлімдеуінше, осы бағытта жасалып жатқан жұмыстар бойынша біздің облыста оң нәтижелер қалыптасуда. Мәселен, АИТВ инфекциясының індеттік ахуалы аймақта тұрақты түрде бастапқы сатыда қалса, облыста соңғы бес жылда тұрғындарды тестілеу, мінез-құлқы қатерлі топ өкілдерінің профилактикалық бағдарламамен қамтылу көрсеткіштерінің өсу үдерісі байқалуда. Сонымен қатар, инъекциялық есірткі тұтынушылар арасында АИТВ жұқпасының таралуын 6 пайыздан асырмау керек болса, облыста бұл көрсеткіш 1 пайызды құрап отыр. Сондай-ақ, әртүрлі топ өкілдерінің аталған індет жөніндегі ақпараттану деңгейі соңғы бес жылда төмендегідей болған: мектеп оқушылары 78 пайыздан 90 пайызға; колледж студенттері 83-тен 91; жоғары оқу орындарының студенттері 83-тен 92 пайызға жетсе, мұғалімдердің ақпараттану деңгейінің 87 пайыздан 95 пайызға өскені байқалуда.

Айта кететін бір нәрсе, біз әңгіме етіп отырған АИТВ/ЖИТС ауруларының вирусы нақты қайдан, қалай келгені жөнінде мәліметтер өте көп, патогенезінде де көптеген қарама қайшылықтар бар, сол секілді клиникалық даму барысында да түсінбейтін дүниелер баршылық. Бізге белгілісі, жоғарыда айтып өткеніміздей, осы уақытқа дейін ағзаны вирустан толық тазартатын дәрілердің, алдын ала егетін вакцинаның әлі күнге дейін шығарылмай отырғаны, Олай болса, «ғасыр тажалымен» күресу бір ғана мекеменің ісі емес, бұл бүкіл әлем жұртшылығының жұмыла істейтін ісі екені белгілі. Ал, «сақтансаң, сақтаймын» дегендей, қарапайым тұрғын үшін ең бастысы осындай қауіпті індеттің бар екенін естен шығармау.

# МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРЫЛАТЫН ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1358 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330520036029 | РАХЫМБАЕВА ГУЛНУР МАМЗАДАЕВНА | 8,0041E+11 |
| 1359 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018941906 | РИЗВАНОВА ЗАРИНА САХАБИЕВНА | 790501401516 |
| 1360 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018903133 | РСАЛИЕВА НУРСУЛУ ЖАЗЫКБАЕВНА | 550830400697 |
| 1361 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018841910 | РСБАЕВ РУСЛАН ДЖАНУЗАКОВИЧ | 771207302310 |
| 1362 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010340103 | РСДАУЛЕТОВ РСПЕНБЕТ | 6,31016E+11 |
| 1363 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017965704 | РУБАН ВАЛЕНТИНА ИВАНОВНА | 360210403145 |
| 1364 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018874136 | РУСТЕМОВ ДАУЛЕТ ЖУСУПОВИЧ | 830423301586 |
| 1365 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010091417 | РУСТЕМОВ ЖУСУП | 5,01003E+11 |
| 1366 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120311468 | РУСТЕМОВА ГАЛИЯ ЕРГАЛИЕВНА | 8,5093E+11 |
| 1367 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012137090 | РШАЕВА ЖУПАРКУЛЬ МАМЫТХАНОВНА | 7,51119E+11 |
| 1368 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120024515 | РЫЛКИН ВИКТОР АЛЕКСАНДРОВИЧ | 6,40509E+11 |
| 1369 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330910911955 | Рысбаев Аймахан Исаханұлы | 7,10513E+11 |
| 1370 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330510221095 | РЫСБАЕВ МАРАТ ЖАНАБАЕВИЧ | 6,40425E+11 |
| 1371 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017882032 | РЫСМАГАМБЕТОВ РАШИД БАХИТЖАНОВИЧ | 660602301394 |
| 1372 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010659015 | РЫСМАХАНОВА БОТАГОЗ ШЫМПАТОВНА | 691209400861 |
| 1373 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018860180 | САГИНДИКОВ БУКЕНБАЙ ЖИЕНБЕКОВИЧ | 620702301033 |
| 1374 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010784111 | Сагынтаев Ергеш Конакбаевич | 741119302476 |
| 1375 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010762231 | Садвакасов Серикбол Жилкайдарович | 560816300597 |
| 1376 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010777438 | САДИБЕКОВА АЙТКУЛЬ СЕИЛБЕКОВНА | 761219401681 |
| 1377 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012208335 | САДЛАЕВ ЖЕТКЕРГЕН | 5,50409E+11 |
| 1378 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010123870 | САДУАКАСОВ АМАНГЕЛДЫ | 5,2083E+11 |
| 1379 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018949318 | Садыков Касим | 500401301756 |
| 1380 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710129344 | САДЫКОВ ТИМУР КОКАНБАЕВИЧ | 4,00522E+11 |
| 1381 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120247440 | САДЫКОВА НУРЖАМАЛ АТОЛЛАЕВНА | 8,20626E+11 |
| 1382 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010317483 | САДЫКОВА СВЕТЛАНА | 6,20727E+11 |
| 1383 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330410999609 | САДЫҚОВ НҰРЛАН НҰРТАЗАҰЛЫ | 6,50101E+11 |
| 1384 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010763218 | САИМОВ НУРЛАН МАЛИКАЖДАРОВИЧ | 680404302518 |
| 1385 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012182118 | САКТАГАНОВ АЛМАТ ЖЕТПИСБАЕВИЧ | 6,10617E+11 |
| 1386 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012142988 | САКТАГАНОВ БОЛАТБЕК КЕНИШТАЕВИЧ | 6,50329E+11 |
| 1387 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010226508 | САКТАГАНОВА САРСЕНКУЛЬ | 5,60202E+11 |
| 1388 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018963104 | САКТАПБЕРГЕНОВА ДИНА АМАНГЕЛОВНА | 761021401396 |
| 1389 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017933514 | САЛАМОВ ИЛЬХОМ АМИРЖАНОВИЧ | 820811301008 |
| 1390 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010657393 | САЛХАДИНОВ МУРАТБЕК САГАТАЛИЕВИЧ | 741212302154 |
| 1391 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010183380 | САМЕНОВ БАЛТАБАЙ | 4,71223E+11 |
| 1392 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012241711 | Санаева Айнур Издибаевна | 8,10628E+11 |
| 1393 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012242555 | САНАХОВА ЭЛЬМИРА ТОКТАСЫНОВНА | 7,90807E+11 |
| 1394 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012079320 | САНДЫКБАЕВА МАРЕШ АБДИБЕКОВНА | 5,80707E+11 |
| 1395 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017897921 | САПАРОВ ЖУМАМУРАТ ЖУБАНЫШЕВИЧ | 701114301929 |
| 1396 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012179349 | САПАРОВА ГУЛЬЗАТ БАЗАРБАЕВНА | 7,70617E+11 |
| 1397 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017782333 | Саражаддинов Кудират Алвадинович | 6,60418E+11 |
| 1398 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010077840 | САРБАСОВ КАЛМУРАТ МАКУЛБАЕВИЧ | 5,60206E+11 |
| 1399 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017974828 | САРИЕВ БЕГАЙДАР СЕРМАХАНОВИЧ | 530417301808 |
| 1400 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017946681 | САРИЕВ ТАЛАПБЕК АЖИБЕКОВИЧ | 480915302247 |
| 1401 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012478163 | САРИЕВА АКТОТЫ ОЙНАРОВНА | 7,30406E+11 |
| 1402 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710184127 | САРСЕНБАЕВ МАКСУТ САРСЕНБАЕВИЧ | 7,60731E+11 |
| 1403 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010355464 | САРСЕНОВ АЙТЖАН | 3,5051E+11 |
| 1404 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017947019 | САРСЕНОВ СЕРИКБАЙ ИЛЬЯСОВИЧ | 530202300870 |
| 1405 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017924416 | САРСЕНОВА ЖИБЕК | 300815401543 |
| 1406 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018845374 | Сартаев Жагиппар | 801128301193 |
| 1407 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012302882 | САРТАЕВ МИРАМБЕК ЖОЛЫМБЕТОВИЧ | 7,4123E+11 |
| 1408 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330820007763 | Сартаев Муратбай | 5,9091E+11 |
| 1409 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 582310859958 | САРЫБАЕВА МАДИНА САБИТОВНА | 650606400779 |
| 1410 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010664594 | САТБАЕВ БАХЫТБЕК | 631022301715 |
| 1411 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010073804 | САТБЕНБЕТОВ БЕЙБИТ КАПБАРБАЕВИЧ | 4,2062E+11 |
| 1412 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012461675 | САТКЕЕВ МАРАТ БЕКМУРАТОВИЧ | 5,70504E+11 |
| 1413 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017868554 | САТКОЖАЕВ КОРГАНБЕК АУБАКИРОВИЧ | 670425302520 |
| 1414 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 600411977116 | САТМАГАМБЕТОВ РУСЛАН АУЕСХАНОВИЧ | 810526300633 |
| 1415 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010537832 | САТТЫБАЕВ АБДУЛЛА ХАЛЫКБЕКОВИЧ | 650920302756 |
| 1416 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018924631 | СӘДУАҚАСОВ ҒАЛЫМБЕК АСЫЛБЕКҰЛЫ | 740904301175 |
| 1417 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010598108 | СЕИТИМОВ КАЙРАТ ЖАРЫЛКАСЫНОВИЧ | 711025301342 |
| 1418 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018895315 | СЕИТМУРАТОВ АСАН ЖАСАРАЛОВИЧ | 681026301617 |
| 1419 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017983411 | СЕИТОВА НАРГИЗА ШИМБАЕВНА | 670118401084 |
| 1420 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017835470 | СЕЙДАХМЕТОВА АКСУЛУ | 5,00507E+11 |
| 1421 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017954275 | СЕЙЛБЕК ЛӘЗЗАТ КАМАЛХАНҚЫЗЫ | 770831403117 |
| 1422 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012478339 | СЕЙЛБЕКОВ НУРЛАН ШАМШИМУРАТОВИЧ | 6,80116E+11 |
| 1423 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017845609 | СЕЙЛОВ ЕРЛАН КУРМАНГАЛИЕВИЧ | 6,61113E+11 |
| 1424 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010183489 | СЕЙЛХАНОВА БАУЖАН | 4,30707E+11 |
| 1425 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017900628 | СЕЙТЕКОВ СЕЙДУЛЛА ЖУСИПОВИЧ | 630827300730 |
| 1426 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010605973 | СЕЙТЖАНОВ БАТЫРБАЙ СЕЙТЖАНОВИЧ | 530514301855 |
| 1427 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018888851 | СЕЙТКАСИМОВ ТАЛГАТ МАРАТОВИЧ | 760127302311 |
| 1428 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010782060 | Сейткасымова Алия Калдыбековна | 740411402576 |
| 1429 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710160680 | СЕЙТМАГАНБЕТОВ БАГДАТ СЕЙТМУРАТОВИЧ | 7,20405E+11 |
| 1430 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710024930 | СЕЙТМУРАТОВ СЕЙТБЕК ЕШМАГАНБЕТОВИЧ | 7,40125E+11 |
| 1431 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018932710 | СЕЙТОВ АРМАН АЙДАРХАНОВИЧ | 710815301542 |
| 1432 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017781874 | СЕЙТОВ НУРИМГАЛИ ЖУМАНГАЛИЕВИЧ | 6,40728E+11 |
| 1433 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010536845 | СЕЙТХАНОВ ЖАНИБЕК ТАУЕКЕЛОВИЧ | 781028300472 |
| 1434 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010321107 | Сейтымов Ибадулла | 7,0062E+11 |
| 1435 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010507016 | СЕКСЕМБАЕВА АЙШАГУЛЬ КАМБАРБЕКОВНА | 610306402192 |
| 1436 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012474105 | СЕКСЕНБАЕВ АЙЖАРЫК | 5,40324E+11 |
| 1437 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012121116 | СЕКСЕНБАЕВА АЙЖАМАЛ | 4,00901E+11 |
| 1438 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010662730 | СЕРАЛИЕВ НУРЛАН МНАЙДАРОВИЧ | 571121301066 |
| 1439 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012308342 | СЕРАЛИЕВА САРСЕНКУЛЬ САЙЛАУОВНА | 5,80923E+11 |
| 1440 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018886140 | СЕРИКБАЕВ АСЫЛХАН БОСТАНОВИЧ | 580928302744 |
| 1441 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012166512 | СЕРИКБАЕВ ЖАКСЫБАЙ КЕНЕСОВИЧ | 5,81214E+11 |
| 1442 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012462475 | СЕРИКБАЕВ КУАНЫШБЕК БУРИБАЕВИЧ | 6,31001E+11 |
| 1443 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330320021782 | СЕРМАГАНБЕТ БАГДАТ ОҢДАСЫНҰЛЫ | 7,30318E+11 |
| 1444 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330413283780 | СЕРПЕНОВА МАЙРА КЕЛДИБАЕВНА | 8,10524E+11 |
| 1445 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018979045 | Сиздикова Улбазар | 570101405945 |

**(Басы №136-137, 140-141, 144-145, 152-153, 155-156 сандарда)**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1446 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010811618 | СИНАЕВА РЗУАН | 590323402169 |
| 1447 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017856099 | СИСЕНБАЕВ САБИТ ТОМШАБАЕВИЧ | 560126301772 |
| 1448 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018945183 | СИСЕНКУЛОВ ЕРЛАН КАРЖАУБАЕВИЧ | 731216302223 |
| 1449 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018003279 | СИСЕНОВ БЕРДИБЕК ЖОЛАНОВИЧ | 630905302502 |
| 1450 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010777163 | СМАГАНБЕТОВ ЕСЕНГАЛИ КАЛЖАНОВИЧ | 740228300757 |
| 1451 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010496707 | СМАГИН ОЛЕГ ГЕННАДЬЕВИЧ | 620323302636 |
| 1452 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012461884 | СМАГУЛОВ МАРАТ ЕСКАЛИЕВИЧ | 4,01228E+11 |
| 1453 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018905756 | Смагулов Серик | 820330301836 |
| 1454 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018930493 | СМАЙЛОВ НҰРЖАН СЛАМҰЛЫ | 780707301518 |
| 1455 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017860185 | СМАТОВ ЖАРКИНБЕК АЛТЫНБАЕВИЧ | 660109302015 |
| 1456 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010361491 | СМАТОВА БАКТЫГУЛ | 5,91223E+11 |
| 1457 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010494472 | СОСАЕВ АБДРАХМАН ВАГАПОВИЧ | 551029300708 |
| 1458 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010608032 | СПАНОВ МИРАМБЕК АКБАРОВИЧ | нет |
| 1459 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012145542 | СУГИРАЛИЕВА ГУЛЬНАР | 6,20219E+11 |
| 1460 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010612712 | СУГРАЛИЕВ БЕЙБИТ АБЕНОВИЧ | 681110300655 |
| 1461 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012102692 | СУЙИНОВ МУРАТ ЖОМАРТОВИЧ | 6,90101E+11 |
| 1462 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010144015 | СУКЕНОВА РОЗА | 6,01212E+11 |
| 1463 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010165645 | СУЛЕЙМАНОВА ВЕРА | 5,60216E+11 |
| 1464 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017846377 | СУЛЕЙМЕНОВ БОЛАТ КАЮПОВИЧ | 7,00421E+11 |
| 1465 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010346069 | СУЛЕЙМЕНОВ ЖАЙЛАУБЕК | 5,80806E+11 |
| 1466 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018898320 | Сулейменов Кыдырбек | 611221301872 |
| 1467 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010178647 | СУЛЕЙМЕНОВА АЙГУЛ | 6,60917E+11 |
| 1468 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010743917 | Сулейменова Жолдан | 420620400837 |
| 1469 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012071655 | СУЛЕЙМЕНОВА КЫДЫРКУЛЬ ТУЛЕНОВНА | 5,7082E+11 |
| 1470 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017906682 | СУЛЕЙМЕНОВА ПЕРИЗАТ НЫСАНБАЕВНА | 571021401930 |
| 1471 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710121404 | СУЛИЕВА БАГДАТ БИЖАНОВНА | 6,90403E+11 |
| 1472 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120184823 | СУЛТАНОВ СЕРИКЖАН БАКЫТЖАНОВИЧ | 8,50706E+11 |
| 1473 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018890028 | СУЛТАНОВА АЛТЫНКУЛЬ | 490828401650 |
| 1474 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330410205793 | СУЛТАНОВА БАКАРКУЛЬ АЛИЯКБАРОВНА | 6,00309E+11 |
| 1475 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120155192 | СУПЫГАЛИЕВ АИП ИСЛАМОВИЧ | нет |
| 1476 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120322276 | СУТТИБАЕВА КАМШАТ АРТИКБАЕВНА | 8,41109E+11 |
| 1477 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012152952 | СУХАШЕВА ЗАДАШ | 4,50606E+11 |
| 1478 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010369013 | СУЮНДИКОВ АЛИМЖАН | 5,21215E+11 |
| 1479 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710191713 | СУЮНДИКОВ БАХТЫБАЙ КАРЖАУБАЕВИЧ | 6,00219E+11 |
| 1480 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330810375157 | Сүйіндік Қалдыгүл Әбдіғаппарқызы | 6,80831E+11 |
| 1481 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018976689 | СҮЛЕЙМЕНОВ ЕРКІН ЖҮСІПҰЛЫ | 751119301985 |
| 1482 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018953790 | СҮЛЕЙМЕНОВА ЖҰЛДЫЗ ЖАҒЫПАРҚЫЗЫ | 760930401781 |
| 1483 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017916877 | СҰЛТАН СӘБИТ ЖЕҢІСҰЛЫ | 810322302422 |
| 1484 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017794469 | СҰЛТАНКЕЛДІ БАҚЫТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ | 8,11012E+11 |
| 1485 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330413267426 | СҰЛТАНОВА ГҮЛЖАЗИРА ӘЛИЯКБАРҚЫЗЫ | 7,40501E+11 |
| 1486 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710127777 | СЫДЫКОВ ЖОЛДАС ЖУБАНОВИЧ | 7,60131E+11 |
| 1487 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330910949072 | СЫДЫКОВА МЕНТАЙ КАМАЛОВНА | 7,10128E+11 |
| 1488 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010496292 | СЫЗДЫКОВ АЛМАТ МОЛДАХМЕТОВИЧ | 750612302227 |
| 1489 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010795865 | СЫЗДЫКОВ ЖОМАРТ ТУРСЫНБАЕВИЧ | 630206301920 |
| 1490 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010624166 | СЫЗДЫКОВ КАНАТБЕК ТУРИКОВИЧ | 640229300781 |
| 1491 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010530228 | Сыздыков Куанышбек Нагиманович | 730504301456 |
| 1492 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018873598 | СЫЗДЫКОВА БАКЫТЖАН ТУЛЕГЕНОВИЧ | нет |
| 1493 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018873598 | СЫЗДЫКОВА БАКЫТЖАН ТУЛЕГЕНОВИЧ | нет |
| 1494 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010057813 | Сыздыкова Саулекуль Базарбаевна | 6,10101E+11 |
| 1495 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018855547 | ТАБИКАБИЛОВА ГУЛСАРА АКМОЛДАЕВНА | 690531402100 |
| 1496 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010317615 | ТАБИНБАЕВ БАХЫТ | 6,30528E+11 |
| 1497 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017966653 | ТАБЫЛОВ КУМИСБЕК САДЫКОВИЧ | 690201302070 |
| 1498 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010215414 | ТАБЫНБАЕВА АИНАШ | 720126401694 |
| 1499 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018943286 | ТАЖБАНОВА САУЛЕ АУЕЗХАНОВНА | 690909400872 |
| 1500 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018977797 | ТАЖБЕНОВА РАЯ ЖУМАБАЕВНА | 740121402014 |
| 1501 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010325495 | ТАЖИБАЕВ ЖУСУПКАЛИ | 5,30905E+11 |
| 1502 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012304898 | ТАЖИБАЕВА КАЛАМПЫР ЖУСУПКАЛИЕВНА | 8,00816E+11 |
| 1503 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018918692 | ТАЙБЕКОВА ЗАКИРА СЕЙДУАЛИЕВНА | 690216401675 |
| 1504 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330510212250 | ТАЙЛАКОВА ЭЛЛА УРИСТЕМОВНА | 7,31109E+11 |
| 1505 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018940303 | ТАКТАШАВА НАДИЯ САЛИМОВНА | 711224402071 |
| 1506 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010319677 | ТАЛАЛАЕВ НИКОЛАЙ | 6,81022E+11 |
| 1507 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012067022 | ТАЛАПБАЕВА СВЕТЛАНА САРСЕНОВНА | 3,31012E+11 |
| 1508 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010755547 | ТАЛДЫБАЕВ ТЕМИР | 560929300462 |
| 1509 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010517233 | ТАМАБАЕВА ДАМЕГУЛ | 490606401514 |
| 1510 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010570955 | ТАНИБЕРГЕНОВ НУРЛАН СЕРГЕЕВИЧ | 671212301933 |
| 1511 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010323356 | ТАНКИБАЕВА ТУРСИНКУЛ | 4,20529E+11 |
| 1512 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012113456 | ТАНСЫКОВ КАИРАТ ГАЖДЕНОВИЧ | 6,50812E+11 |
| 1513 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010376346 | ТАСБЕРГЕНОВ ТИМУР | 5,50906E+11 |
| 1514 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017949928 | ТАСКАРАЕВА РОЗА БЕСБАЕВНА | 540322401641 |
| 1515 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012225148 | ТАСКАРАЕВА РОЗА ЖУМАГАМБЕТОВНА | 6,60101E+11 |
| 1516 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018926495 | ТАСКИНБАЕВ МУХАНБЕТКАЛИ ДАБЫЛОВИЧ | 500715300274 |
| 1517 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010371928 | ТАСМАГАМБЕТОВ ЖУМАБЕК | 4,21106E+11 |
| 1518 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012063379 | ТАСПАНОВА ГАЛИНА ЖАНАБИЛОВНА | 6,50315E+11 |
| 1519 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012489785 | ТАШКЕНОВА ЖАНАТ БЕРДИБЕКОВНА | 7,91127E+11 |
| 1520 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010617394 | ТАШМАГАНБЕТОВ БЕРИК КАЛДАНОВИЧ | 711118300588 |
| 1521 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017821360 | ТЁ ИГОРЬ ЮРЬЕВИЧ | 7,21016E+11 |
| 1522 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010357240 | ТЁ НАДЕЖДА | 5,00814E+11 |
| 1523 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012101265 | ТЕЛЕУБАЕВА ХАДИША ИБАДУЛЛАЕВНА | 6,80515E+11 |
| 1524 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010581532 | ТЕЛЬЖАНОВА ГАЛИНА ВЛАДИМИРОВНА | 500122401736 |
| 1525 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010748808 | ТЕМИРБЕКОВ ЖАЛГАСБЕК ЗИЯДАЕВИЧ | 570722301398 |
| 1526 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010593162 | ТЕМИРБОЛАТОВА РАЯ ШАФИХОВНА | 380630401166 |
| 1527 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010605492 | ТЕМИРБУЛАТОВ МЕЙРАМБЕК | 720428302628 |
| 1528 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018922481 | ТЕМИРГАЛИЕВА ГУЛЬНАР КУРМАНГАЛИЕВНА | 490213402060 |
| 1529 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018944647 | ТЕМИРКАНОВ ЕРЛАН АЛИБЕКОВИЧ | 810418301357 |
| 1530 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010583121 | ТЕМИРКУЛОВА ЗОЯ КЕЛДИБАЕВНА | 680323401962 |
| 1531 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010383085 | ТЕН АЛЕКСАНДР | 7,70912E+11 |
| 1532 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018952714 | ТЕН ЮРИЙ ПЕТРОВИЧ | 551016301527 |
| 1533 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330510056361 | ТЕНИЗБАЕВ ЖЕНИСХАН КЕЖЕКОВИЧ | 6,60509E+11 |
| 1534 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012215569 | ТЕНИЗБАЕВ КАМАЛБЕК НУРЛЫБЕКОВИЧ | 6,41113E+11 |
| 1535 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010541775 | ТЕРЗАПУЛО ХРИСТОФОР ПАНАЕТОВИЧ | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1536 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018865005 | Тетерева Гульмира | 680717401796 |
| 1537 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010754010 | ТЛЕГЕНОВ САХИ | 490210301931 |
| 1538 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012181846 | ТЛЕУЛЕНОВ МАРАТ ЖУБАНДЫКОВИЧ | 6,01125E+11 |
| 1539 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018913458 | ТЛЕУЛИЕВА ГУЛЬЖАУХАР КОРГАНБЕКОВНА | 751023402105 |
| 1540 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017812449 | ТЛЕУЛИЕВА ЖУЛДЫЗАЙ ИРАНБЕКОВНА | 7,40118E+11 |
| 1541 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018316058 | ТОБАГАБИЛОВА КУНЗАДА ТУРЕБЕКОВНА | нет |
| 1542 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010527076 | Тобашев Улыкбек Махсутбекович | 730612301285 |
| 1543 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012284088 | ТОБАШОВ БАГДАТБЕК МАРАТОВИЧ | 8,00806E+11 |
| 1544 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010805574 | ТОБЫЛБАЕВ АРМАН АЛИМОВИЧ | 790914300021 |
| 1545 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010172494 | ТОКБЕРГЕНОВ КАЙРАТ | 6,8022E+11 |
| 1546 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017962496 | ТОКМЫРЗАЕВ КУЛЫСБЕЙ | 460802300996 |
| 1547 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010383019 | ТОКШЫЛЫКОВ БЕРИКБОЛ | 7,30419E+11 |
| 1548 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330310123714 | ТОЛЫБАЙ КЕРЕЙ | 5,31105E+11 |
| 1549 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010774642 | Толыбекова Назым Сансызбаевна | 631106402131 |
| 1550 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018025049 | ТОМАРОВ КАЛДАН БАЛТАБАЕВИЧ | 760619302326 |
| 1551 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710031141 | ТОПЖАРГАНОВ ЕРЖАН | 5,40115E+11 |
| 1552 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018917972 | ТОРАКБАЕВА АМАНКУЛ | 500525402814 |
| 1553 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017898809 | ТОХБАНОВА НУРСУЛУ МОЛДАХМЕТОВНА | 720913401880 |
| 1554 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010788994 | ТУБАГАБИЛОВА КУНЗАДА ТУРЕБЕКОВНА | 620218402077 |
| 1555 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012178230 | ТУЛЕБАЕВ ЕРБОЛАТ МЫРЗАГУЛОВИЧ | 7,30817E+11 |
| 1556 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010461520 | ТУЛЕБАЕВ МУРАТХАН ПАЛМАХАНОВИЧ | 610831301221 |
| 1557 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010482534 | ТУЛЕБАЕВА ЖАЗИРА | 740119401164 |
| 1558 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012224744 | ТУЛЕГЕНОВ ИГЕНБАЙ КАЛАБАЙУЛЫ | неғт |
| 1559 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012253143 | ТУЛЕГЕНОВ УМИРЗАК | 4,11225E+11 |
| 1560 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017846509 | ТУЛЕГЕНОВА ЗАБИРА | 5,21217E+11 |
| 1561 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 581810574221 | ТУЛЕГЕНОВА КАРЛЫГАШ ЖАШИКБАЕВНА | 821009401156 |
| 1562 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012251174 | ТУЛЕГЕНОВА МИРАМКУЛЬ КУРАЛБЕКОВНА | 6,00606E+11 |
| 1563 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010379516 | ТУЛЕЕВ КОНЫСБАЙ | 6,10411E+11 |
| 1564 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330820198066 | ТУЛЕНДИЕВ ЕРНИС АМАНГЕЛЬДИЕВИЧ | нет |
| 1565 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010529204 | ТУЛЕНДИЕВ СИСЕНБЕК ЖАНУЗАКОВИЧ | 690717301533 |
| 1566 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012292980 | ТУЛЕНДИЕВА РАЙХАН БИСЕНОВНА | 5,3101E+11 |
| 1567 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018912198 | ТУЛЕПБЕРГЕНОВ АСЫЛБЕК СЫЗДЫКОВИЧ | 570312302288 |
| 1568 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017847331 | ТУЛЕПБЕРГЕНОВА ЖАУКАЗЫН ПАЗЫЛБЕКОВНА | 7,9102E+11 |
| 1569 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018913405 | ТУЛЕПОВ АБДУМАЛИК ЭСПУЛАТОВИЧ | 660420303301 |
| 1570 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012058452 | ТУЛЕПОВ АДИЛБЕК | 4,9011E+11 |
| 1571 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010810411 | ТУЛЕПОВА АЙНУР МАРАТОВНА | 770413401851 |
| 1572 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012167972 | ТУЛЕПОВА ЗИНЕКУЛЬ | 4,0112E+11 |
| 1573 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010276174 | ТУМАСОВА НАТАЛЬЯ | 5,80729E+11 |
| 1574 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018912715 | ТУМБАЕВ АЛИК ДЖУМАНЯЗОВИЧ | 680107301822 |
| 1575 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010647594 | ТУМЕНБАЕВА ТАРБИЯ | 360606402506 |
| 1576 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010773468 | ТУРАКБАЕВА ЖАНАГУЛ ЕРГАЛИЕВНА | 610415401781 |
| 1577 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012131586 | ТУРАХМЕТОВА РАЯ САРЖАЕВНА | 5,10401E+11 |
| 1578 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018895755 | ТУРАШЕВА УМСЫН | 460606401678 |
| 1579 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017807442 | ТУРГАНБАЕВ БАЗАРБАЙ | 5,30315E+11 |
| 1580 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010564191 | ТУРГАНБАЕВ БЕКЖАСАР ТАЖИБАЕВИЧ | 491219300707 |
| 1581 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710142715 | ТУРГАНБАЕВА КУЛЬПАРАШ | 5,20606E+11 |
| 1582 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012227529 | ТУРГАНБАЕВА РАЙХАН ИСКЕНДИРОВНА | 6,31015E+11 |
| 1583 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010777867 | ТУРЕБАЕВА МАДИНА ИШАНКУЛОВНА | 561026402171 |
| 1584 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010532523 | ТУРЕМАНОВ ЖАНИБЕК СУЛТАНБЕКОВИЧ | 650729300325 |
| 1585 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010071896 | ТУРЕМУРАТОВ БУЛАТ | 5,70616E+11 |
| 1586 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017917391 | ТУРЕМУРАТОВ ТАЛГАТ БУЛАТОВИЧ | 781022300717 |
| 1587 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120225571 | ТУРЕХАНОВА КУЛЯШ АРИПХАНОВНА | 6,41127E+11 |
| 1588 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710164397 | ТУРЛИЕВА ЛАЗЗАТ | 6,60204E+11 |
| 1589 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710167941 | ТУРМАГАМБЕТОВ ТУРАР ЖАЛГАСОВИЧ | 8,00801E+11 |
| 1590 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017895976 | ТУРМАГАНБЕТОВ АЛЕКСАНДР АЛИМУРАТОВИЧ | 730830300768 |
| 1591 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330910056474 | ТУРМАНОВ МУСАХАН ХАМИДОВИЧ | 5,8011E+11 |
| 1592 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710148593 | ТУРМУРАТОВА ЛЮДМИЛА ЕФИМОВНА | 5,10803E+11 |
| 1593 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017887374 | ТУРНИЯЗОВА НУРСУЛУ | 670316401794 |
| 1594 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710017641 | ТУРСЕКЕЕВ БЕЙБИТ ЖУМАДИЛЬДАЕВИЧ | 6,20725E+11 |
| 1595 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010556663 | ТУРСПЕНБЕТОВА САЛТАНАТ ЖАКСЫЛЫКОВНА | 700607401744 |
| 1596 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017881782 | ТУРСЫНБЕКОВА АНАР КУМИСБАЕВНА | 750519402406 |
| 1597 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330512484896 | ТУРЫМБЕТОВ МЕНДИГАЛИ ТОЙЫМОВИЧ | 7,60413E+11 |
| 1598 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010040698 | ТУСМАГАМБЕТОВ ОСПАН | 2,60515E+11 |
| 1599 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010648064 | ТУСМАГАНБЕТОВ БЕРКИМБАЙ КАЛДЫБЕКОВИЧ | 571014301877 |
| 1600 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710122925 | ТУШКЕНОВ ЕЛУБЕК КУДЕРБЕКОВИЧ | 6,71101E+11 |
| 1601 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010760928 | ТУЯКБАЕВА АЙНУР ЖЫЛКАМАНОВНА | 790318401204 |
| 1602 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120395590 | ТЫНЫМБАЕВ АЙБЕК КАЛДЫБЕКОВИЧ | 8,90606E+11 |
| 1603 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012165481 | ТЫНЫШТЫКБАЕВ БЕКМУРАТ ЕРАЛИЕВИЧ | 5,90205E+11 |
| 1604 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 430120045302 | ТЫШКАНБАЕВ БОЛАТБЕК КУБЕКБАЕВИЧ | 550930300773 |
| 1605 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012496535 | ТЫШТЫКБАЕВА ГУЛЬМИРА ДУЙСЕНОВНА | 7,00415E+11 |
| 1606 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120383740 | ТЮТЕБАЕВ ГАНИ ШУБАЕВИЧ | 8,51002E+11 |
| 1607 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012486230 | Тюякбаева Турганкуль Шауеновна | 4,41114E+11 |
| 1608 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017862918 | ТЯН ВАЛЕНТИН | 540715300772 |
| 1609 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010233434 | ТЯН ДМИТРИЙ | 7,60407E+11 |
| 1610 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017781225 | ТЯН КЛАВА | 5,3032E+11 |
| 1611 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330120023231 | ТЯН УЛЬЯНА АНДРЕЕВНА | 5,61006E+11 |
| 1612 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010227980 | Уалиева Казна | 7,00422E+11 |
| 1613 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012485419 | Удербаев Талгат Бахытович | 7,80402E+11 |
| 1614 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010228680 | УДОВИЧЕНКО ЕВГРАФ | 2,01125E+11 |
| 1615 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330710058605 | УЗАКБАЕВ МАХАТАЙ МАХАНБАЕВИЧ | 5,2112E+11 |
| 1616 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017970198 | УЙКАСБАЕВ РУСТЕМ ОРНАЛИЕВИЧ | 811226301584 |
| 1617 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017948930 | Укибаева Сара | 400101428742 |
| 1618 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018963093 | УКСИКБАЕВ МУРАТ АБДИРАШИМОВИЧ | 611203302258 |
| 1619 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012492554 | УКСИМБАЕВА МАДИНА КАРТАБАЕВНА | 8,01004E+11 |
| 1620 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010748676 | УЛЫКБАНОВ ТИМУР НУРЛЫБАЕВИЧ | 680714300824 |
| 1621 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010614950 | УМАНОВ НУРАШ КОЖАБАЕВИЧ | 700330300124 |
| 1622 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010618623 | УМАРОВА УМУТКУЛ КАМАЛАДИНОВНА | 580220401466 |
| 1623 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010617451 | УМБЕТБАЕВ АХЫЛБЕК КАЛДЫБАЕВИЧ | 630328301607 |

**(Жалғасы бар)**

**Музей – халықтың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өткен мен бүгінді жалғап отырған ғылыми-мәдени, рухани мекемелердің бірі. Музей экспонаттары – халық тарихы мен мәдениетін қамтитын талай замандардың тірі куәлары.**

# ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҚ БАСТАУЫ ҚОҒАМДЫҚ МУЗЕЙДЕ

Заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін жас өрендерге насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беру жолында үлкен жұмыс жасап жатқан қоғамдық музейлердің бірі – И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледж тарихының музейі. Колледж тарихының музейі – ғылым мен білімнің, мәдениеттің қалыптасуына үлес қосып келе жатқан ғылыми-мәдени ошақ. Қоғамдық музей өскелең ұрпақтың тәрбиесіне ықпал етіп, оқушылардың тарихи санасының қалыптасуына үлкен еңбек сіңіруде.

Колледж тарихының музейі – оқу-тәрбиелік және ғылыми-ағарту жұмыстарының көпсалалы құрылымдық бөлімі болып табылады. Музей колледж тарихының түрлі тақырыптарға орай жүйелі дамуының көрсеткіші болып, заман талабына сай білімге сүйене отырып мәдени-тәрбиелік, ақпараттық, азаматтық, отаншылдық оқу ізденуге баулу жұмыстарын жүргізіп келеді. Музей әртүрлі тарихи мұраларды жинап, зерттеп, сақтап, келушілерге ұсыну арқылы оқушылар мен оқытушылардың білімі мен танымын, рухани байлығын арттыруда. И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледж тарихының музейі 2000 жылдың 10 қарашасында колледждің 70 жылдық мерейтойы аясында арнайы ашылған болатын. Колледж оқытушылары мен әдіскері күшімен білім ордасы тарихына байланысты естеліктер, фотосуреттер жинау жұмыстары нәтижесінде музей өз келушілеріне есігін айқара ашты. Мұражай 2 экспозициялық залдан тұрады. Бірінші залда колледждің оқу-тәрбие жұмыстары жөнінде жалпы мағлұмат, яғни кітапхана жұмысы, бітіруші түлектер, материалдық-техникалық жабдықталуы, колледжді сонау уақыттардан басқарып келген басшылар фотосуреттері мен құжаттары, сонымен бірге, оқу орнына 2003 жылы есімі берілген Социалистік Еңбек Ері, қоғам қайраткері И.Әбдікәрімов туралы мәліметтер қойылса, екінші залда тарихи экспозиция орналасқан. Мұнда қазіргі колледжіміздің негізі болған ауылшаруашылық, политехникалық, теміржол колледждерінің тарихы, еңбек және соғыс ардагерлері, колледжден білім нәрімен сусындап шыққан түлектер, яғни қазіргі кезде ел экономикасын дамытуға белсене араласып жүрген Қызылорда облысының құрметті азаматтары турасында мәліметтер орын алған. Сонымен қатар, колледжде оқыған Ауған соғысына қатысқан Б.Шалғынбаев және ҚР спортының биік тұғырынан көрініп жүрген оқушылар туралы толық ақпар берілген. Музейде осы оқу орнында ұзақ жылдар жұмыс жасаған еңбек ардагерлері, Оқу ісі озаттарының еңбектері мен жеткен жетістіктері көрсетілген.

Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінің есімін иеленген қоғам қайраткері Исатай Әбдікәрімовтің туылғанына биыл 90 жыл толып отыр. Білім ордасында аталмыш мерейтой аясында И.Әбдікәрімовке арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Сол мәдени іс-шараларды жүйелеп ұйымдастыруда колледж тарихы музейінің де алатын орны ерек. Қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері туралы толық мағлұмат берілген білім ордасы жанынан ашылған қоғамдық музейде де И.Әбдікәрімов жайында экскурсия-сабақтар өткізіліп, лекциялар оқылып, экскурсиялар қарқынды жүргізілуде.

**Әйгерім БЕКҚҰЛИЕВА.**
**Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері,**
**Әлия НҰРПЕЙІСОВА.**
**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжі музейінің меңгерушісі.**

# ЖҮРЕК АУРУЫНАН САҚТАНЫҢЫЗ

Соңғы уақытта жүрегі ауыратын адамдар күрт көбейіп, дерт үлкен әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Басты алаңымыз – жүрек ауруының жас таңдамай көбейіп, соның ішінде жүрек ишемеясының (ЖИА) алдыңғы қатарда тұрғаны. Жүректің ишемиялық ауруы – жүректегі қан айналымының бұзылуы немесе қажетті шамадан кем болуынан туындайтын созылмалы сырқат. Ишемия сөзі латын тілінен алынған ол ағзаның қанмен және оттегімен қамтамасыз етілуінің бұзылуы, тұншығу деген сөз. Бұл ауруға көбінесе стенокардия, атеросклероз және миокард инфракты сияқты жүрек сырқатының түрлері әсер етеді. Стенокардия-жүректі қоректендіретін күре тамырдағы қан айналымының бұзылуы. Атеросклероз-артерия қабырғасына майдың жиналуы, холестериннің көбеюі, қанның қоюлануы. Осының салдарынан жүрек ишемиясы пайда болады. Оның алғашқы белгісі жүректің ұстамалы түрде қысылуы. Жүрек дертін емдеу, одан арылу адамдардың өздеріне де көп байланысты. Мәселен, зерттеулерге қарағанда, ересектердің 40 пайызға жуығының қан қысымы жоғары. Күре тамырдан жоғары қан қысымы ішкі ағзалармен жүйелерге, жүрекке, бүйрекке кері әсер етіп, зақым келтіруі әбден мүмкін. Жүрек ишемиясының алдын алуда салауатты өмір салтын ұстанудың маңызы зор. Сондай-ақ, майлы, тұзды тамақтардан тартынған жөн. Шылым шегуді тоқтату миокард инфарктісіне ұшырау қаупін 20-50 %-ға кемітеді. Жүректің ишемиялық ауруының қауіпті факторлары бар адамдар аурудың алдын алу жөніндегі дәрігерлік кеңестерді орындап, жыл сайын денсаулығын түзету үшін емханаға барып тексеріліп отырғаны абзал. Денсаулыққа зияны көп аталған факторлардан сақтану әрбір адамның өз қолында. «Жаны саудың – тәні сау» дегенді естен шығармайық.

**Гүлбану САҒИДАТОВА,**
**«Мәдениет» ДА I санатты аймақ мейіркеші.**

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Қызылорда облысының құрылыс басқармасы» мемлекетіттік мекемесі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:**

**1. Қызылорда облысының құрылыс басқармасы басшысының орынбасары (D-O-2).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 125564 теңгеден 169767 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** ведомстволық бағыныстағы аумақтарда Басқармаға жүктелген құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізеді; жергілікті атқарушы органдарға құрылыс жұмыстары бойынша ұсыныстар дайындауға; әлеуметтік сала объектілері құрылысын салу бойынша бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға; белгіленген тәртіпке сәйкес мердігерлік, жобалау және басқа да қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстардың заңнамаларға сәйкес өткізілуіне бақылауға; түрлі келісім-шарттар, оның ішінде мердігерлік жұмыстарға келісім-шартқа отырудың заңнамаларға сәйкес жүргізілуіне және оның орындалуын қадағалауға; тұрғын үй құрылысын салу бойынша жұмыстар мен мемлекеттік тұрғын құрылысы бағдарламасының жүзеге асуы бойынша атқарылатын жұмыстарға жалпы бақылауға; басқарманың стратегиялық жоспарының жобасын әзірлеу, бекіту және жүзеге асырылуына; басқарма бойынша қаржы жоспарлау жұмыстарына басшылық жасап, бюджеттік бағдарламалардың орындалуын қадағалауға; әлеуметтік сала нысандары құрылысының қаржылық-экономикалық мәселелері бойынша қажетті талдау және анықтамалық ақпараттар даярлауға бақылау орнатуға; бюджеттен қаржыландырылған қаржының және бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануына қатаң есеп жүргізілуін бақылауға; басқарманың құрылымдық бөлімдерінің функционалдық міндеттерінің дұрыс және нақты атқаруына, басқарма қызметкерлерінің орындаушылық тәртібіне, мемлекеттік және ішкі тәртіптің дұрыс орындалуына бақылау жасауға; басқарманың міндетіне жататын жұмыстарды жоспарлауға, ұйымдастыру-әдістемелік шараларды даярлау мен орындауға бақылау жасауға; басқарманың ұйымдастыру-құжаттамалық, материалдық-техникалық, ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру мен үйлестіруге басшылық жасауға; басқармаға жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдардың дер кезінде қаралып, оның орындалуына, бақылаудағы құжаттарының дер кезінде және сапалы орындалуына бақылау жасауға міндетті. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да функцияларды іске асырады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- жоғары техникалық (инженер, инженер-құрылысшы) немесе экономикалық білім (экономист);

- жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

2) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) ғылыми дәрежесінің болуы;

4) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Салық кодексі, «Мемлекеттік құпия туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңдарын, «Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығын білу.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Компьютерде жұмыс жасай білуі. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

Конкурс «Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Ремпубликасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының құрылыс басқармасының ғимаратында, **120001, Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев 2 тұйығы, № 1** мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні аралығында **Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев 2 тұйығы, №1 үйде тапсырылады. Анықтама телефондары: 8 (724-2) 30-71-20, 40-06-30.**

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының құрылыс басқармасының конкурстық комиссиясы.**

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға ашық конкурс жариялайды:**

**1. Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау бөлімінің экономист бас маманы (санаты D-O-4)** Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64 063 теңгеден 86 485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** Үш жылдық бюджет жобасын қалыптастыруда емдеу ұйымдарының тапсырған бюджеттік өтінімдерінің Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында қойылатын талаптарға сәйкестігін қарап есептемелеріне талдау жүргізіп ұсынады. Облыстағы денсаулық сақтау нысандарының техникалық жағдайына мониторинг жүргізеді және олар бойынша ұсыныстар әзірлейді. Емдеу-алдын алу ұйымдарының нормативке сәйкес материалдық-техникалық жарақтандыру (медициналық құрал-жабдықтарынан басқа) оның ішінде санитарлық автокөліктермен қамтамасыз етілуі бойынша, қолда барын, қажеттіліктерін анықтап, тиісті есептемелері бойынша бюджеттік өтінімдер дайындайды.

Құрылыс, қайта жаңғырту, күрделі және ағымдағы жөндеуді қажет ететін денсаулық сақтау объектілерінің тізімін қалыптастырады және инвестициялық ұсыныстарды дайындайды. Емдеу-алдын алу ұйымдарымен қажетті құжаттардың әзірленуін және әрі қарай бюджеттік өтінімдердің тапсырылуын қамтамасыз етеді және жиынтығын даярлайды. Құрылыс, қайта жаңғырту, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан объектілердің барысы жайлы ақпараттарды үнемі бақылауда ұстайды.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- Жоғары экономикалық білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Компьютер жұмыс жасай білуі және мемлекеттік тілді меңгеруі міндетті түрде.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар келесі құжаттар тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсынуы конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылған осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасында **120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60 үй, мекен-жайы бойынша өтеді.**

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң екі жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні аралығында **120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 60 үй, №302 каб. Тапсырылады. Анықтама телефондары (8-7242) 40-04-51 (3005, 3006, 3007, 3008, 3009).**

Аталмыш лауазымға орналасқан адам үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының конкурстық комиссиясы.**




## ДҮЙСЕНБІ 11 ҚАРАША

### Қазақстан-Қызылорда
7.40 «Үштаған» 08.30 М/с «Оливер Твист» 09.00 «Балапан» 09.55 Д/с «Қазақ даласының құпиялары» 10.20 Д/с «Музыкант» 10.45 Т/с «Бала күтуші» 11.40 «Ботақан» 12.00 Т/с «Ин Хан патшайымның сүйіктісі» 12.55 «Сәті түскен сұхбат» 13.30 Жаңалықтар 14.05 «Филармония менің өмірімде». Монолог 14.15 «Жаңа күн» 18.00 Жаңалықтар 19.00 Т/с «Ин Хан патшайымның сүйіктісі» 20.00 «Дені саудың – жаны сау» 20.25 «Кәнеки, тілім, сөйлеші!» 20.50 Арнайы репортаж 21.00 «Казахстан-2050». Новая Стратегия развития» 21.30 Жаңалықтар 22.25 Т/с «Аспан аруы» 23.05 Д/ф «Западня» 23.30 «Балам сурет сала алады» к/ф.

### ҚАЗАҚСТАН
7.00 Таңшолпан 08.00, 9.30, 12.30, 17.30, 20.30, 23.55 Жаңалықтар. 09.40. Апта кз. 10.45 Айтуға оңай 11.25 Ғажайыпстанға саяхат 11.45, 17.50, 02.00 Өзекжарды 12.05 EXPO жолы 12.45 Қазақтың қолөнері. 12.55 Дауа 13.25 Ақсауыт 13.55 Әуежай 14.55. Әйел бақыты 15.55 Шыңғысхан 17.00. Менің Қазақстаным 18.10, 03.50 Үй болу қиын 18.55 Еңбек түбі – береке. 19.00. Заң және біз. 21.05 «Айтуға оңай» 21.50 Сар 22.40 Келін 23.25, 03.05 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен» 00.30 Спорт. 00.50 Көкпар 01.30 Кітапхана. 02.15 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен.

### ХАБАР
